

ISSN 1814-6961

**ОТАН ТАРИХЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**ОТЕЧЕСТВЕННАЯ
ИСТОРИЯ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

**HISTORY OF THE
HOMELAND
RESEARCH JOURNAL**

**Үш айда бір рет шығады
2013, № 2 (62)**

Қ ұ р ы л т а й ш ы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Б а с р е д а к т о р ы:

ХАНКЕЛДІ ӘБЖАНОВ

Р е д а к ц и я л ы қ а л қ а:

Р.Абдуллаев (Өзбекстан), М.Асылбеков, Б.Аяған, М.Әбусейітова, С. Әжіғали, Н. Әлімбай,
К.Бұрханов, Б.Байтанаев, М.Ескендіров, Қ. Жұмағұлов, Ғ.Кенжебаев, Б.Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұхтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), Чень Шиамин (Қытай), А. Чубарьян (Ресей)

Бас редактордың орынбасары: С. Рүстемов

Жауапты редактор: Қ. Әлімғазин

Редакторлар: К. Нұрымбетова, З. Төлєнова

Редакцияның мекен жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: 272-68-46

E-mail: kazhistory@ bk.ru

Электрондық мекен-жай: www.iie.kz

*Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-Ж куәлігіне ие болды*

*Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және
басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет*

Мазмұны
Содержание
Contents

Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі
ведомстваралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы 5 маусым 2013 жыл

Тарих толқынындағы халық
(Мемлекеттік хатшы М. Тәжиннің Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі
ведомстваралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында жасаған баяндамасының тезистері).....5

Расширенное заседание Межведомственной рабочей группы
по изучению национальной истории Республики Казахстан 5 июня 2013 года

Народ в потоке истории
(Тезисы выступления госсекретаря М. Тажина на расширенном заседании межведомственной
рабочей группы по изучению национальной истории РК).....9

Әбжанов Х.М. Отан тарихы және ғылым тағдыры 14

Қазақстан және әлем қауымдастығы
Казахстан и мировое сообщество
Kazakhstan and the World Community

Гафаров А.А. Фактор тюрко-мусульманской солидарности в освободительном движении народов
Российской империи (XVI – начало XX вв.).....21

Tasagil A. Orta Asya Tarihinin Derinliklerinde Wu-sun'lar.....31

Болпонова А.Б. Уроки прошлого (о мартовских событиях 2005 г. в Кыргызстане).....40

Отарлау ойраны
Катаклизмы колонизации
The Cataclysms of Colonization

Сайлаубай Е.Е. Шығыс Қазақстандағы жер мекемелерінің қалыптасуы мен қызметі.....48

Тарих және тұлға
История и личность
History and Person

Сәтбай Д. О. Сүлейменов және Қазақстандағы тарихи ойдың дамуы.....54

Сатенова М.Р. Гази Булат Валиханов и его политические взгляды.....65

Тарихнама және деректану
Историография и источниковедение
Historiography and Source Studies

Атыгаев Н.А., Джандосова З.А. Новый источник по истории Казахстана XVI века:
предварительные результаты изучения *'Алам-ара-йи шах исма'ил*.....73

Енсепов Б.Б. Сартай батыр туралы тарихи деректер

Несипбаева Ж.Ж. Интеграционное и модернизационное развитие стран ЮВА
в рамках АСЕАН: историографический аспект.....85

Исаева А. И. Этнографические материалы о казахах в трудах М.А.Терентьева.....93

Халықтану мәселелері
Проблемы народонаселения
Population Problems

Жуман Г. Повседневный аспект внедрения культурных практик в организации досуга и праздников
г. Аулие-Ата (вторая половина XIX – начало XX вв.).....97

Қазақстан шетел зерттеулерінде
Казахстан в зарубежных исследованиях
Kazakhstan in Foreign Studies

- Сужиков Б.М.** История модернизации казахского края.
Обзор книги М. Дж. Пайна «Сталинская железная дорога: Турксиб и строительство социализма».
(Matthew J. Payne, Stalin's railroad : Turksib and the building of socialism. Pittsburg: University
of Pittsburgh Press, 2001. 384 pp.) 106

Этнология және антропология
Этнология и антропология
Ethnology and Anthropology

- Хамитова М.А.** Академик Ө. Марғұлан және фольклортану мәселелері..... 114
Молдокулова Д.Т. Некоторые обычаи и поверья кыргызов, связанные с конем (на основе
полевых этнографических материалов)..... 119

Археология
Археология
Archaeology

- Касенов М.С.** Талас өңірінің қалалары мен елді мекендері 123
Терновая Г.А. К истории сармато-аланских племен Жетысу и Южного Казахстана в конце III–IV вв.
(по материалам археологии)..... 129

Магистранттық зерттеулер
Исследования магистрантов
Articles of Master Students

- Кеніштайқызы Г.** Сыр өңірінде әулиелер институтының қалыптасуы (ислам дінінде ахундардың
алатын орны)..... 139
Mohd Younus Wani, Firdose Ahmad Dar. Americanism: a Journey to Unbridled Power..... 143
Ожанова Ж.Ж. Халел Ғаббасов Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері..... 147

Экспедициялар
Экспедиции
Expeditions

- Ажигали С.Е., Орынбаева Г.У.** Экспедиция этнологов в Алтайскую автономную область СУАР КНР..... 153

Сын және библиография
Критика и библиографии
Critique and Bibliographies

- Назарбекова Б.М.** Ұлы дала өркениеті туралы..... 160

Ғалымды еске алу
Памяти ученого
In memory of the scientist

- Майдан Алдабергенұлы Ақынжанов** 163

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ 5 МАУСЫМ 2013 ЖЫЛ

2013 жылдың 5 маусымында Астанада Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы болып өтті.

Отырысқа Президент Әкімшілігінің, министрліктердің жауапты қызметкерлері, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарлары, белгілі тарихшылар, жазушылар, жоғары оқу орындарының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары қатысты.

Негізгі баяндаманы жасаған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин.

Жиында сөйлеген Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркітбай Аяған Қазақстанның қазіргі заман тарихын зерделеу әдістемесінің мәселелері туралы сөз қозғаса, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Ханкелді Әбжанов отандық тарих пен тәуелсіздік идеясы қашанда тамырлас екендігін атап көрсетті.

А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Александр Гаркавец қыпшақ жазбаларының тарихынан сыр шертсе, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарды тілге тиек еткен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Бауыржан Байтанаев ел тәуелсіздігін алғаннан бастап жаңа мүмкіндіктер мен байланыстар орнағандығын айта отырып, 2004 жылдан бері Қазақстан археологиясы дамудың жаңа қарқынына ие болғандығын алға тартты.

Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов өте маңызды да терең және болашақтың мәселесіне бағытталған баяндамасы үшін Мемлекеттік хатшы Марат Тәжинге алғысын білдірді.

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ (МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ М. ТӘЖИННІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ)

«Бүгінгі Қазақстан – қалыптасқан мемлекет. Біз мемлекет құрудың жаңа белесіне шықтық.

Мемлекет басшысы ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қоғам дамуының жаңа белесіндегі басты сұрақтарға, атап айтқанда, біз қайда барамыз және 2050 жылы қайда болғымыз келеді деген сұрақтарға жауап береді» деген Марат Мұхамбетқазыұлы мәселе ел болашағының дүниетанымдық жаңа моделін жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау туралы болып отырғанына назар аударды.

Мемлекет басшысы «Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс» деп баса көрсетіп отыр. Мәселенің бұлайша қойылысы біздің назарымызды ұлттық тарихты зерттеу мәселелеріне объективті түрде шоғырландырады.

Баяндамада ғылымның рөлі өзгергені қадап көрсетілді. Тарих ғылымына феноменология мен герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатының өзін едәуір өзгертіп жіберді. Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес. Ендігі жерде тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиіс.

«Біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын қатты өзгертуге тиіс. Қазақстанның тарих ғылымының алдында нақты сынақ тұр, ол сынақтың жауабын табуға әбден-ақ болады», деген Мемлекеттік хатшы ұлттық тарих мәселелерімен талайдан және нақтылы айналысып жүрген Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасауды ұсынғанын жеткізді.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты ретінде Қазақстанның тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдіснама мен әдістеме арқауында сапалық секірісті жүзеге асыруына жағдай жасауды; қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлтың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыруды; Қазақстанның жаңа тарихының жиырма жылының мәнін пайымдауды айтуға болады.

Тарихқа арқа сүйемесе болашақ бұлдыр. Планетада мән-мағына мен құндылықтардың мылтықсыз майданы күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы өзіңді өзің сақтап қалудың жалғыз жолы.

Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында баян етіп берді. 2003 жылы, Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын бастайтынын жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған жеті жылда – 2004-2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана.

Қазақстанның қазіргі аумағы негізінен қазақ этносын қалыптастырған тайпалардың таралу аумағына сәйкес келеді. Ол тайпалардың XV ғасырда аяқ астынан қалыптаса қалмағаны айдан анық. Қазақ этносының қалыптасуы талай мыңжылдықтарға созылған үдеріс, өкінішке орай, ол жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Ғалымдарымыз әлі күнге дейін көне түркілік Дешті Қыпшақ даласындағы ертедегі мемлекеттік құрылымдардың құрылуы мен ыдырауы, түркі-қыпшақ жұртының таралу аймағы, Еуразия топономикасының тарихы сияқты тағы басқа да аса күрделі әрі ауқымды тақырыптарды жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастырған жоқ.

«Тарих толқынында» еңбегінде Мемлекет басшысының жазғанындай, «Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді. Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті».

Бұл құрылымдардың қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия аумағында тұрып жатқан жалпы (арғы түркілік) антропологиялық тип пен арғы түркілік тілдік топты қалыптастырудағы рөлі қандай?

Олардың Қытай, Рим, Кушан империяларымен, Парфиямен және басқалармен өзара қатынасының (саяси, экономикалық және мәдени байланыстарының) жүйесі қандай болған?

Ұлы Жібек жолының, әсіресе оның біздің ел аумағы арқылы өтетін бөлігінің – Дала жолының дипломатиялық және сауда-экономикалық рөлі қандай еді? Ол жол мәдениеттердің өзара кірігуі мен бірін бірі байытуына, Орталық Азия мен Еуразияның басқа да мемлекеттерінің, әсіресе Шығыс елдерінің мәдени-өркениеттік қарым-қатынасына қалайша септескен?

Марат Тәжин тарихшылар алдына қойған бұл мәселелердің әрқайсысы жеке-жеке, сала-сала зерттеулерді талап ететіні талассыз.

Өкінішке орай, қазіргі тарихнамада еуропацентризмнің ықпалымен бір-бірімен кереғар күштер – көшпелілер («варварлар») мен отырықшы халықтар («өркениеттілер») күресумен өткен деген түсінік басым. Алайда, уақыт өте келе зерттеушілер мұндай түсініктің дұрыстығына барған сайын көбірек күдік келтіре бастауда.

Түркі-славян өзара байланыстарының тарихы тек қана соғыстардан, әскери жеңістер мен жеңілістерден тұрмайды. Бұл ең алдымен санқырлы сауда, саяси, әскери, мәдени өзара байланыстардың тарихы екендігі естен шығарыла береді.

Қазақтар Еуразияның ең байырғы автохтонды халықтарының бірі екені сөзсіз. Сонымен бірге, Қазақстанның тарихы осы жерді кейінірек мекендеген, бірқатары еркінен тыс қоныстанған басқа этностық топтардың да тарихы. Еліміздің көпэтносты сипатын қалыптастыруда бұл үдерістерді біз объективті түрде зерделеуіміз қажет. Қазақстанның тарихы – біздің ортақ тарихымыз, деп атап айтты Мемлекеттік хатшы.

Баяндамада Қазақстанның жиырмамыншы ғасырдағы тарихы көп жағдайларда ұлттық пен тоталитарлық қақтығысының тарихы екендігі қадап көрсетілді. Өткен дәуренді дәріптеудің қажеті жоқ. Баяғы бір тәртіпті аңсай бермей, жиырмамыншы ғасырдағы қиыншылыққа толы тарих туралы ашық айту керек. Сол тәртіптің тұсында миллиондаған ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргенін біз жақсы білеміз.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы – тарих ғылымында салыстырмалы түрде алғанда жаңа бағыт.

Бір жағынан қарағанда, ол тәуелсіздікке қол жеткізу және жаңа мемлекет құру тарихы болып табылады. Сондықтан да жаңа тарихтың басталар тұсы – кеңестік жүйенің ыдырауы және соған байланысты елеулі геосаяси дағдарыс кезеңі.

Екінші жағынан қарағанда, Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүкіл адамзаттың дамуындағы жаңа белеспен сәйкес келіп отыр. Біздің көз алдымызда қағидатты түрде жаңа әлемдік тәртіп қалыптасып жатыр. Осылай деген Марат Мұхамбетқазыұлы таяу болашақтағы тарихшылар жұмысының басымдықтарын қолмен қойғандай айқындап та берді.

Жаңа тарих мәселелері бойынша зерттеулердің тақырыптық аясын кеңейту керек. Олардың арасында біздің мемлекетіміз бен қоғамымыздың өтпелі кезеңінің көзге түсер ерекшелігі ретіндегі үш еселенген транзит; мемлекеттік менеджмент пен стратегиялық басқару жүйесі; мемлекеттік

құрылыстың жүріп өткен әр белесіндегі әлеуметтік-саяси үдерістер; қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымы; жаһандандудың ұлттық мәдениетке ықпалы және басқа да көкейкесті тақырыптарды бөле айтуға болады.

Мемлекеттік құрылыстың өзіміздің, қазақстандық моделі, Мемлекет басшысы тұлғасының ұлттық тарихтың жаңа белесіндегі рөлі ғылыми тұрғыдан байсалды пайымдауды қажет етеді.

М. Тәжин бұған дейін ұлттық тарихта шешілмей келген ауқымы жағынан аса үлкен міндеттер ретінде мыналарды атады.

Біріншіден, жинақталған тарихи фактілер мен куәгерліктер, материалдық мәдениеттің жәдігерліктері, нышандық мәні бар пішіндер мен әдет-ғұрыптарды зерттеу, филология мен лингвистиканың мәліметтері, тарихи география мен демография, тарихи зерттеудің жаңа тәсілдері, пәнаралық көзқарастар бізге қазақтардың этногенезі бұған дейін тарих ғылымы дәйім пайымдап келген кезден анағұрлым ерте қалыптасқан деп болжам жасауға мүмкіндік береді. Этнос көкжиегін біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығына дейін кеңейту және оны ғылыми тұрғыдан орнықтыру бүкіл ұлттық тарихқа жаңаша қарауға, біздің халқымыздың планетаның осы алып өңіріндегі алатын нақты орны туралы түсінігімізді өзгертуге мүмкіндік береді. Мұның өзі ұлттық сәйкестіктің маңызды факторына айналып, ұлттық сана-сезімімізді қағидатты түрде өзгертеді. Екіншіден, біз өзіміздің қазіргі тарихымыздың басты мән-мағынасын жүйелі, ғылыми негізде түсініп алуға тиіспіз. Тәуелсіз егемен мемлекеттің өмірінде үшінші онжылдық басталды. Осы жылдар ішінде расында да ғасырларға тең жолдан өттік. Ойымызды жинақтайтын кез жетті. Қазақстанның өтпелі кезеңінің ерекшелігі неде еді, қалыптасқан мемлекет дегеніміз не, нақты тәуелсіздіктің негізгі белестері қандай, қандай қауіп-қатерлерден өттік, қоғамның экономикалық, саяси және мәдени жүйесі қалай құрылды? Осы сұрақтардың бәріне дәйекті әрі анық жауап беру – тарихшылардың кәсіби қоғамдастығының міндеті.

Қазақстандық мемлекеттік басқару моделінің маңызды негіз қалаушысы – Көшбасшының рөлін айрықша атап көрсеткім келеді. Бұл жерде Қазақстан басшысы қызметінің бірқатар қырларына ғылыми тұрғыда талдау жасау қажет етіледі, деді Мемлекеттік хатшы.

Біріншіден, 20 жылдан астам уақытта біз стратегиялық пайымымыз туралы ашық айта аламыз. Осы жылдар ішінде біз әлемнің түрлі өңірлерінде метеор тәрізді жылт ете қалған көптеген жарқын саясаткерлерді көрдік. Алайда, елдің даму стратегиясын ондаған жылдарға алдын-ала айқындап және оған болжам жасап қана қоймай, сол жоспарды іске асыра білу – бұл стратегиялық пайымдай алатын саясаткерге тән қасиет. Бұған қоса, Көшбасшы өзімен барлық жағдайда келісе бермейтінін ұғына отырып, оның табысты болашағына деген жауапкершілік жүгін өзіне артып, кей жағдайларда қоғамдық пікірге қарсы жүре алатын күш-жігері жеткілікті болуы тиіс.

Екіншіден, айқындылық. Көшбасшылардың барлығы дерлік мұндай қасиетке ие емес. Олардың көпшілігі оны сайлауалды науқан кезінде берілетін жалаң уәделермен шатастырады. Біздің Елбасы ешқашан әлеуметтік қиял-ғажайыптарды уәде еткен емес, ал уәде берген жағдайда дәл есептей біледі және оны әрдайым іске асырады.

Үшіншіден, басқарудың инновациялық стилі. Көмірсутегіне бай көптеген елдер мұнай қайнарының айналасында дағдарып қалды. Қазақстан Президенті күш-жігерді инновациялық дамуға, технологиялық үдеріске бағыттап келеді. Елдің бәсекеге қабілеттілігі тек қана жедел технологиялық дамуында.

Төртіншіден, интеллектуалдық ауқым. АӨСШК-тен Әлемдік діндер форумына дейінгі, ЕҚЫҰ саммитінен ЭКСПО-2017-ге дейінгі, елорданы көшіруден «2030» және «2050» стратегияларына дейінгі ішкі және сыртқы сипаттағы барлық ірі жобалардың негізінде нақ Елбасының интеллектуалдық күш-қуаты жатыр. Ал осы жобалардың әрқайсысы қазіргі заманғы кез келген ірі саясаткерді құрметке бөлей алар еді.

Барлық осы деректер, идеялар, оқиғалар жүйелі әрі объективті бағаға ие болуы тиіс. Бірақ бұл әдеттегі кезекті баяндауды емес, байыпты ғылыми талдауды қажет етеді. Менің ойымша, бұл біздің тарихшыларымыздың алдында тұрған міндеттің маңызды бөлігі, деп ойын түйіндеді Мемлекеттік хатшы.

Кеңес отырысын Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин қорытындылады.

Ел тарихшыларының іргелі жұмыстарын тиісінше бағалай сөйлеген Марат Мұхамбетқазыұлы қол жеткенге қанағаттануға ешқандай негіз жоқтығын да атап көрсетті. Осында алға қойылған міндеттердің бәрін шешу үшін орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы тарихты оқытудың осы заманғы және шын мәніндегі ғылыми біртұтас мемлекеттік стандартын жасау керек.

Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдарың арасында орталық буынға айналуға тиіс. Біз сапалық жаңа деңгейде Қазақстан тарихының ортақ тұжырымдамасын жасап шығуға тиіспіз. Ол тұжырымдама бүкіл әлемдік тарихпен тығыз байланыста болуға, Қазақстанның аса ауқымды тарихи үдерістердегі, олардың

өзара байланысы мен ғылыми кезеңдену жүйесіндегі орнын анық көрсетуге тиіс. Қазақстан туралы біздегі және шетелдердегі тарихи материалдардың барлығын жинауға, жүйелеуге және жіктеуге баса көңіл бөлу де өте маңызды.

Тарихшылар қауымының назары орталықазиялық номадтық өркениетті зерттеудің маңыздылығына ерекше аударылды, қазіргі таңда ол өркениеттің сақтаушысы қазақ этносы болып отыр. Қазақ этносының археологиясын, антропологиясын, этнографиясын, фольклорын, мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеуге күш сала отырып, қазақтардың номадтық өркениетін зерттеу саласында ғылыми және ғылыми-қолданбалы зерттеулер бағдарламасын дайындауды, тың тұрпаттағы тарих оқулықтарын жазуды тапсырды Мемлекеттік хатшы.

Зиялы қауымды дүр сілкіндірген, тарихшы ғалымдар үшін шын мәнінде белесті оқиғаға айналған кешегі кеңейтілген отырыстың мән-маңызын негізгі баяндамадағы мына сөздер дәл жеткізе алады деп ойлаймыз: «Ұлттық тарихқа қызығушылық немесе немқұрайдылық – халық мәдениетінің айқын және нақты өлшемі. Өзінің өткенін ұмытатын қоғамды болашақ та ұмытады. Бейнелері бейберекет ауысып жатқан мына аса ауқымды әрі ұшқыр әлемдегі ең маңызды құбылнама мен адастырмас бағыт-бағдар – өзіңнің ата-бабаңның кімдер болғанын, мынау тарих толқынында өзіміздің кім екенімізді білу және ұмытпау».

Кезінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» деп айтқаны халқымыздың абыройын асырғаны есімізде. Иә, ұлттық тарихымыз ұлттық мақтанышты күшейтудің, отаншылдықты арттырудың қуатты тетігі. Ал отаншылдық сезім – ұлы істердің бастауы. Кешегі келелі кеңес ұлттық тарихты зерделеуде соны серпіліс болатындығына сендіріп отыр.

Дерек: Тарих толқынындағы халық [электрондық ресурс] // Егемен Қазақстан. - 6 маусым, 2013 ж. – URL: <http://www.egemen.kz/> (қаралған уақыты: 18 маусым 2013 ж.)

РАСШИРЕННОЕ ЗАСЕДАНИЕ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЙ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ИЗУЧЕНИЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 5 ИЮНЯ 2013 ГОДА

5 июня 2013 года в Астане состоялось расширенное заседание межведомственной рабочей группы по изучению национальной истории Республики Казахстан.

В заседании приняли участие ответственные работники Администрации Президента, министерств, областей, заместители акимов городов Астаны и Алматы, известные историки, писатели, представители высших учебных заведений, руководители средств массовой информации.

С основным докладом выступил Государственный секретарь Республики Казахстан Марат Тажин.

Проблемам методологии изучения новейшей истории Казахстана посвятил свое выступление директор Института истории государства Буркитбай Аяган, выступление директора Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова Ханкельды Абжанова было посвящено единству отечественной истории и идеи независимости.

Доклад главного научного сотрудника Института языкознания им. А. Байтурсынова Александра Гаркавца был посвящен истории кипчакской письменности, свое выступление директор Института археологии им. А. Маргулана Бауыржан Байтанаев посвятил новым возможностям в археологической науке Казахстана, а также отметил, что начиная с 2004 года археология Казахстана встала на новый путь развития.

Министр образования и науки Бахытжан Жумагулов поблагодарил Государственного секретаря Марата Тажина за содержательный и весомый доклад, посвященный проблемам, решение которых требует неотложных мер.

НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ (ТЕЗИСЫ ВЫСТУПЛЕНИЯ ГОССЕКРЕТАРЯ М. ТАЖИНА НА РАСШИРЕННОМ ЗАСЕДАНИИ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЙ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ИЗУЧЕНИЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ РК)

– Сегодня Казахстан – состоявшееся государство. Мы вышли на новый этап государственного строительства. Стратегия «Казахстан-2050», представленная Главой государства, дает ответ на главные вопросы на новом этапе развития общества, а именно: куда мы идем и где хотим быть к 2050 году, – начал он свое выступление.

По большому счету, речь идет о проектировании новой мировоззренческой модели будущего страны, определении главных ценностей и ориентиров. Эти ценности должны быть современными, укреплять национальную идентичность в глобализирующемся мире, который, надо прямо сказать, национальную специфику размывает. Они должны обеспечить сохранение культурного кода нации: языка, духовности, традиций, культуры. Поэтому Глава государства особо подчеркивает, что «всеказахстанская идентичность должна стать стержнем исторического сознания нации».

Такая постановка задачи объективно концентрирует внимание на вопросах изучения национальной истории. Марат Тажин обратил внимание на то, что сегодня к исторической науке предъявляются совершенно новые требования, а в мировой историографии произошла критическая переоценка методов познания.

Во-первых, перемены связаны с влиянием французской исторической школы первой половины XX столетия, прежде всего с именами Люсьена Февра и Марка Блоха. Современная история стала междисциплинарной наукой, а исторические исследования перестали замыкаться на изучении исключительно письменных источников и работе в архивах. Они используют методы многих смежных научных дисциплин – социологии, социальной психологии и географии, этнографии, антропологии, культурологии, истории права...

Во-вторых, стала иной роль ученого. Методы феноменологии и герменевтики изменили сам тип исторического исследования. Теперь историк не просто «регистратор» событий, который фиксирует и описывает факты. Ученый должен достигать «понимания» ценностей, правил, морали конкретного общества. При таком подходе каждая национальная история предстает не как абстрактная хронологическая летопись формаций и цивилизаций, а как живая история народа со всей его сложностью и уникальностью, отметил М. Тажин. И задача историка состоит не в том, чтобы втиснуть национальную историю в какие-то жесткие рамки неких универсальных закономерностей, а в том, чтобы понять, как развивается ее живой, уникальный организм.

Докладчик говорил и о новом отношении к источникам и архивам: «Неужели можно без критического анализа принимать в качестве истины в последней инстанции свидетельства о казахской истории, насквозь пропитанные европоцентризмом иностранных купцов, разведчиков, военных или географов. Мы должны серьезно переосмыслить все эти источники, понимая с высоты современной науки, что они часто не выдерживают никакой критики по стандартам сегодняшнего дня».

Безусловно то, что отечественная историография должна серьезно изменить свой методический и языковой инструмент. Перед казахстанской исторической наукой стоит реальный вызов, ответ на который вполне может быть найден.

Марат Тажин напомнил, что Нурсултан Абишевич Назарбаев, давно и предметно занимающийся вопросами национальной истории, предложил разработать специальную программу исторических исследований под названием «Народ в потоке истории».

Главные ее цели – создание условий для качественного скачка исторической науки Казахстана на базе передовой методологии и методики; расширение горизонтов национальной истории казахов, формирование нового исторического мировоззрения нации; осмысление двух десятилетий новейшей истории Казахстана.

Эта инициатива Главы государства появилась не случайно. Будущее невозможно без опоры на историческое прошлое. В той незримой войне смыслов и ценностей, которая разыгрывается на планете каждый день, сохранение исторической памяти – это единственный способ самосохранения вообще, подчеркнул докладчик.

Уже к 5-летию Независимости Нурсултан Назарбаев выразил свои взгляды на историю нашего государства, «порой драматическую, порой милосердную, ... но всегда пронизанную стремлением к Независимости». Свое стратегическое видение национальной истории Глава государства изложил в книге «В потоке истории» в 1999 году. В 2003-м в Послании народу Казахстана Президент объявил о начале беспрецедентной программы «Мәдени мұра». За семь лет ее реализации – с 2004 по 2011 год – проведено 26 специальных исследований по истории, археологии и этнографии Казахстана. Но все это – начало большой работы, направленной на восстановление исторической памяти и исторической справедливости.

Сегодня, на этапе состоявшегося государства, мы должны осмыслить свою историю с высоты современной науки и создать целостную национальную историческую картину, обозначил перспективы М. Тажин.

Нынешняя территория Казахстана по большей части соответствует ареалу расселения племен, формировавших казахский этнос. И очевидно, что эти племена не могли сформироваться одномоментно в XV веке. Формирование казахского этноса – процесс, занявший не одно тысячелетие, но, к сожалению, недостаточно изученный. Учеными до сих пор не рассмотрены с новых методологических позиций такие сложнейшие и масштабные темы, как образование и распад ранних государственных образований в древнетюркской степи «Дешт-и-Кипчак», ареал распространения тюрко-кипчакского населения, история топонимики Евразии и другие.

Далее выступающий подчеркнул необходимость системного исследования сакской культуры, особенно массагетов (занимавших территорию Приаралья), саков-тиграхаудов (в Семиречье) и аримпасов (в Восточном Казахстане и на Алтае). Здесь, конечно, также недостаточно одного лишь прочтения и толкования европейских авторов классической эпохи. Отдельного прочтения и толкования требуют исторические факты и культурные артефакты эпохи Кангюй и Хунну. Древнетюркское государство, Тюркешский и Карлукский каганаты также должны войти в орбиту первостепенного внимания, потому что именно к ним уходят корни базовой этнокультурной и цивилизационной идентичности – тюркской.

В VI веке на историческую арену выходит Тюркский каганат – Степная империя тюрков, оказавшая огромное влияние на этногенез многих народов, становление сложных и разнообразных культурных комплексов. Это важнейшая веха в истории этногенеза нации.

Нам следует воссоздать реальную картину периода империи Чингисхана, понять его этническую природу, избежав как спекуляций на эту тему, так и упрощенного традиционного подхода, – продолжил Марат Тажин. Глава государства в своем труде «В потоке истории» отмечал: «Наши предки на протяжении двух тысячелетий играли значительную роль в развитии государств от Дальнего Востока до Западной Европы, от Сибири до Индии. Перемещаясь на огромные расстояния, кочевники не раз изменяли этническую и государственную картину Евразии».

Историкам предстоит ответить на несколько вопросов. Какова роль данных образований в формировании общего (протюркского) антропологического типа и протюркской языковой группы,

проживающей на территории современного Казахстана и Центральной Азии? Какова система их взаимодействия (политические, экономические и культурные связи) с Китайской, Римской, Кушанской империями, Парфией? Какова дипломатическая и торгово-экономическая роль Великого шелкового пути, особенно его участка на нашей территории? Как он способствовал взаимопроникновению и взаимообогащению культур, культурно-цивилизационному взаимодействию Центральной Азии и других государств Евразии, особенно стран Востока?

Пристального внимания требует история Казахской степи в системе империи Чингисхана и ее правопреемников, охватывающая XII–XIV столетия. История Алтын Орды, ордынских ханств – период, когда началось активное взаимодействие Казахской степи с находившимся в стадии формирования новым русским государством, также чрезвычайно важна.

Так сложилось, что в современной историографии под воздействием европоцентризма доминирует представление о борьбе между двумя противоположностями – кочевниками («варварами») и оседлыми народами («цивилизрованными»). Но проходит время, и исследователи все чаще задаются вопросом о правдивости такой картины.

История тюркско-славянского взаимодействия – это не только история войн, военных побед и поражений. Упускается из вида, что это прежде всего история многогранного взаимодействия – торгового, политического, военного, культурного, подчеркнул Марат Тажин. К сожалению, получается, что положительные точки соприкосновения наших культур и цивилизаций мы опускаем. Мы изучаем только конфликт и затем переносим многие симпатии и антипатии сегодняшнего дня на прошлое, что недопустимо и не профессионально.

Безусловно, казахи – один из древнейших автохтонных народов Евразии. Вместе с тем, отметил Государственный секретарь, история Казахстана – это также история других этнических групп, которые позднее поселились на этой земле. И часто не по своей воле.

Мы должны объективно изучать процессы формирования полиэтничности страны. История Казахстана – это наша общая история. Мы должны четко понимать, что история Казахстана в XX веке – это во многом история столкновения национального и тоталитарного. Это история подавления национального самосознания безжалостной политической машиной, для которой не имело особого значения, кто перед ней, – казах или русский, украинец или узбек. И мы должны четко и ясно понимать реальные механизмы истории, подчеркнул М. Тажин.

Отметил он и важность другого принципиального момента: не может быть лишена всякого конструктивного смысла история целых поколений. Здесь есть и собственно историческая, и этическая сторона. В любую историческую эпоху жизнь людей и политической системы – не совпадающие вещи. Жизнь поколений казахстанцев в XX столетии была наполнена своим высоким личностным смыслом, своими радостями, победами и свершениями. Перечеркивать этот огромный пласт истории, составивший жизнь целых поколений, обмазав его одной черной краской, было бы не объективно по чисто историческим причинам, заметил Марат Тажин. Нужно с высоты сегодняшнего знания правильно оценить прошедшую эпоху и учесть два фактора.

Во-первых, избежать идеализации прошлого. Нужно открыто сказать о драматической истории XX века, без ностальгии по некоему порядку, показать, как решался национальный вопрос в тоталитарном государстве. Во-вторых, учесть и с уважением отнестись к чувствам старшего поколения, понять, что в истории не бывает только черного и только белого цвета.

Методологические акценты в изучении истории прошедших веков были необходимы для понимания специфики истории новейшей.

История современности совсем иная не только потому, что мы больше знаем о прошлом. Она иная потому, что сама структура исторического времени изменилась, подчеркнул Марат Тажин. Ни одно поколение людей никогда не жило столь интенсивно и столь бурно как человечество последние 20 лет. Это касается и казахстанцев. Масштабность и историческая значимость событий, происшедших в нашей стране за последнюю четверть века, требуют их системного осмысления.

Новейшая история Казахстана, как не раз подчеркивалось на заседании межведомственной рабочей группы, – сравнительно новое направление в исторической науке. В силу этого она еще не имеет законченного институционального характера, т. е. не выделена в полностью самостоятельную научную дисциплину со своей методологией и учебно-методическим обеспечением. Этот пробел важно устранить в кратчайшие сроки, подчеркнул М. Тажин.

Новейшая история Казахстана, с одной стороны, является историей обретения независимости и строительства нового государства. Поэтому ее точка отсчета – период распада советской системы и вызванный этим серьезный геополитический кризис. С другой стороны, новейшая история Казахстана

совпадает с новым этапом в развитии всего человечества, когда на наших глазах формируется принципиально новый миропорядок.

И принципиальными здесь являются ответы историков на вопросы: какова историческая значимость и в чем сущность событий, имевших место в этот период истории Казахстана? Каковы были возможные сценарии развития данных событий? Каким образом они предопределили современные процессы?

Госсекретарь обозначил приоритеты работы на ближайший период. Это расширение тематического поля исследований по вопросам новейшей истории. Среди новых тем – тройной транзит как отличительная особенность переходного периода нашего государства и общества; система государственного менеджмента и стратегического управления; социально-политические процессы на каждом из пройденных этапов государственного строительства; новая социальная структура общества; влияние глобализации на национальную культуру и многие другие. «Это, как вы понимаете, лишь малая часть из всего массива тематики, который мы должны проработать», – отметил он.

Серьезного научного осмысления требует казахстанская модель государственного строительства, роль личности Главы государства на новейшем этапе национальной истории.

Предстоит сделать прорыв в проведении междисциплинарных исследований, радикально обновить исследовательский инструментарий и методы работы: смело использовать возможности исторического моделирования и прогнозирования.

Сегодня накопленные исторические факты и свидетельства, памятники материальной культуры, изучение символических форм и обрядов, данные филологии и лингвистики, историческая география и демография, новые методы исторического исследования, междисциплинарные подходы позволяют предположить, что этногенез казахов произошел значительно раньше, нежели так, как это всегда трактовалось исторической наукой. Расширение этнического горизонта в первое тысячелетие нашей эры и его научное подтверждение позволяют по-новому взглянуть на всю национальную историю, изменить представления о реальной роли казахского народа в огромном регионе планеты. Это и важнейший фактор национальной идентичности, что принципиально меняет национальное самосознание.

Пошло третье десятилетие в жизни независимого государства. За эти годы действительно пройден путь, равный столетиям. Настало время системных обобщений. В чем были особенности транзита Казахстана, в чем смысл состоявшегося государства, каковы основные этапы реальной независимости, каких опасностей мы избежали, как была построена экономическая, политическая и культурная система общества?.. Ответить на эти вопросы в аргументированной и ясной форме – задача профессионального сообщества историков.

Марат Тажин особо отметил одну из важнейших составляющих казахстанской модели государственного управления – роль лидера. Необходимо с научных позиций проанализировать ряд аспектов в деятельности Лидера Казахстана. Во-первых, за два с небольшим десятилетия мы можем определенно говорить о стратегическом видении. За эти годы в разных регионах планеты мы наблюдали много ярких политиков, промелькнувших, как метеор. Однако определить стратегию развития страны на десятилетия вперед и не просто спрогнозировать, но и реализовать планы – это свойство политика стратегически мыслящего. Более того, лидер понимает – не всегда с ним будут соглашаться, у него должно хватить сил пойти порой против общественного мнения, беря на себя груз ответственности за успешное будущее.

Во-вторых, предсказуемость. Далеко не все лидеры обладают ею. Многие путают ее с популистскими обещаниями во время предвыборных кампаний. Наш Лидер никогда не обещал социальных утопий, но то, что обещал, точно просчитывал и реализует каждый раз.

В-третьих, инновационный стиль управления. Многие страны, богатые углеводородами, оказались – на нефтяной игле. Президент Казахстана направляет усилия на инновационное развитие, на технологический прогресс. Конкурентоспособность страны – только в ускоренном технологическом развитии.

В-четвертых, интеллектуальный масштаб личности. Все крупнейшие проекты внутреннего и внешнего характера – от СВМДА до Форума мировых религий, от Саммита ОБСЕ до ЭКСПО-2017, от переноса столицы до стратегий «2030» и «2050» – имели в своей основе интеллектуальные наработки самого Президента. А ведь каждый из этих проектов мог сделать честь любому крупному политику современности. Все эти факты, идеи, события должны получить системную, объективную оценку. Но это требует серьезного научного анализа, а не просто дежурной констатации. Полагаю, что это важная часть задачи, которая стоит перед нашими историками, заключил Государственный секретарь.

С заключительным словом выступил Государственный секретарь Марат Тажин. Он поблагодарил докладчиков и участников заседания за содержательные выступления и внимание к стратегически важному вопросу – изучению национальной истории.

Перед отечественными учеными поставлены серьезные и ответственные задачи, решение которых зависят от осознания истории как объединяющего фактора, от понимания запросов общества и новых требований исторической науки.

Нужен современный и по-настоящему научный единый государственный стандарт исторического образования в средней школе и в вузе. Стандарт, который базировался бы на самых современных методах исследования и методиках преподавания, – сказал Марат Тажин.

Государственный секретарь выделил пять основных позиций по обсуждаемой теме и дал конкретные поручения.

Первое. Национальная история должна стать центральным звеном среди общественных наук.

Второе. Нужно выработать на качественно новом уровне общую концепцию истории Казахстана. Она должна быть тесно увязана со всемирной историей, четко показывать место Казахстана в глобальных исторических процессах, системе их взаимосвязи и научной периодизации.

Третье. Первостепенное внимание уделять сбору, систематизации и классификации всего имеющегося у нас и за рубежом исторического материала о Казахстане. Нужно тщательно исследовать все основные зарубежные хранилища исторических артефактов (это касается и новейшей истории), а также изучить вопрос о возможности репатриации этих исторических материалов в страну, либо, если это невозможно, осуществить их копирование с обеспечением последующего доступа для ученых и широкой публики.

Четвертое. Среди приоритетов – изучение центрально-азиатской номадической цивилизации, хранителем которой в настоящее время является казахский этнос.

Пятое. В повестке дня остро стоит вопрос подготовки качественных учебников по истории.

Государственный секретарь поручил Министерству образования и науки подготовить и представить на рассмотрение Межведомственной рабочей группы план подготовки (написания) и внедрения в учебный процесс двух базовых учебников истории Казахстана: национальной истории с древнейших времен и до настоящего времени; а также новейшей истории независимого Казахстана.

К 1 декабря текущего года Межведомственная рабочая группа должна подготовить развернутый доклад для Главы государства с базовым видением данной проблематики, новыми подходами и решениями.

Источник: Народ в потоке истории [электронный ресурс] // Казахстанская правда. 06.06.2013. – URL: <http://www.kazpravda.kz/c/1370472643> (дата обращения: 18 июня 2013 г.)

Ханкелді Әбжанов

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі

Отан тарихы және ғылым тағдыры

Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің бір де болса бірегей нышаны – төл тарихтың бары мен жоғын бұрмалаусыз, боямасыз, тек ақиқат биігінен зерделеу. Мұндай талаптың тарихты түзуші ғылымға да, сұранысты туындатушы тәуелсіздік пен мемлекеттілікке де бірдей қатысы бар. Өткеннің тәжірибесі мен тағылымы қаншалықты әділ зерттелсе һәм насихатталса, тарихи санасы оң қалыптасқан халық бүгінгі үдерістің соншалықты белсенді әрі өскелең субъектісі бола алады екен. Демек, тарихи сананың кемелдігі болашаққа берілген кепілдік, ал әлжуаздығы ұлттық қауіпсіздікке төнген қатермен пара-пар.

Тәуелсіз Қазақстан ырғақты да тұрақты даму үстіндегі ел. Ал ғылым саласындағы өзгерістер – мемлекеттік саясат пен басқару, адам капиталы, қаржыландыру мен заңнамалық бекемдеу, материалдық-техникалық жабдықтау – эволюциялық сипаттан гөрі революциялық сілкіністерге көп ұқсас. Ғылыми ақыл-ойдың кенішіндей Ұлттық ғылым академиясына қоғамдық бірлестік мәртебесін бергеннің өзі неге тұрады. Тарих ғылымы үшін де азаттық алғаннан бергі дәуірдің бергені, болмыс-бітімі, орны мен маңызы айрықша әрі бұрынғыдан мүлде бөлек. Жаһанданудың, тәуелсіздіктің, шығармашылық еркіндіктің артықшылықтары мен жасампаз әлеуетіне сүйенген ғалымдар қысқа мерзімде тоталитарлық ойлау және жазу дағдысы аясынан шығып қана қоймай, өткеннің тағылымы мен тәжірибесін ғылыми танудың әлемдік озық үлгілеріне сай еңбек етуге қабілетті екенін дәйектеді. Бұл орайда зерттеушілердің қиялы мен қаламына қанат бітірген бірнеше ішкі және сыртқы факторды баса көрсеткен ләзім.

Сыртқы фактордың маңдайалдысы - Кеңестер Одағының ыдырауымен шекарадағы темір тор ысырылып, Қазақстан - әлемнің, әлем - Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетімен кешенді, таптық-идеологиялық жіктелусіз танысу мүмкіндігінің ашылуы. Бұл орайда Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға мүшелікке қабылданғанының мәні ерекше. Шешім 1992 жылғы 2 наурызда дауыс берусіз, бірауыздан мақұлдау негізінде қабылданды. Мәжілісте сөз сөйлеген Қазақстанның өкілетті өкілі ұлттар қоғамдастығына мүше барлық мемлекеттерге осы шешім үшін ризашылық білдірді. Республика Ұйым Жарғысы бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді мүлтіксіз орындайтыны және оның мақсаттары мен принциптеріне сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметіне лайықты үлес қосу үшін бар мүмкіндікті жасайтыны мәлімделді. Мәжілістен кейін БҰҰ штаб пәтерінің алдында Қазақстанның туын көтерудің салтанатты рәсімі болды.

Осы жылғы 25 қарашада беделді халықаралық ұйым ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майорға Абайдың туғанына 150 жыл толуын ЮНЕСКО шеңберінде тойлау мәселесіне байланысты Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың жеке хаты табыс етілді. Федерико Майор Абайдың 150 жылдық мерейтойына тікелей қолдау көрсететініне сендірді. Бұл мәселенің Елбасының тікелей араласуымен ғана шешілетін жөні де бар еді: ЮНЕСКО тәртібі бойынша әлемдік ауқымды ұлы тұлғалардың тек ғасырлық мүшел тойлары ғана аталып өтеді. Ереже талаптарының тілімен айтсақ, «датаның кемінде екі нөлмен бітуі», мысалы, 100, 200, 500, 1000 деген сияқты болып келуі шарт. 1993 жылдың мамырында Қазақстан БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ЮНЕСКО құрамына 164-ші мемлекет болып кірді.

Маңызды сыртқы фактор қатарына тарихшы ғалымдарымыздың Еуропа мен Америкадағы, Азия мен Африкадағы конференцияларға, конгрестерге, симпозиумдарға, тағы басқа форумдарға еркін әрі белсенді қатыса бастауын жатқызсақ болады. Шетелдік әріптестер де Қазақстанға көптеп келетін күн туды. Кітаптармен, идеялармен, жұмыс тәжірибелерімен алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру – бәрі Отандық тарих ғылымын кешенді байытқаны күмәнсіз.

Дегенмен, Қазақстанның тарих ғылымын, халықтың тарихи ой-санасын сапалы жаңа белеске көтерген фактор елдің ішінде пісіп-жетілді.

Тарих ғылымындағы ілгерілеу мен ізденістің өрлеуіне президенттік фактор соны серпін берді. Өңгіме Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың ұлт тарихына ерекше ілтипаты туралы болып отыр. Ол қашанда тарих тағылымын алға тарта сөйлеуді дәстүрге айналдырған. Тәуелсіздігіміз жарияланған күннің ертеңінде: «Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты

халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін. Сенімнен айырылмайық, бауырларым!» – деген еді. Елбасының Жарлығымен 1997 жыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланса, 1998 жыл ұлт тарихы жылы деп жарияланғаны белгілі. Мұның сыртында Президент қаламынан туған «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы» кітаптары халықтың тарихи санасын қалыптастыруға игі әсер етті әрі тарихи зерттеулердің заманауи методологиясын түзуге септесті. Бұларда қатпары қалың деректерді талдаудың, пікір алуандағын сыйлаудың, ұлт тарихы мен руханиятын дәуірлеудің, әлем тарихы мен отан тарихындағы ықпалдастықты таразылаудың, астаналар мен идеялардың тарихтағы орнын бағалаудың инновациялық тұжырымдары бар. Тұтастай алғанда, Елбасы еңбектеріне тән дәстүр, жаңашылдық, методология деңгейіне көтерілу – бүгінгі тарихшы ғалымдар алдында тұрған міндеттердің өзекжардысы.

Президенттік фактордың мейлінше жарқырай көрінген саласы – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. 2004-2011 жылдар аралығында жүзеге асқан осынау бағдарламаның тарих ғылымына салған олжасы ұлан-ғайыр. Ежелгі дәуірден ХХІ ғасыр басына дейінгі тарихи үдерісті бедерлеген деректер, жәдігерлер, құнды ақпараттар дүниенің төрт бұрышынан ағылды. Зерттеушілердің әлеуметтік-кәсіби есеуі көз алдымызда жүріп жатты. Бес ғасырдан астам тарихы бар Қазақ мемлекетінің шежіресінде бұрын-соңды мұндай ауқымды, нәтижелі, мақсатты рухани-практикалық және ғылыми-танымдық ізденіс орын алмағаны күмәнсіз ақиқат. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуы – тәуелсіз Қазақстанның ұрпақтан ұрпаққа жалғасар мақтанышы. ЮНЕСКО тарапынан да бұл дүниеде сирек кездесетін жоба, басқа елдерге де өнеге болатын құжат деп белгіленді.

Ең бастысы – азаттықтың жасампаз әлеуеті шексіз екені тағы бір қырынан көрінді. «Мәдени мұраның» өзектілігі жайлы Н.Ө. Назарбаев: «Біз келер ұрпақтармыз ұдайы жалғастыруға тиісті ұлы істі бастап бердік. Алыс жол алғашқы адымнан. Ол тоқтамайды да», деді.

Әлемдік және отандық тарихтың сабақтарын тереңнен толғаудың тамаша үлгісі – Елбасымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. Жолдаудағы үш тараудың алғашқы екеуі: «Қалыптасқан Қазақстан» және «ХХІ ғасырдың он жаһандық сын-қатері», ондағы пайымдар мен тұжырымдар толығымен тарихқа сүйенгенін көреміз. Соңғы 15, 20, 60, 100, 150, 300 жылда орын алған өзгерістер мен қайшылықтарды алға тарта отырып, Президентіміз Қазақстанда шешілуге тиісті міндеттер парадигмасын талдайды. «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктелетінін былайша түйіндейді: «Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз».

Қазақстан тарихын зерттеуге ықпалдасқан келесі фактор – ұйымдастыру факторы. Оның екі құрамдас бөлігін айрықша атап өтуге болады: бірі – жаңадан ғылыми-зерттеу институттарының (Ө. Марғұлан атындағы Археология институты, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Мемлекет тарихы институты), факультеттер мен мамандықтардың ашылуы. Мәселен, 1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі тарих факультетінің құрамында халықаралық қатынастар бөлімшесі ашылғанда «Егеменді Қазақстан»: «Жаңа бөлімшенің беделі жоғары. Мұнда түсуге ниет білдіргендердің көп болуы таңқаларлық емес. Бірақ таңдау қатаң түрде жүргізіледі. Оған түсетіндерге шет тілі мен қоғамдық пәндерді терең білу талабы қойылған. Әзірге қабылдау онша көп емес. Алайда, сірә, белгілі бір уақыттан кейін бөлімше негізінде халықаралық қатынастар институтын құру туралы мәселе де қойылуы мүмкін», деп жазған екен.

Екіншісі – Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты қабырғасында даярланып, 1995 жылы қабылданған халықтың тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасы, 2000-жылдар басында дүниеге келген Қазақстан тарихшыларының қауымдастығы, 2011 жылы 16 қыркүйекте шақырылған Қазақстан тарихшыларының бірінші Конгресі. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 90-шы жылдар басында құрылған арнайы комиссиясы күштеп ұйымдастыру мен ашаршылық жайлы көлемді зерттеу жүргізіп, ұйымдастыру факторына өз үлесін қосқанын бекерлеуге болмайды. Сол тұста мәселенің қаншалықты күрделі болғанын академик М. Қозыбаевтың тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын талқылаған Президент жанындағы мемлекеттік саясат комиссиясында айтқан мына сөздерінен байқау қиын емес: «Тәуелсіздік алған сәтте халықтың рухы жоғары болуы керек. Халық өзінің әлемдік өркениеттегі орнын білу керек. Бұзылған халық санасына жаңа сипат беру керек. Жаңа буынның санасын, тарихи сапасын қалыптастыру керек. Тәуелсіз елдің мүддесін әлемдік қорғау үшін өткенді біліп, бүгінгіні талдап, болашақты болжау керек. Бір сөзбен айтсам: тарихи сананы қалыптастыру өмір мүддесінен, тәуелсіз мемлекет мүддесінен туындайды». 2011 жылы құрылған «Тарихшылардың ұлттық конгресі» қоғамдық бірлестігі де осынау үдерістен тыс қалмайтынын көрсетіп отыр.

Қазіргі ұйымдастыру факторының, яғни ғылымға мемлекеттік басшылықтың табиғаты кеңестік жылдардағы «дерттен» – саяси-идеологиялық өктемдіктен, ғылыми ұжымның ішкі істеріне өрескел араласудан, әкімшілік ресурстарды жойдасыз қолданудан – ада екенін айтқан жөн.

Отандық тарих ғылымының әлеуетін арттыруда, қоғамға ықпалын еселеуде адам факторының алар орны зор. Азаттықтың 20 жылы ішінде тарихшы ғалымдардың айтулы шоғыры республикамыздың барлық өңірінде қалыптасты. 200-ге жуық ізденуші түрлі мамандық бойынша тарих ғылымдарының докторы, 1000-ға тарта адам тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға диссертациялар қорғады. Кезінде ғылым докторын облыс орталықтарындағы ЖОО-дан көру қиын болатын. Бүгінгі ахуал көш ілгері.

Бұған диссертациялық кеңестер жүйесінің кеңейгені де оң ықпал еткені рас. Кеңестік жылдарда мұндай мүмкіншілік Алматы қаласында ғана бар еді. 1992 жылы қазақстандық жоғары аттестациялық комиссия құрылумен диссертациялық кеңестер Астана, Қостанай, Орал, Семей, Өскемен, Қарағанды қалаларында ұйымдастырылып, жыл сайын орта есеппен 50-60 ізденуші тарих салалары бойынша ғылыми атақ ала бастады.

КОКП билеген Қазақстанда тарихи зерттеулердің басым бөлігі (80-90%) партия тарихына, кеңестік дәуір тақырыптарына арналатын. Кадрлық, қаржылық басымдық соларға берілетін. Азаттық арқасында саяси-идеологиялық ахуал да, саясат та түбегейлі өзгеріп, археология мен этнографиядан, тарихнама мен деректанудан, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттан, шығыстану мен жалпы тарихтан, ғылым мен техника, мәдениет пен өнер, әскери тарихтан жазары да, айтары да мол ғалымдар, жас ізденушілер қатары өсті.

Әрине, отандық тарих ғылымының жаңа мазмұн мен тұрпатта есеуі қиындықсыз, жаңсақ басусыз бола қалған жоқ. Кезінде К.Маркс пен Ф.Энгельс коммунизмді Еуропаны кезіп жүрген елес деп сипаттаған еді. Рас екен. Жаңа дәуірдегі және кеңестік жылдардағы Қазақстан тарихын зерттеген тарихшылардың бірнеше буыны сол «елестің» теориясы мен практикасын дәйектеуге жегіліп, өздерін бекерге әуреге салғанын, қоғамдық сананы аз шатастырмағанын өкінішті болса да мойындауымыз керек. Ақиқаттың бет-пердесін басқаша ашуға жол салған Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, О. Ысмағұлов, В.П. Юдин сынды ғалымдардың тағдыры қылыштың жүзінде қылпылдады: сотталды, жұмыстан қуылды, кітаптары өртелді, аяусыз сыналды. Оңай көрінгенмен, ондаған жылдар бойы елес қуған ресми тарих ғылымының теориялық-методологиялық ұстанымдары бой бермей, ұлттық бояуы қанық, танымдық қарымы жоғары, әлемдік озық ақыл-ой әрекетімен үйлесімді зерттеу әдіс-тәсілдерімен арпалысуы ұзаққа созылды. Бұл пролетариат көсемдерінің ескерткіштерін тұғырдан тайдырудан, маңдайшадағы жазуларды ауыстырудан, ономастиканы модернизациялаудан әлдеқайда ауыр үдеріс екен. Нарықтық экономикаға көшу, мемлекеттік басқарудың жаңа моделін түзу, әлеуметтік сала мен адам капиталын заманауи талапқа икемдеу – бәрі өтпелі кезең қиыншылықтарымен күрделеніп, тарих ғылымының ілгерілеуіне бөгесін жасады.

Ғылым докторының (кандидатының) дипломын алумен ел таныған ғалымға айналамын деп ұққан адамдар тобы пайда болды. Олар мемлекеттік қызметшілер қатарынан да, ЖОО оқытушылары арасынан да шықты. Бұлар әдетте таптаурын тақырыпқа диссертация жазатын немесе бөтеннің жұмысын көшірумен қорғауға шығатын. Адам қызметінің ерекше саласы – ғылымдағы кереғарлыққа алдымен жауаптылар – атақ-дәрежесі биік ғылыми интеллигенция өкілдері, дәлірек айтсақ, диссертациялық кеңестер төрағалары мен ықпалды мүшелері.

Ғылымның диалектикасы мен автономиясына жат берекесіздік бекер кетпеді. Шығармашылық әлеуеті мардымсыз, кездейсоқ ізденушілердің ғылымға еніп кетуінен нәрсіз, өресіз диссертациялар, кітаптар туындап, қоғамдық пікірде ғалымдардың беделі түсті.

Ғалымдардың бірнеше буыны айналымға енгізген деректерді игерместен, тіпті іргелі зерттеулер мен соңғы жарияланымдарды оқымастан Шыңғыс ханның қазақ болғанын, Абылайдың хан атағына лайық еместігін, Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихына енбеуі керектігін «дәлелдеген зерттеу» жазғандар бар. К. Ақышев, Р. Сүлейменов, Д. Дулатова, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев, М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Ж. Қасымбаев сынды әйгілі ғалымдар дүниеден озған соң, өздерін «бүгінгі классик» санайтын тарихшылар шықты. Біреуі ұлттық деректанудың негізін қалаушы екен, екіншісі Қожаберген жыраудың тарихта болғанын бекерлейді. «Әлем таныған тарихшы-ғалыммын» деген сөздерді айтушыны көзіміз көріп, құлағымыз еститін болды.

Интеллектуалдық құқық пен кәсіби этика сақтала бермеді. Мәселен, «Болатхан Тайжан қоры» М. Әбдіқалықов пен А.М. Панкратованың редакциясымен 1943 жылы жарық көрген «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» кітабын басқа атаумен 2011 жылы қайта басып шығарыпты. Кезінде бұл еңбекті КСРО Ғылым академиясы Тарих институтының Алматыға эвакуациямен келген

ғалымдары, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының, Маркс-Энгельс-Ленин институты Қазақ филиалының ғалымдары – ұзын-ырғасы 23 адам жазған еді. Бүгінгі нұсқаны қарап, Е. Бекмаханов қана жазған ба деп қаласыз. «Жаңа» басылымға 1943 жылғы кітапта бар III-бөлім «Казахстан социалистический» кірмей қалыпты. 230 бет күресінге лақтырылған. III-бөлімді жазғандар халқымыздың біртуар ұлдары еді ғой. Оларды менсінбейтін «мықтылар» қайдан шықты?

Әр нәрсенің бастауы қиын. Тыңнан түрен салу тіптен қиын. Тәжірибе аз, мүмкіндігі шектеулі уақыт пен кеңістік үшін осылай болуы керек те шығар. Азаттығымыздың 20-шы жылында ахуал күрт өзгерді. 2011 жылы «Ғылым туралы» ҚР Заңы қабылданды, ғылым кадрларын даярлаудың ескі жүйесі тоқтап, ғалымдар қатарына PhD түлектері келе бастады. Доцент, профессор ғылыми дәрежелері импакт-факторға ие мақаласы барларға ғана берілетін болды. Зерттеу жұмыстарына, жобаларға сұрыптаудың, сараптаудың жаңа нұсқасы енгізіліп, қаржыландыру көлемі айтарлықтай ұлғайды. Бұлардың бәрі ұлттық тарих ғылымына тікелей әсер еткені сөзсіз.

Қазақстан тарихын ғылыми танудың өтпелі кезеңі аяқталып, сапалық жаңа сатыға көтерілгенін айшықтаған екі бетбұрысты сәтті ерекше айтатын уақыт келді. Бірі – Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласы, екіншісі – 2012 жылғы 14 желтоқсанда жариялаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. Бағдарламалық мақалада тарих оқулықтарын ең биік талаптарға лайықтап жазуға тапсырма берілсе, Жолдау инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясатын паш етті, ұлттың тарихи санасын қалыптастыруды, бүкілқазақстандық бірегейлікті халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналдыруды жаңа патриотизмнің алғышарты ретінде айрықша атап өтті. Осылардың әрқайсысында ұлттық интеллигенцияның рөлі жоғары екені қаперге салынды. «Интеллигенция, – деді Елбасымыз, – қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс».

Сонымен, Қазақстанның қалыптасқан мемлекет екені әлемге жарияланды. Демек, тарих ғылымы да өтпелі дәуірді артта қалдырды. Маркстік-лениндік ілімнен біржолата қол үзген оның теориялық-методологиялық басымдықтары мен ұстанымдары бірізділіктен сан-алуандыққа көшті. «Ақтаңдақтарды» жою әлі толық аяқталып бітпесе де, бүркемеленіп келген күрмеуі күрделі тақырыптар игерілді. Бірен-саранын айтсақ, Кенесары қозғалысының, Алаштың, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің ақиқаты жарыққа шықты. Басқа да бағыттар мен тақырыптар бойынша ізденістер ұлттық, мемлекеттік мүддеге бағышталғаны айдай ақиқат. Осының өзі ғылыми танымның сүбелі табысы, кеңестік саяси-идеологиялық өктемдіктен шығармашылық еркіндікке, таптық, партиялық елес қуудан ғылыми ақиқатқа түпкілікті қадам басқанды бейнелейтін құбылыс.

Бірақ табыстан тоқмейілсуге әлі тым ерте. Тарих тағылымы мен тәлімін замана талабына сай кәдеге жаратудың пәрменді үш тетігі бар: біріншісі – үдерісті заң күшімен, материалдық-қаржылай, кадрлық-ұйымдық шешіммен мемлекеттік реттеу; Екіншісі – ғалымдардың қарымымен кәсіби зерттеу; Үшіншісі – білім, өнер, БАҚ жүйесімен еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қамтып, санасына, жүрегіне сіңіру.

Енді осылардың әрқайсысына кеңірек тоқтала кетелік, айтар ұсыныстарымыз да бар.

Қазақстанда тарихты оқыту, зерттеу, насихаттау мемлекеттік саясат пен практикадан бір сәт тыс қалған емес, жинақталған тәжірибе де баршылық. Сонда бөгесін, осалдық неде?

Кадрлық-ұйымдық мәселеде тарихтан PhD даярлау қарқыны өте төмен. Егер осылай жалғаса берсе, 10-15 жылдан кейін ЖОО-лар мен Ғылыми-зерттеу институттарында (ҒЗИ) қызмет істейтіндердің негізгі денін магистрлер құрауы әбден мүмкін. Мәселен, соңғы 3 жылда біздің институттың бірде-бір магистрі PhD-ға оқуға түскен жоқ.

Білім және ғылым министрлігінің қаперіне саларымыз: Қазақстанда антрополог мамандарды даярлау тоқтады. Ертең қаңқасы табыла қалған тарихи тұлғаларымыздың бейнесін қалай қалпына келтіреміз? Антрополог мамандығын игеру үшін алдымен биология немесе медицина факультетін бітіру керек. Ал мұндай бакалавр ешқашан тарих факультетіне магистратураға қабылданбайды. Ереже рұқсат етпейді. Қысқасы, тарих ғылымының тұтас саласы жабылу қарсаңында.

Кеңестік жүйемен жоғары білім алған, бірақ кандидаттық диссертация қорғап үлгермегендер ҒЗИ-ларда аз емес. Жасы ұлғайып кеткендері, отбасына байланғандары енді PhD дәрежесін ала алмайды. Сонда бұлардың маңдайына жазылған тағдыр кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер деңгейінде қалу ғой. Араларында майталман мамандар жүргенін ескеріп, үздіктеріне аға ғылыми қызметкер дәрежесін беруді заңдастыруды сұраймыз.

Оқытудағы бөгесін - жоғары оқу орындарында (ЖОО) педагогикалық жүктеменің шамадан тыс көптігі. Кредиттік жүйеде ол 350 сағаттан аспайды деген сөзді ғасыр басындағы Білім және ғылым

министрінің аузынан естіген едік. Іс-жүзінде 700 сағаттан кем түспей тұр. Нәтижесінде оқытушы 6-7 пәннен дәріс оқуға мәжбүр. Бұған айлығы төмен оқытушының қосымша жұмысқа жегілуін, толтыратын, жазатын қаптаған қағаздарын қосыңыз. Тап қазір студентке сапалы тарихи білім беру осы себепті қиынға соғуда.

Енді зерттеулер туралы. Тарихтан ФЗИ-лар екі қалада ғана – Астана мен Алматыда шоғырланған. Ал облыстардағы ғылыми – интеллектуалдық әлеуетті игі іске жұмылдыру үшін жергілікті билік қолдауы қажет екенін әрі ол тамаша нәтижелермен көмкерілетінін Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Өлкетануға селт етпейтін әкімдер де бар. Қозғаусыз жатқан осы әлеуетті жер-жерде іске қосу тек орталық биліктің ғана қолынан келеді. Тарихи өлкетану жанданбай, Отан тарихының біртұтас жаңа келбетін түзу бекер әурешілік.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру барысында республикалық және жергілікті қоғамдық кеңестер құрылған еді. Оған билік өкілдері, ғалымдар, мамандар кірді. Сол тәжірибені қайта жандандыру керек сияқты. Мәселен, Мемлекеттік хатшы жанынан, облыстық, қалалық әкімдер жанынан ұлт тарихы бойынша қоғамдық кеңестер құрылып, билік пен ғалымдар қауымының ізденісін үйлестірсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Жалпытарихты зерттейтін қазақстандық ғалымдардың ізденістері үйлестірілмей отыр. Мұнсыз ежелгі және орта ғасырлар, жаңа дәуір мен қазіргі заман бойынша әлем тарихының оқулықтарын жазу қиынға соғады. Бөтеннің оқулықтарымен жастарымызды оқыту жарға соқтыруы бек мүмкін. Мәселені оңтайлы шешудің бірінші қадамы ретінде іргелі оқу орындарының бірінің құрамында жалпытарих бойынша бастамашыл-ұйымдық орталық құрғанды жөн санаймыз. Уақыт өте келе соның негізінде жалпытарих ФЗИ-ы ашылып қалар.

Маркстік-лениндік ілім тарихты халық жасайды деп үйретті. Негізінен дұрыс қағида. Бірақ толық емес. Тарихты, біздің ойымызша, халық, тұлға және геосаяси фактор түзеді. Үштағанның шешуші рөлі Қазақстан тарихының ұзына бойынан, әсіресе, тәуелсіздік тұсындағы тарихымыздан тайға таңба басқандай көзге түседі.

Біз тарихқа материалистік, идеалистік, формациялық, өркениеттік, т.б.с.с. көзқарастарды жоққа шығармаймыз. Дегенмен, өткеннің барысын, тағылымы мен тәлімін тұлға, халық, геосаяси фактор аясында, ықпалдастығында зерттесек, Отан тарихының жаңа мазмұны мен келбетін дұрыс әрі тартымды қалыптастырамыз деген ойдамыз. Біздің халықтың болмысы ізгілікке толы, қашанда ертеңнен күткені жақсылық. Жақсы сөзді жарым ырысқа балаған ол бодандықта да, тоталитарлық қыспақта да нағыз тұлғаны құрмет тұтты, төбесіне көтерді. Байлықтың негізі жер деп білгендіктен, Қаздауысты Қазыбек би атқандай, найзаға үккі тақты, досты сақтай білді, табысқанды, танысқанды ұлықтады. Қазір де осы құндылықтар тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді, президенттік ішкі және сыртқы саясаттың іргесін қалап тұр.

Тарихи білімді насихаттауда іске қосатын мүмкіншіліктер бар. Нақтырақ айтсақ, кеше ғана ашылған «Білім», «Мәдениет» телеарналары ақпараттық кеңістіктегі лайықты орындарын тауып отыр. Ендеше тарих телеарнасын неге ашпасқа? Ресейде «Бірінші тарих арнасы» жұмыс істеп тұрғанын әріптестерім жақсы біледі. Сол арқылы архивтер мен кітапханалар қойнауындағы, тарих ғылымы саласындағы, жекелеген зерттеушілер зертханасындағы өзекті ақпараттар, жаңалықтар қалың қауымға жол тартып жатыр. Біздің де азаматтар осындай жұмысты атқара алатынына кәміл сенемін.

Тарихи білімді жұртқа жаю ғалымның аты мен хатын ардақтаумен қатар жүргені абзал. Әрине, сапалы зерттеулердің бәріне сыйлық (Мемлекеттік, Күлтегін сыйлығы, Ш.Уәлиханов сыйлығы, т.б. сыйлықтар) беру мүмкін емес. Дегенмен, ресми сыйлық конкурсына қатысса да, бәйге алмағандарды Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің бұйрығымен «Үздік монография», «Үздік жаңалық», «Үздік мақала», «Үздік ғалым», «Жыл ғалымы», «Үздік оқу құралы» авторы деп ұлықтау қажет тәрізді. Бұл да қоғамдық пікірдегі ғалымның беделін көтеруге септеседі.

Тарихшы ғалымдар инновациялық дамуға бет түзеген Қазақстан халқының рухани-интеллектуалдық кемелденуі мен сұранысына жауап беретін биіктен көрінуге міндетті. Ол үшін білімпаздардың басын біріктіретін, ізденістерін ортақ арнаға тоғыстыратын, интеллектуалдық ұлт қалыптастыруға септесетін бірегей ғылыми жоба қажет. Тап бүгін бұл жауапкершілік жүгін пәнаралық бағдарлама «Ғылыми қазына» аясында 10 томнан тұратын «Отан тарихы» академиялық басылымын даярлау арқалап тұр.

Қазақстан тарихы әр жылдары 1 том, 2 том, 5 том көлемінде жарық көргенін көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Дайындалу үстіндегі «Отан тарихының» олардан бірнеше ерекшелігі бар. Біріншіден, Қазақстанның, таяу-алыс шетелдердің ғалымдары тартылып отыр. Қазірдің өзінде америкалық қыпшақтанушы Питер Голден, Түркиядан Ахмет Ташағыл, Мәскеуден, Новосибирскіден, Уфадан

тарихшы-авторлар шақырылып, біздің тапсырыс бойынша жазғандарын бере бастады. Екіншіден, бұрынғы басылымдарда ашылмаған тақырыптар зерделенуде. Мәселен, байырғы түркі өркениеті, қазақ антропологиясы, Абылай ханның миссиясы, қазақ диаспорасы, Қазақ АКСР құрамында болған Қарақалпақстан тарихы, астаналар тарихы үстірті баяндалды немесе мүлде айтылмады. Басқа-басқа, 2010 жылы екінші рет жарияланған бес томдық «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның бірінші томында палеолит дәуірінен соңғы орта ғасырларға дейінгі кезең талданғанмен, Қорқыт Ата мүлде ауызға алынбағанын, әл-Фарабидің бірде-бір еңбегі аталмағанын қалай түсінуге болады. Үшіншіден, ұлт тарихына бүгінгі Қазақстан шекарасы аумағында қарау тоқтатылады. Жаңа басылымда Отан тарихы әлемдік тарихтың ажырағысыз әрі құрамдас бөлігі тұрғысынан зерттелмек. Өйткені, Қазақстан ежелден алыс-жақын аймақтармен, құрлықтармен ықпалдастықта тірлік кешкендіктен бәсекеге қабілеттігін шыңдай алды. Біздің халықтың жасампаз әлеуеті мен интеллектуалдық қарымы отарлаудың да, тоталитаризмнің де қыспағына төтеп берді, тәуелсіздіктің ақ таңын жақындатты, бүгінгі дамудың Қазақстан жолын дүниеге әкелді. Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі Ұлы далада өз билігін жүргізді. Бізге өшпес қаһармандық эпос және мол рухани қазына қалдырды. Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ – киіз үйді, темірді, шалбарды, жебені, етікті және өкшені, үзеңгіні ойлап тапты. Осындай батырлық эпосты дүниеге танытудың кезі келді деп ойлаймын», деген пайым-толғанысында бұлтартпас ақиқат жатыр. Төртіншіден, ғылыми танымның өлшемі – ақиқат. Отан тарихының ақиқаты ғылымға салынған карикатурадай теориясымақтарда емес. Оны таптық, партиялық заңдылықтарды ұлықтаумен де таппаймыз. Ақиқаттың кілті, біздің ойымызша, ұлы даладағы этникалық үдерістер қатпарында, мемлекеттер тағдырында, қазақ этногенезін, мемлекетін биік өремен зерттеуде жатыр. Басқаша айтқанда, этнос және мемлекет мүдделерінен тыс ой толғау, мемлекетқұраушы халықтың тарихы, мәдениеті, тілі, еңбекшіл өмір салты алда тұрмаған тұжырым көптомдыққа жарамсыз. Бесіншіден, көптомдық «Отан тарихы» болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылған жұлдызды сәтте жазылмақ. Осынысымен ақ дйттеген межеден шығуға толық мүмкіндік бар.

Қазірдің өзінде кітаптың атауы төңірегінде қызу пікірталас жүріп жатыр. «Қазақия тарихы», «Қазақстан тарихы», «Қазақ елі тарихы», «Қазақтар мен Қазақстан тарихы» атаулары ұсынылды. Әрине, пікірталассыз ғылым тұл. Дегенмен пікірталас соңына түсіп, көздеген нысанадан айрылып қалмаған абзал.

Көптомдық тарихын жазып жатқан ел жалғыз Қазақстан емес. Өзірбайжандар, татарлар 7 томдық төл тарихын жариялады. Ресей тарихшылары 20 томдық тарихты жазуға кірісті. Үкімет оған 250 млн рубль бөліп отыр. Армяндар 8 том тарихының алғашқы кітаптарын алды.

Қысқасы, Отан тарихының көптомдығы әлемдік ғылыми ақыл-ой жетістіктеріне арқа сүйей даярланып, Қазақ даласындағы тарихи үдеріс заңдылықтары мен ерекшеліктерін ұлан-ғайыр деректерді ми қазанында биік методологиямен қорыту арқылы ашқан, Қазақстанның кешегісі мен бүгінін арасынан қол өтпестей сабақтастық пен жалғастықта зерделеген, ұлттық идеясы, мақсаты, міндеттері кемел хәм дйттеген нәтижесіне жеткен ұлық зерттеу болғанын қалаймыз.

Жүзеге асырылып жатқан басқа да жобалар баршылық. Шығыстанушылар, археологтар, этнографтар, ұлттық университеттердегі тарихшы профессор-оқытушылар болашағы зор тақырыптарды зерттеуде. Уақыты келгенде, солардың нәтижелерін монография, кітап түрінде жариялауды қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Ғылым – ғылым үшін дамиды заман артта қалды. Бүгінгі ғылым прагматизмге толы. Оған мол қаржы жұмсау мәселенің ең оңай жағы ғана. Түптөп келгенде, ғылымды лайықты қаржыландыра отырып, мемлекеттің, халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қолжеткізу, жұмсалған шығынның орнын толтырумен шектелмей, одан кем дегенде 4-5 есе көп қайтарымымен пайда табу әлемдік тәжірибеде әбден дәлелденген факт. Мұнсыз дамудың келесі міндеттері шешілмейді.

Пайда алу мен прагматизмнен қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар, оның белді саласы тарих ғылымдары да тыс қала алмайды. «Абай жайын зерттеушілерге» деген мақаласында ұлы Мұхтар Әуезов былай жазған екен: «Абай сөзі деген сөз бір-ақ сөз болса да, Абайша шықса, жарасады. Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық».

Отан тарихын да көбікке айналдырып алмағанымыз абзал. Өткеннің қыры мен сырына үңілген әрбір еңбек бай деректік негізімен, теориялық өресімен, толерантты мазмұнымен оқырманның танымын тереңдетіп, тәрбиесін түзегеніне қоса, қоғамымыздың бірлігі мен татулығын нығайта алады. Осылар берісі – сұранысқа ие болып, әрісі – экономикалық прагматизмге дөп келгенде ғана «жазғандарым көбік те болса, көп болсын» дейтіндердің, рулық-тайпалық санадан аспай қалғандардың сандырақтауы

мен далақтауы құр мақтаншақтыққа, бекер мал шашпаққа айналады. Нарық заманында тарихты білмей немесе қасақана тыйым салынған арнаға бұрғысы келетіндерді тезге салудың екі-ақ жолы бар: бірі – Конституция баптарына, тиісті заңдарға сүйену, екіншісі – кінәліні теңгемен жазалау. Қалыптасқан мемлекетіміздің стратегиялық бағытына нұқсан келтіретін тарихи еңбектерге цензура ұйымдастыруды, қуғын-сүргінге салуды аңсап отырған жоқпыз. Алайда «қотыртайдай» шектен шыққан зерттеусымақ авторы мен жариялаушысына қомақты айыппұл салуды өркениеттік негізде реттей алсақ, жауапкершілік деңгейі әлдеқайда өсетініне кәміл сенемін. Демек, «Қазақстан - 2050» стратегиясында Елбасымыз тиянақтаған: «Авторлық құқықтар мен патенттер мәселелерін реттейтін заңнаманы қайта қарау. Үкімет 2014 жылдың соңына дейін бұған дейін берілген барлық патенттер мен тіркелген авторлық құқықтарды олардың коммерциялануының ықтималдығы жөнінен талдаудан өткізуі қажет», деген тапсырма тарихшыларға тікелей қатысты.

Ғалымның моралдық жан-дүниесі кіршіксіз таза болғанда ғана оның қаламынан зияны жоқ, сауабы, «пайдалы әсер коэффициенті» зор еңбек шығады. Ендеше, біздер, аға ұрпақ, ғылымға келген әрбір жастың адами-имандық қасиеттеріне де мән бергеніміз жөн. Қазір мемлекеттік қызметшілер үшін ар-ождан кодексі түзілген жоқ па! Ғалымдарға да ар-ождан кодексі керек-ақ.

Қазақстанда Отан тарихының сан-салалы - тіл, әдебиет, өнер, экономика, философия, саясаттану, дінтану, археология – мәселелерімен айналысатын қоғамдық-гуманитарлық ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) көп емес, оңға да жетпейді. Кейбіреулерінде 40-50 ғана зерттеуші жұмыс істеуде. Мұншалықты шағын күшпен іргелі нәтижеге қол жеткізу оңай емес. Жас ғалымдардың еңбекақысы да әлі мардымсыз. Соған қарамастан ғылымдағы зиялы қауымның елге, оқырмандарына бергені де, берері де мол. Міне, осынау құштарлықты ұштай түсу үшін бірқатар ЖОО-ларға берілген «ұлттық» мәртебені қоғамдық-гуманитарлық ҒЗИ-ларға да қолданса артықтық етпес еді.

Ғылыми атақ-дәрежесі бар тарихшылардың басым бөлігі ЖОО-ларда шоғырланған. Алайда облыстардағы профессор-оқытушылардың ғылыми жобаларға араласуы мардымсыз. Жағдайды түзеу үшін ЖОО-лар мен ҒЗИ-лар бірлескен шығармашылық зертханаларды уақытша ашса, білім мен ғылым кіріге түсер еді. Ал тарихтан PhD мамандар даярлайтын университеттер педагогикалық жүктеменің 15-20 пайызын ҒЗИ ғалымдарымен бөліскеннен еш ұтылмайды.

Тарихты оқыту, зерттеу, насихаттау ісіндегі іркілістерді тек сыртқы фактормен түсіндірсек, қатты қателесеміз. Тарихшылар қауымы әлемдегі, елдегі модернизациялау қарқынына ілесе алмай қалатынын мойындауымыз керек. Әлеуметтік-кәсіби тұрғыдан кемелденудің, жетілудің орнына осыдан 15-20 жыл бұрынғы білім қорымен жүрген әріптестеріміз бар. Өкінішке орай, бұларды ҒЗИ-да кездестіруге болады. Ежелгі және ортағасырлық тілдерді білетін тарихшылар жоқтың қасы. Осыдан да шығар кәсіби тарихшы болмай-ақ, тарихи өзекті тақырыптарға том-том кітап жазушылар пайда болды. Ұлттық тарих ғылымының абыройын асқақтатқан Ө.Марғұлан, Е.Бекмаханов, С.Ибрагимов, Г.Дахшлейгер, Б.Сүлейменов, Е.Масанов, Т.Елеуов, Ө.Тұрсынбаев тұсында тарихшылар үйін «қонағы» билемеген еді. Жақсылық көрсек те, жаманшылық көрсек те өзімізден болып тұр.

Тәуелсіздік пен тарих – тамырлас. Тәуелсіздіксіз тарих оңалмайды, тарихсыз тәуелсіздіктің қадір-қасиеті ашылмайды. Ендеше біздер, тарихшылар, ұлы міндетке сай еңбек етейік.

Әдебиет – ардың ісі деген сөз бар. Ұлт тарихын жазу – ердің ісі. Уақыт артқан міндет үдесінен шығу баршамыз үшін әрі абырой, әрі жауапкершілігі аса зор тағдыранықтағыш сәт. Отан тарихын елестен арылтып, ақиқат тұжырымдарымен көмкере білген ғалымдарымыздың жүзі қашанда жарқын. Олар «ер» деген атаққа лайық.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ КАЗАХСТАН И МИРОВОЕ СООБЩЕСТВО KAZAKHSTAN AND THE WORLD COMMUNITY

УДК 297.17

А.А. Гафаров

(Казанский (Приволжский) федеральный университет,
кафедра политической истории Института истории Казанского (Приволжского)
федерального университета, к.и.н., доцент, Казань, Россия)

Фактор тюрко-мусульманской солидарности в освободительном движении народов Российской империи (XVI – начало XX вв.)

Аннотация

В статье исследуются процессы формирования традиций освободительного движения тюрко-мусульманских народов Российской империи (XVI – начало XX вв.). На основе изучения источников (дипломатических документов, законов и постановлений российского правительства, мемуарной литературы, периодической печати, произведений народных лидеров и др.) автор пришёл к выводу о значимой роли этно-конфессионального фактора, предопределившего широкие апелляции российских мусульман к единоверцам и соплеменникам, как за границей, так и внутри страны. Они опирались на глубинные представления о религиозном единстве и единых этнических корнях тюрко-мусульманских народов.

Ключевые слова: Российская империя, мусульманские народы, освободительное движение, тюрко-мусульманская солидарность.

Вплоть до конца XIX в. Российская империя расширяла свои границы за счёт поглощения территорий мусульманских соседей. В ходе кровопролитных войн были захвачены Казанское (1552), Астраханское (1556), Сибирское (1581-1598), Крымское (1783) ханства. Ногайской Орде, а впоследствии и казахским жузам пришлось признать вассальную зависимость от России. В первой четверти XIX века ей удалось закрепиться в мусульманском Закавказье. Последующее «долгое победное шествие (русского оружия – А.Г.) по кровавому полю» [1, с. 207] привело к падению Северного Кавказа, разгрому конфедерации горских народов. Военные экспедиции Черняева М.Г., Кауфмана К.П., Скобелева М.Д. в 1864–1885 гг. разбили и подчинили Кокандское, Хивинское ханства, Бухарский эмират и туркменские земли.

Российское государство, ранее многих других вставшее на путь формирования колониальной империи, к рубежу Нового времени оставалось отсталой феодально-бюрократической страной, исповедующей наиболее варварские методы эксплуатации покорённых народов. Захват Казанского ханства положил начало не только становлению самой обширной континентальной империи, но эпохе практически не прекращающихся освободительных войн, потрясавших государственные устои, начиная с середины XVI в. до самого конца российского царства. В ходе этой борьбы ярко проявилась специфика освободительного движения мусульманских народов, связанная с идеей единства мусульманского мира, приоритета религиозной солидарности над общинными, этническими и государственными различиями.

Обращения за помощью к соплеменникам и единоверцам в борьбе с растущими амбициями московского государства прослеживаются уже с конца XV – начала XVI вв. Так, казанский хан Мухаммад-Амин (1484-1485, 1487-1495, 1502-1518) в письмах к крымскому правителю обращался «с просьбой помочь ему в борьбе с Москвой» [2, с. 75]. Арест и ссылка казанского хана Абдул-Латифа (1495-1502) (брата Мухаммад-Амина и пасынка крымского хана) привели к обострению крымско-московских отношений. 29 декабря 1508 г. крымские послы представили шертную грамоту от имени

крымского хана Менгли-Гирея, его жены Нур-Султан и царевича Мухаммад-Гирея, гарантирующую лояльность Абдул-Латифа и ходатайствующую об его освобождении [3, с. 38]. В этот же день Абдул-Латиф подписал шертную грамоту «о послушании». Опальный хан рассчитывал не только на освобождение, но и на престол Астраханского ханства. Компромиссом стал указ о пожаловании ему во владение г. Юрьева [4, с. 30-32]. Поскольку цель не была достигнута, в 1513 г. к Василию III обратился уже турецкий султан Селим I с просьбой отпустить пленённого хана в Крым [3, с. 53-54]. Но и это послание, переданное князем Мангупским Феодоритом Камалом, не возымело успеха: Абдул-Латиф умер в Московии в 1517 г.

Помимо покровителей «промосковской группировки» с аналогичными просьбами в Москву направлялись сторонники «восточной партии». Сибирский хан Ибрагим Ибак неоднократно обращался (1489, 1493) к Ивану III с требованием освободить ранее свергнутого казанского хана Ильгама (1479-1484, 1485-1487) [5, с. 6, 14] (сводного брата Мухаммад-Амина и Абдул-Латифа), обещая за это союз и дружбу. Впрочем, и эти попытки были безуспешны. Не станет преувеличением утверждение, что Москва в этот период серьёзно воспринимала лишь «звон оружия». В этом духе выдержано письмо Сибирского хана Кучума к Фёдору Иоанновичу: «с ногами я в союзе, и если с двух сторон станем, то плохо будет московскому владению» [6, с. 27].

Последующее крушение Казанского ханства Ш. Марджани во многом связывает с ошибочной политикой турецкого султана Сулеймана I. «Турции, – по мнению Марджани, – следовало присоединить к себе Казанское и Астраханское ханства, что способствовало бы увеличению её территорий... Они могли составить одну общность с турками, так как были близки к ним по этносу, мазхабу и религии. В этом случае Крым автоматически стал бы территорией Османской империи. Однако турецкая администрация придерживалась другого мнения, она хотела завоевать славу не присоединением старых, а завоеванием новых территорий. Они не учли, что с присоединением татарских земель к ним отошла бы даже Венгрия. Турецкая администрация в общем и султан Сулейман в частности допустили политическую ошибку, которой не преминула воспользоваться Россия» [7, с. 161].

На курултае, состоявшемся в 1565 г. в Крыму, было принято решение об освобождении Казани и Астрахани. В Стамбул и Бахчисарай сплошным потоком прибывали депутации и посольства не только от казанцев, астраханцев, ногаев, но и от черкесов, луговых марийцев, из Хивы и Бухары с призывами помочь завоеванным татарским юртам [8, с. 598-601]. Непосредственной реакцией на эти призывы стал поход крымско-турецкого войска в 1569 г. Под руководством великого визиря Соколлу была даже предпринята попытка прорыть канал между Доном и Волгой, чтобы перебросить на Волгу турецкие корабли. Однако это довольно сложное гидротехническое мероприятие, как и сам поход на Астрахань завершились неудачей.

Турция, скованная в этот период «египетскими, персидскими, венгерскими делами», не могла оказать реальную военную помощь, поэтому подталкивала к активным действиям крымцев. В 1571 г. войска крымского хана вновь вторглись в пределы московского царства. Разоряя Москву, Девлет-Гирей писал русскому царю: «Жгу и пустошу всё из-за Казани и Астрахани, а всего света богатства применяю к праху надеясь на величие божие... отдай наши юрты – Астрахань и Казань; а захочешь казною и деньгами всесветное богатство нам давать – не надобно; желание наше – Казань и Астрахань» [8, с. 607-608]. Турецкий султан Селим II также потребовал освобождения Казани и Астрахани (1571), в противном случае угрожая новым вторжением. В этот же день был отправлен приказ к Девлет-Гирею готовиться к походу «до реки Оки» [9]. Однако последующие неудачные действия крымского войска в 1572 г. позволили Москве занять более твёрдую позицию.

Надежды на Крым в XVI – XVII вв. были отнюдь не случайны. Анализ документов русско-крымских отношений, переводов татарских оригиналов, сделанных Х. Файзхановым, показывает, что отношения «Крыма и России не были паритетными, Крымскому юрту даже в XVII в. принадлежала доминирующая роль». «Так называемые договоры на самом деле до конца XVII в. оставались пожалованиями (ярлыками) ордынско-крымского двора двору московскому», а «так называемые поминки, их татарское название «тиеш», были не чем иным как данью, которая вывозилась в Крым до 1685 г. и которая была отменена специальным пунктом русско-турецкого Константинопольского договора 1700 г.» [10, с. 148].

Планы помощи поверженным татарским государствам также прослеживаются в политике Казахского, Бухарского ханств и Ногайской Орды. Правитель Большой Ногайской Орды Урус (1578-1590) «в 1581-1584 гг. поддержал восставших казанских татар, дал им оружие» [11, с. 601]. История появления служилого казахского царевича (в будущем касимовского хана) Ураз-Мухаммада при московском дворе, в данном отношении, весьма показательна. В грамоте Фёдора Иоанновича

казахскому хану Тевкелю об этом сказано: «А как изменил нам Кучум, царь сибирский, и мы за его неправды посылали на него рать свою и его с юрта наши люди согнали, и в то время брат ваш Ураз-магмет-царевич (Ураз-Мухаммад – А.Г.) попал в руки нашим ратным людям» [12, с. 357]. Впоследствии в записи посольского приказа 1594 г. о переговорах служилого царевича Ураз-Мухаммада с послом казахского хана Тевкеля отмечаются уже «происки» Бухарского ханства и правителей ногайских орд: «Бухарский царь (Абдулла-хан (1557–1598) – А.Г.)... а ныне, с Ногаи соединясь, хочет поставить в Сарайчике город (крепость – А.Г.). А как в Сарайчике город поставит, тулды будет и Астороханью прихлашати» [12, с. 354].

Смута, охватившая в начале XVII в. Российское государство, казалось, поставила под сомнение целостность новоявленной империи. Возможность этноконфессионального распада России с беспокойством воспринималась не только в Москве, но и Варшаве. Польский король Сигизмунд с нескрываемым опасением писал своим сторонникам: «Остерегайтесь разделения Московского государства... Вам же известно, что Астрахань, Казань и другие татарские города, договорившись между собой, якобы решили подчиниться персидскому шаху. Казань, Астрахань, марийцы, степные города, города вдоль реки Белой и сибирские города, Пермь и Вятка не подчиняются нашим грамотам, не прислушиваются к нашим выступлениям, и нашему сыну крест не целуют» [13, с. 131]. (Следует отметить, что касимовский хан Ураз-Мухаммад в этой сложной обстановке после взятия Касимова войсками Василия Шуйского счёл за благо перейти на сторону Сигизмунда.)

Позднее касимовскому воеводе предписывалось (1651) строго надзирать за касимовским царевичем и его людьми, чтобы не допустить «им иметь какие-либо сношения с магометанами других государств»: «Велено им (воеводам – А.Г.) беречь и разведывать того, чтоб к Касимовскому Царевичу и к людям его из которых бусурманских Государств, или от Ногайских людей, и от Черемисы, о каких делах присылки, или совета и с Царевичевыми сеиты и с иными людьми советаж и ссылки не было». «А которые послы, или посланники и гонцы Кизильбашские и Бухарские, Юргенские и Ногайские поедут... мимо Касимова: и ему того беречь накрепко, чтоб послы, и посланники, и гонцы, и люди их к Касимовскому Царевичу в город не посылали, и люди б Царевичевы к ним не ходили, и видеться с ними и разговаривать ни чём без Государева указа не давать» [14, с. 254].

И в дальнейшем надежды на мусульманскую и тюркскую солидарность продолжали жить, подкрепляемые кровопролитными столкновениями России на южных рубежах. Например, «сеитовский бунт» (1662–1663) и последующие восстания башкир неизменно получали поддержку казахов. Позднее один из предводителей тюрко-башкирского национально-освободительного движения Султан Мурат (сын каракалпакского хана Кучука, потомок хана Кучума был избран башкирским султаном) в 1708 г. посетил Крым и Стамбул, лично встретился с крымским ханом и турецким султаном, «чтоб их (башкир – А.Г.) приняли к себе в союз» [15, с. 391–393]. Валиди А.-З. приводит письмо Османского правителя (1716) к башкирскому хану Каипу Мухаммету, где султаном выражается поддержка освободительному движению [16, с. 110]. Казанский губернатор Волынский А.П., высказывая опасения на счёт башкир («ежели учинится (война – А.Г.) с турками, то оной народ не токмо может нанести государству вред, но и великое учинит разорение»), докладывал, что в 1724 г. были задержаны в калмыцких улусах башкиры, которые «посланы были для согласия к крымским и к кубанским татарам» [15, с. 399–400].

На помощь соплеменников и единомышленников надеялись также участники татаро-башкирского восстания 1755–1756 гг. Оренбургский губернатор Неплюев И.И. в своих «Записках» вспоминал: «в самое ж то время в Казанскую губернию к татарам, так и киргиз-кайсацкому народу, кочующему за Яиком, таковыя ж письма (от башкир – А.Г.), в коих назначен был день и час к начатию сего возмущения; почему вдруг по предписанному времени весь башкирский народ взбунтовался», а «киргизцы (казахи – А.Г.) начали производить набеги... для вспоможения башкирцев» [17, с. 145–146]. После поражения восстания «башкирцев с жёнами и детьми (за Яик к казахам – А.Г.) перебралось более 50000 душ» [17, с. 155]. Имперская администрация изначально стремилась разделить тюрко-мусульманские народы, опасаясь их солидарности в борьбе против колониального гнёта. Неплюев И.И. открыто признавался, что потратил немало усилий «на искоренение той надежды, которую башкирцы на киргизов (казахов – А.Г.) имели», чтобы посеять «вражду между теми народами, что Россия навсегда от согласия их может быть безопасна» [17, с. 155, 161].

Руководитель восстания Батырша в письме к императрице Елизавете Петровне писал: «Из года в год и изо дня в день передаются слухи о приходе войск из мусульманских стран. Если Бог доведёт нас до этой надежды, то и мы, если будет угодно Богу, что-нибудь предпримем» [18, с. 93]. «Слышны вести о том, что страны ислама помогут здешним мусульманам; возможно, что это непременно осуществится: вести о жалобах здешних мусульман на притеснения их веры и жизни, а также о том, что со стороны

русского падишаха, властвующего над ними, не оказывается им никакой справедливости и милости, и о том, что многих мусульман коварством и насилиями совращают с веры и губят, – многократно доведены до сведения правителей и султанов мусульманских стран» [18, с. 83]. Румянцев П.А. в письме (1775) к казанскому губернатору сообщал, что в ноябре 1774 г. на Тамани в Едичкульской орде, затем в Крыму у хана Девлет-Гирея объявились два казанских татарина, которые «абвещая в тех народах разширающиеся в России успехи бунтавщика Пугачёва: ани там пранесли, что самозванец войска имеет до 300000, а наиболее из Кивии, Буковара (Хивы и Бухары – А.Г.), каракалпаки, башкирцы, киргизы, китайцы, бывшие за Волгою калмыки и татара казанские». Он также добавил, что «министерство Порты часто имеет советы с недавно там обретающимися татарами», которые возможно «суть те самые» [15, с. 44 1].

Надежды, связываемые с Турцией, опирались на изначально сложившуюся традицию восприятия духовно-светской власти халифа. То, что пятничная проповедь (хутьбе) в Казани в первой половине XVI в. читалась во имя турецкого султана, свидетельствует о том, что мусульмане Казанского ханства уже тогда воспринимали султана в качестве халифа. [2, с. 79; 7, С, 15 1]. Вплоть до начала XX в. считалось, «что османский султан является в то же время Халифом мусульман, то есть, духовным лидером» [19, с. 129]. Начиная с XVI в. в переговорах с Москвой активно звучит тема покровительства Османской Порты «северным мусульманам» и Москвы – христианам. «По Кайнарджийскому договору Россия получила протекторат над православными христианами, проживающими на территории Османской империи в то же время султан Высокой Порты брал под своё покровительство мусульман России» [20, с. 87]. Подобные ссылки на Кючук-Кайнарджийский договор (1774) стали общим местом в литературе, посвящённой данному аспекту. Однако изначально данное право турецкого султана согласно букве Кайнарджийского договора относилось, прежде всего, к народам Крымского ханства: «в духовных же обрядах (они – А.Г.), как единовверные с мусульманами, в рассуждении его султанского в-ва, яко верховного калифа магометанского закона, имеют сообразовываться правилам, законом их предписанным» [12, с. 81]. В Изъяснительной конвенции 1779 г. положение об «утверждении» было заменено на «духовное благословение» халифа. «Всероссийская Империя... соглашается, чтоб Ханы Татарские, по избрании и возведении их на Ханство, целым обществом народа своего, как от себя, так и от подвластной им области присылали к ней (Порте – А.Г.) Депутатов с Магзарами (всенародными петициями, коллективными прошениями – А.Г.) в приличных терминах, по установленной ныне единожды навсегда примерной формы, с торжественным признанием в особе Султанской Верховного Калифейства Магометанской веры, а потому и с прошением духовного его благословения, как Хану, так и всей нации Татарской чрез присылку к ним таких благословительных грамот, каковые свойственны быть могут для области вольной и независимой, а притом единовверной с Турками» [21, с. 80 1]. После окончательной аннексии Крымского ханства в 1783 г. это положение де-факто распространилось на остальные мусульманские народы Российской империи. И хотя в последующих документах данное положение юридически не подтвердилось, «с воздействием духовного авторитета дома Османов на российское мусульманство» приходилось считаться вплоть до окончательной ликвидации халифата в 1924 г. [22, с. 26].

Соответственно в ещё большей степени власти пытались максимально изолировать российских мусульман от контактов с зарубежными единовверцами. В 1746 г. был издан сенатский указ «о запрещении кизлярским и астраханским татарам вступать в родственные связи с заграничными народами магометанского вероисповедания» [23, с. 594-595]. Политическая подоплёка указа (несмотря на неясные экономические мотивировки) очевидна, учитывая непрерывные восстания в мусульманских регионах. Так же далеко не случайно, российское правительство, начиная с захвата поволжских ханств, неоднократно закрывало границы для осуществления хаджа. В 1822 г. на ходатайство генерала Ермолова А.П. было сказано: «Император высочайше признать изволил удобность запретить на время жителям мусульманских областей наших ездить в Мекку на поклонение» [22, с. 55]. В 1843 г. военный министр Чернышев А.И. рекомендовал оренбургскому генерал-губернатору: «отклонять богомольцев от путешествий в Мекку и Медину под разными благовидными предложениями» в виду того, «что многие из них по возвращении после поклонения магометанской святыне производят неблагоприятное для нас влияние на своих единовверцев» [22, с. 73]. После оккупации Туркестана, вновь был введён временный запрет на паломничество в Мекку. Миропиев М.А. (как и Остроумов Н.П. – видный деятель миссионерско-просветительского направления в Туркестане), разоблачая «политический вред» хаджа, выразил даже надежду на издание «постоянного запрета путешествия мухаммедан в Мекку» [24, с. 438]. (Данный запрет (под благовидным предлогом эпидемии холеры в Аравии) продлился в итоге до 1900 г.) В результате «наши единовверцы, – как писала турецкая газета «Тэрджумани Хакыкат», –

поневоле должны отказываться от исполнения религиозного долга... и общения со своими братьями по вере» [25].

Потеря государственности мусульманами, хотя и привела к уничтожению официальных политических контактов, тем не менее, сохранились тайные традиционно-структурированные суфийские связи недоступные для полицейского контроля. По линии тарикатов шла не только передача духовных традиций, но и поддерживались непрерывные международные контакты. Например, паломничество ваисовского активиста Юсуфа Файзуллина проходило в 1894 г. через накшбандийские центры (Афганистана, Индии, Хиджаза) и сопровождалось активными политическими переговорами [26, с. 128]. Казем-Бек Ал.К. отмечает тайные и явные сообщения «дагестанцев и их духовных лиц с духовными лицами малой Азии и Турции с одной стороны, и Бухары и Туркестана с другой», утвердившиеся с конца XVIII – начала XIX вв. «Бухарские шейхи неоднократно приезжали в Дагестан через Астрахань и преподавали там правила тариката. Нередко дагестанские духовные лица через малую Азию путешествовали в Мекку, оттуда в Туркестан и на возвратном пути, через Бухару, в караванах приезжали в Оренбург и в Астрахань и затем возвращались в своё отечество. Таким образом, муриды значительно умножались» [1, с. 204]. Несмотря на крайнюю политическую неоднородность, суфизм в разные периоды неоднократно становился идеологией антиколониальной борьбы (санусийа, кадирийа, Шамиль, андижанское восстание ишанов, восстание казахов и киргизов в 1916 г. и т.д.) Не случайно, Позднев П., исследователь суфизма считал, что «дервиши, как доказывает история, способны быть самыми опасными и неуловимыми политическими агитаторами против существующих порядков» [27, с. II]. За возбуждение «антирусских настроений» «русские вынуждены были арестовывать их (дервишей – А.Г.) как политических преступников» [27, с. 322].

Например, когда в 1824 г. «для избавления от саранчи крымское духовенство выписало из Турции одиннадцать шейхов», то опасавшееся «политической пропаганды в пользу Турции, которую эти шейхи могли проводить», российское правительство распорядилось выслать их обратно в Турцию [28, с. 38]. Опасаясь распространения радикальных идей, российское правительство потребовало (1848) перевести заключенного Баба (основателя секты бабидов) в глубь иранской территории, подальше от российской границы. Это было сделано в соответствии с положениями ст. XIV Туркманчайского договора (1828), где оговаривалось требование «воспретить пребывание (пограничных областях – А.Г.) тем лицам, кои ныне или впоследствии будут поименно российским правительством означены... сие условие имеет и будет иметь силу только к лицам, носившим публичные звания или имеющим некоторое достоинство, каковы суть: ханы, беки и духовные начальники или моллы, кои личным примером, внушениями и тайными связями могут иметь вредное влияние на прежних своих соотчичей» [12, с. 320].

После подавления восстания под руководством Батырши и Пугачёвского бунта освободительное движение мусульманских народов, казалось бы, на время затихло. «В Казани было наружно тоже всё спокойно...» [29, с. 39]. Не случайно, глашатай газавата на Северном Кавказе, Кази-Мухаммед (предшественник Шамиля), призывая к джихаду, в своей хутбе бросил упрёк мусульманам России в том, что они полностью покорились неверным [1, с. 233]. Большие надежды в среде отечественных мусульман породила Крымская война (1853-1856). Главнокомандующий российскими военными силами в Крыму кн. Меншиков А.С. докладывал императору, что крымские татары настроены в пользу турок: «о могущем быть... возмущении татар» [30, с. 120]. Однако восстание не случилось.

Аналогичные настроения были и у казанских татар. Среди них проявилась «уверенность, что пора уже Казанскому Царству восстановить свою самостоятельность, – извещает официальное издание МВД, – в минувшую восточную войну татары выказали много холодности к делу русского правительства; из числа рекрут, взятых тогда по одному Мамадышскому уезду бежало до 200 человек при посредстве богачей; вообще татары говорили, что сражаться против единоверных турок запрещает им совесть» [31, с. LXI]. Татары внимательно следили за ходом войны, за успехами и неудачами турок. В некоторых татарских селениях Казанской губернии ждали даже султана в Казань для восстановления самостоятельности татар. 1861 г. черкесы (решением меджлиса) отправили в Стамбул посольство с просьбой о заступничестве.

Очередная русско-турецкая война (1877-1878) вновь всколыхнула весь мусульманский мир. Развёрнутое в Стамбуле священное знамя пророка [32] произвело «сильное возбуждение между магометанским населением». Турецкое правительство обратилось к российским мусульманам с призывом выступить против неверных. В прокламации к турецким морякам в частности говорилось о необходимости «протянуть руку нашим единоверцам, которые соединяясь с нами, снова получат свои законные права, которых они лишены теперь» [33]. Другое воззвание, напечатанное в официальной

стамбульской газете «Бассирет», было обращено непосредственно к татарам Крыма и к горцам Кавказа [34]. Из Анатолии, по сообщению венской «Presse», отправилось «много дервишей на Кавказ, чтобы постараться побудить тамошнее мусульманское население к восстанию» [33]. Весной 1877 г. началось восстание горцев на Северном Кавказе.

В отношении казанских татар и башкир (ещё накануне войны) полковник жандармского управления сообщал уфимскому губернатору, что «в случае объявления Россией войны Турции башкиры и татары хотят составить партию для правильного возмущения и выразить своё противодействие правительству» [35, с. 44]. «Во время самой войны по татарским и вообще инородческим сёлам тайно бродили разные турецкие подданные, собирая пожертвования, возбуждая инородцев к восстанию в случае успехов Турции» [36]. О том, что «таковые «настроения умов» были» [35, с. 45] свидетельствует последовавшее восстание мусульман Поволжья и Приуралья. Под подозрением властей были отнюдь не только чеченцы и татары. С началом русско-турецкой войны был издан указ и о закрытии азербайджанской газеты «Икинчи». Остроумов Н. в итоге констатировал, что «во время всех почти войн с Турцией, там и здесь возникали волнения среди мусульман, которые обезпокоивали русские власти» [37, с. 99].

Сібірде және Семей губерниясында ескі және ұлттық билікті алмастырған Кеңестік өкіметтің бірте-бірте нығаюы, шаруашылықты басқарудың жаңа экономикалық органдарын құру міндеттерін алға тартты. Соған сай 1919 жылы 10 мамырда Жер істері халкомы бұйрығымен губерниялық, уездік және болыстық атқару комитеттері жанынан жер бөлімдерін құру қолға алынды. Аталған бұйрық бойынша ол мекемелер жер қатынастарын бекіту, социалистік ауыл шаруашылығын ұйымдастыру және жерге орналастыру мәселелерін өз бақылауына алатын болды [2].

Жалпы, жер мәселесін түпкілікті социалистік негізге көшіргенге дейінгі кеңестік биліктің атқарған шараларын сипаты мен мазмұнына қарай кезеңдерге бөліп қарастыру жөнінде қалыптасқан тұжырымның негізділігін қуаттай отырып, бұндай кезеңдеудің Шығыс Қазақстан өңіріндегі жер мекемелерінің қалыптасуы мен қызметін таңдауда басшылыққа алынғандығын атап көрсетуге болады [3]. Әйтсе де, Бүкілресейлік ауқымда көрініс тапқан бұл құбылыстың қазақ жерінде, соның ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде іске асуында бірқатар ерекшеліктер болды. Қазақ үшін жер мәселесі патшалық және кеңестік билік тұсында өткір ұлттық мазмұн мен сипатқа ие болғаны ақиқат. Ресейлік ресми биліктердің жер мәселесіне қатысты ұстанған шовинистік саясаты болғандығын атап көрсетеміз. Өйткені, бұл фактор отарлық биліктің тұсында қалыптасып, кеңестік биліктің саясатында одан әрі жалғасын тапты. Осы тұжырымдарды негізге алып, Шығыс Қазақстан өңірінде жер мекемелерінің қалыптасуы мен қызметі өте күрделі сипат алғандығына көз жеткіземіз. Осыған байланысты мынадай деректерге назар аударайық: сол кезеңде Семей губерниясының тұрғындары қазақ, орыс және казактардан тұрды. Ал экономикалық сипатына қарай тұрғындар көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы болып, ал отырықшы тұрғындарды бұрыннан қоныстанғандар және жаңадан қоныстанушылар деп жіктеген. Соңғы мәселеде айқындық берер болсақ 1890 жылы басталған қоныс аударушылар легі XX ғ. 20 жылдары одан әрі жалғасып жатты [4, 115 п.]. Бұл демографиялық фактор қазақ қоғамындағы жер мәселесінің шешілуіне елеулі қысым жасады.

1917 жылы 10 наурызында облыс, уез, болыс және ауылдарда құлаған үкіметтің орнына Уақытша үкіметтің басқару органдары қалыптаса бастады. Бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да ол билік орындары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер есебінен пайда болды. Бұл комитеттерді құрудың бастамашылығы облыс және уез орталықтарындағы орыс жұртының қолында еді және комитеттердегі басшы орындар да патшалық әкімшілік көзқарастағы орыс ұлт өкілдерінің қолында болатын. Міне, осындай жағдайда қазақтарға әділетсіз патшалық билік жойылып, оның орнына жаңа билік келгенімен, тағы да сол ұлттық мүддені қорғап, талап-тілекті білдіретін мемлекеттік мекемелерсіз қалу қауіпі төнген болатын. Сондықтан да Азаматтық комитеттермен бір мезгілде стихиялы түрде облыстық, уездік және болыстық деңгейде Қазақ Азаматтық комитеттері қалыптаса бастайды [5, 11 п.].

Қазақ жерінде облыстық және уездік Қазақ комитеттерінің қалыптаса бастағандығы туралы «Қазақ» газеті 1917 жылы наурызда «Жаңа үкімет жұрт билігін жұрттың өзіне беріп отыр. Жұрт өзін-өзі қалай билемек? Мұны былай түсіну керек. Жұрт болып ортасынан бірнеше сенімді, адал адамдарды шығарады. Мұны – комитет деп атайды. Жаңа үкімет әр түрлі комитет жасап, жағдайдың реттелуін тілеп отыр. Сол комитеттерді қазақтарда жасап, жұрт ісінің билігін халық қолына алар керек» деген мәтінде мақала жариялады [6, 330-б.].

1917 жылы 11 наурызда Семейде облыстық Қазақ комитеті құрылып, Р.Марсеков төрағалығымен жұмыс жасай бастайды. Ел басқару ісіне араласа бастаған ұлт зиялылары қазақ халқы үшін маңызды болып келген мәселелерді, соның ішінде жер мәселесін талқыға салып, соған сәйкес бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін болыстық, уездік, облыстық және жалпықазақтық съездерін шақыруды қажет деп тапқан болатын [7, 210 п.].

Тұңғыш Жалпықазақ съезі 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 200-ден астам өкіл қатынасты. Оның күн тәртібіне барлығы 14 мәселе қойылып, олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі және басқа да мәселелер бар еді.

Съезд шешімдерінің отаршылыққа қарсы сипаты, оның жер мәселесіне байланысты қабылдаған қаулысынан анық көрінді. «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін» деп көрсетілді оның бірінші тармағында. «Қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан, қазақ пайдасынан алынып кеткен мынадай учаскелер қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын: дворяндық, мал өсіру, сауда-өнеркәсіп, курорт, монастырь үшін деп алынған жерлер, переселендер орнықтаған отрубтар, оброктік статьялар жай адамдарға «показательные поля» деп берген, бірақ расында жоқ нәрселер немесе гарнизонға беріліп, бұл күнде олар кеткеннен кейін, яки саны азайғаннан кейін босанған жерлер» деген деректерден жерді тартып алудың түрлерін аңғарамыз. Бұдан басқа қаулыда «Қазақ халқы жермен ортақ пайдалансын (ру, ауыл, болыс болып), яғни земельный община болсын», «жер мәселесі туралы басқа саяси партиялармен келісу еркі Учредительное собраниеде қазақ депутаттарына берілсін», «жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын» деп іс жүзінде қазақ жеріне иелік құқығын қазақ халқының өзіне қайтару туралы талаптар қойылған еді.

Уақытша үкімет 1917 жылғы 19 наурыздағы қаулысында тез арада жер мәселесіне байланысты шаралар қабылдау, атап айтсақ жер комитеттерін құру керектігін түсініп, бұл істі Егіншілік министрлігіне тапсырды және де «Жер туралы тиянақты да, сапалы дұрыс заң қабылдау үшін аса үлкен дайындық, сонымен қатар бос жерлер санағының есебі, жерге жекеменшікті анықтап, жер пайдалану түрлері мен жағдайлары жайлы деректер жинау қажет» деп тауып, Уақытша үкімет жер мәселесін шешуді Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін тоқтата тұруды жөн деп санайды [8, с. 330]. Сонымен, Уақытша үкімет жер мәселесін түпкілікті шешкенге дейін, қазақ өлкесінде уақытша Жер комитеттері құрыла бастайды. 1917 жылы көктемде Уақытша үкіметтің «Жер комитеттерін құру жөніндегі» қаулысында жер комитеттерін құру тәртібі және қызмет аясының негізгі бағыттары көрсетілген.

Жер комитеттерін құруға талпынған Уақытша үкімет өз алдына мынадай екі мақсат қойған болатын: Жергілікті жерлерде жалпы мемлекеттік жер саясатын жүргізетін өзіне қарасты жер органдарын құру арқылы, өзін-өзі басқару әрекетіне басқа да қоғамдық ұйымдар мен Кеңестерді араластырмау. Жер комитеттері арқылы әділетті жер саясатын жүргізе отырып, шаруалардың қоғамдық санасының толқуын бәсеңдету болды [8, с. 304]. Қоғамдық келісімді орнықтыруы тиіс бұл аталған шаралар өз жемісін бере алған жоқ. Көп жағдайда Жер комитеттері уақытша құрылған мекеме ретінде көрінді. Өйткені, оның көптеген мүшелері жергілікті өзін-өзі басқару Земство органының өкілдерінен тұру керек болатын. Ал Семей Облыстық Земство басқармасы өз жұмысын 1918 жылдың 17 қаңтарынан бастаған болатын. Бұдан шығатын қорытынды, Семей Облыстық Жер комитеті құрылған кезде жергілікті жерде Земстволық басқару жүйесі жоқ болатын [9, 195 п.].

Қазақстандағы облыстық Жер комитеттерінің қызметін бақылап отыру үшін облыстық Жер комитетінде Егіншілік министрлігінің бір өкілі тағайындалды. Қазақстанда Жер комитеттерінің құрылуы столыпиндік аграрлық реформа кезінде құрылған переселен органдарының қызметімен тығыз байланысты болды. Аталған жағдайда Жер комитеттері мен татуластыру камералары жер мәселелерін шешуде біршама толыққанды қызметтер атқаруы күмәнсіз еді. Алайда аталған органдардың қазақ өлкелерінде өте кеш, нақтырақ айтсақ күз айларында құрылғанша қомақты жер даулары туындағаны белгілі. Осындай жер дауларын шешуге жергілікті жерлердегі Қазақ комитеттері, Азаматтық комитеттер белсенді түрде араласа бастады.

Семей өңірінде 1918 жылы 11 шілдеде адмирал Колчактың басқаруындағы казак әскерлері контрреволюция жасап, билікті өз қолдарына алады. Барлық Кеңес мекемелері жойылып, Облыстық Кеңсе Басқармасының орнына Колчак үкіметі тағайындаған Облыстық комиссар аппараты құрылды. Өлкеде Кеңес билігі толық жойылғаннан кейін, қазақ зиялылары Алашорда үкіметінің уездік-облыстық бөлімдерін құру және оның қызметін дұрыс жолға қою ісін ұйымдастыруға жұмылды. Большевиктер таратып жіберген Земство мекемелерін қайта қалпына келтіріп, халық игілігі жолында жаңа қадамдар жасай бастады [10, 31 п.]. Мұрағат құжаттарының мәліметтеріне жүгінсек, облыстар мен уездегі Земство басқармаларында қазақ жұртының өкілдері белсенді қызмет атқарғаны байқалады. 1918 жылы жаз айларында қайта қапына келтірілген Земство мекемелеріндегі бұрынғы мүшелері қайта сайланып қойылады [11, 17, 23 п.].

Семей облысында Земство ісін, яғни өзін-өзі басқару мекемелерінің тізгінін қазақ зиялылары өз қолдарына алды деуге толық негіз бар. 1918 жылғы 17 қаңтардағы Семей облыстық Земство Жиылысының төтенше мәжілісінде облыстық Земство Басқармасының төрағасы болып Р. Мәрсеков және мүшелері ретінде Х. Ғаббасов пен Ө. Сатпаевтың сайлануы үлкен жетістіктердің бірі. Сонымен бірге архив деректерінен Семей облысының уездерінде де Земство басқармаларының жұмысын қазақ зиялылары өз қолдарына алғандығын көреміз [12, 438, 440-441 пп.]. Мәселен, Семей Уездік Земствосының Басқарма төрағасына А. Қозбағаров, мүшелері болып А. Болатов, С. Дүйсенбин сайланады.

Қазақ үшін өзекті болған жер мәселесін қазақ мүддесі үшін шешуде аса белсенділік танытқан А. Қозбағаровтың сіңірген еңбегі зор. Ол Уақытша Сібір үкіметінің 1918 жылы 25 шілдедегі Жер комитеттерін жою туралы қаулысы шықпай тұрып-ақ, шілде айының 15-інде Семей облыстық Жер комитетіне қатынас хат жолдап, жер мәселелерін шешуді Земство үкіміне беруді сұраған [13, 18 п.]. Семей өңірінде жер қатынастарындағы маңызды кезең болған Уақытша Сібір үкіметінің аталған қаулысында барлық жер мәселелері Земство мекемелеріне берілуі және Земство құрамында Жер бөлімі ашылуы жайлы айтылған. Қаулыға сәйкесінше аталған бөлім ісін ұйымдастыру негізінде облыстық және уездік жер ісі Кеңесін құру туралы мәлімделген [14, 112 п.].

Жер бөлімі құрылғанға дейін азаматтардың жер мәселесіне байланысты туған тартыстарына сәйкес 1918 жылы тамыз айында Земство мекемесінен Жер ісі столы (Земельный стол) ұйымдастырылды. Жер тартыстары әсіресе шөп шабу уақытында өте өткір сипат алды. Уақытша Сібір үкіметінің Министрлер Кеңесі 1918 жылы 29 тамызда Облыстық, уездік Жер ісі Кеңестері мен переселен аудандарының басшыларына арнап қаулы қабылдайды.

Уақытшы Сібір үкіметінің 1918 жылғы 25 шілде заңына сәйкес Жер комитетінің орнына Земство құрамында Жер бөлімінің ашылуы жер қатынастарында жаңа кезеңнің басталғандығын көрсетсе, Жер бөлімінде жергілікті оқыған азаматтардың санының өсуі жер мәселесінде бұрыннан талаптары ескерілмей келген қазақтардың ұлттық мүддесі тұрғысынан алғанда алғашқы ірі жеңістерінің, сәтті қадамдарының бірі еді.

1919 жылдан жер-жерде билік Кеңестердің қолына көшкенде жағдай тағы да өзгерді. Кеңестер жер мәселелерін қарастыру мен шешу үшін Халық депутаттар кеңесінің атқару комитетінде Жер бөлімін ашады. Жер бөлімінің қызметі (төраға) комиссарға және Уездік атқару комитетінен сайланған төрт мүшеге тапсырылды. Жер мәселесіне қатысты 1925 жылы Қазақ автономиялық республикасының үкіметі қазақ халқын жерге орналастыруды толық шешіп алмайынша басқа республикалардан қоныс аударуға тыйым салды. Осылайша қарапайым ғана экономикалық мәселе тоталитарлық билік жағдайында шиеленіскен ұлтаралық сипатқа ие болды. Үкіметтің шешімімен жер бөлігіне иеліктің мынадай реті белгіленді: қазақ халқынан кейін 1918 жылға дейін Қазақстанға келген келімсектер; Келесі кезекте 1922 жылдың 31 тамызына дейін өз бетімен көшіп келгендерге; одан кейін қалғандары [15, 79 б.]. Қазақ халқының мүддесін көздеген бұндай үкіметтік шешімнің қабылдануы бір сәтте іске аса қойған жоқ. Ол ұлттық элитаның қажырлы саясаты арқылы іске асты. Атап айқанда, кеңес үкіметінің «Жер туралы» декретінде мәлімделген демократиялық ұстанымдарды ұлттық мүддемен ұштастырған қазақ зиялыларының табанды түрде талап етуімен 1921 жылғы 19 сәуірде Қырғыз автономиялы облысы Орталық Атқару Комитетінің «Қырғыз еңбекші халқына патша үкіметі тартып алған жерлерді қайтару туралы» декреті қабылданған болатын. Осы декретке сай Сібір және Орал казак әскерлері үшін қазақтардың иелігінен тартып алынған жерлер қазақтарға қайтарылып, «Социалистік жерге орналастыру жүргенге дейін аталған аудандардағы ауыл шаруашылық негіздегі жерлер (шабындық жерлер, егістік, жайылым және су қоймалары) жергілікті жерлердегі, уездік жер бөлімі мен облыстық жер бөлімдерінің бақылауында болады» [16, 4 п.].

Аталған декреттің негізінде 1921 жылдың 20 желтоқсанында Жер істері халкомының Алқасы «Қырғыз еңбекші халқына 1917 жылғы ақпан революциясына дейін Ақмола, Семей, бұрынғы Торғай және Орал губернияларындағы бос жатқан жерлері қайтару туралы» ережені бекітті. Осы ережеде «1917 ж. ақпан революциясынан кейін бос қалған немесе тартып алынған жерлер 1922 ж. бастап Қырғыз халқына қайтарылсын» деген талап бекітілді [17, 167 п.].

Шығыс Қазақстан өңірінде жер мәселесіне қатысты осы талаптарды іске асыруда жер мекемелерінің құрамына енген ұлт зиялылары белсенді әрекет етті. Оларды бұл іске мәселенің ұлттық мүддеге сай атқарылуы ынталандырылғандығы белгілі. Дегенмен, кеңестік билік нығайған сайын жер мәселесін реттеудегі жоғарыда аталған ұлттық сипат таптық мүддемен алмастырыла бастады. Биліктің осы бағыттағы ең алғашқы ірі қадамы қазақ АКСР үкіметі мен өкіметінің 1926 жылғы 20 мамырда қабылдаған «Ауыл шаруашылықтары мен жекелеген шаруашылықтар арасында шабындық және егістік жерлерді бөлу туралы» қаулысы болды. Бұл қаулының талаптары 1926 жылы іске баяу аса бастады. Республикалық деңгейде ең жақсы нәтиже көрсетті деген Семей және Өскемен уездері туралы жалпы мәліметтер бойынша бөлінген шабындықтың көлемі 37571 десятинаны құраған. Губерниялық жер бөлімі 1926 жылы шабындық және егістік жерлерді бөлудің қорытындысына талдау жасап «келесі жылға» ұсыныстар дайындаған [18, 44 п.]. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлуді іске асырғанда кеңестік биліктің көздеген басты мақсаты – Қазақ қоғамындағы жерге қауымдық меншік институтын жойып, тұтас халықты таптық тұрғыда жіктеу арқылы тап күресін өрістету болды. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық қатынастарды жойып, оны социалистік қатынастарға көшіру арқылы бай және ауқатты топтарды ең басты өндіріс құралы – жерден айыру болатын.

Мұрағат мәліметтері көрсеткендей Семей губерниялық жер басқармасының 1927 жылғы жоспары бойынша бөлу шарасын 762 қоныс орындары бар 323 ауыл кеңестерінде, немесе 533 мың адам тұратын губернияның қазақ тұрғындарының 76 пайыз қамтуды көздеген. Осы жылдың көктемінде қар кетісімен губерния жерінде ауылдарда шабындық жерлерді бөлу науқаны (біреудің жерін тартып алды, екіншісіне алып берді, қысқаша айтқанда ауылда күштеу модернизациясы «жұмыс істеді») басталып кетті. Сонымен 1927 жылдың жазына қарай Семей губерниясында шабындық жерлерді бөлу негізінен аяқталды. Қайта бөлу науқаны 200 мың десятинадан астам жерді, 70 мың шаруашылықты қамтыды, «байлар 17 мың десятина құнарлы жайылымдарынан айрылса, жері аз және жері жоқ шаруашылықтар 37 мың десятина жерге ие болды». Шабындық жерлерді бөлу кезінде жіберген «қателіктерге» көз жүгіртсек, факт бойынша науқан кезінде орташалардан алынған «құнарлы жерлер» мың десятинаға дейін жеткен [3]. Шығыс өңірінде егістік жерлерді бөлу 1927 жылы күзде өтті, бірақ кейбір жерлердегі жайсыздықтарға байланысты 1928 жылдың көктемі мен күзіне дейін созылды. Егістік жерлерді бөлу аса үлкен аумақты қамти қойған жоқ, өйткені ол негізінен тек отырықшы ауылдарды ғана қамтыған болатын.

Сонымен 1917-1928 жылдары аралығында Семей өңіріндегі жер қатынастарында қандай өзгерістер орын алғанын жер мекемелерінің қызмет бағыттары көрсетіп берді. Кеңестік биліктің жер қатынастарында тиісті мекемелер атқарған іс-шаралар мазмұнының күрделілігі, ондағы таптық және ұлттық мүдделердің арақатынасынан туындаған қайшылықтарды шешу сияқты саяси – әлеуметтік үдерісті айғақтайтын деректік құжаттарды талдау осындай қорытынды жасауға негіз болды.

Әдебиеттер

- 1 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 2 Положение о земельных отделах Губернских, Уездных и Волостных исполкомов. Центральное Издательство Народного Комиссариата Земледелия. – М.: 1919. – 24 с.
- 3 Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелерінің эволюциясы. – Алматы: Экономика, 1999. – 361б.
- 4 Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (Семей қаласы). 152-қ. 1-т. 50-іс.
- 5 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 48-қ. 1-т. 4-іс.
- 6 «Қазақ» газеті. Құраст: Субханбердина Ү, Дәуітов С. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 7 ҚР ШҚО. ҚЗТҚО. 48 қ. 2-т. 1-іс.
- 8 Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – XX веках. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 352 с.
- 9 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 72-қ. 1-т. 90-іс.
- 10 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 72-қ. 3-т. 2-іс.
- 11 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 48-қ. 1-т. 63-іс.
- 12 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 37-қ. 1-т. 127-іс.
- 13 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 37-қ. 1-т. 6-іс.
- 14 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 37-қ. 1-т. 1-іс.
- 15 Қойгелдиев.М., Омарбеков Т.Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.

-
- 16 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 139-қ. 1-т. 26-іс.
17 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 152-қ. 2-т. 95-іс.
18 ҚР ШҚО ҚЗТҚО. 583-қ. 1-т. 17-іс.

References

- 1 Bokeikhanov Ə. Shygarmalar. – Almaty: Қазақстан, 1994. – 384 б.
2 Polozhenie o zemel'nykh otdelakh Gubernskikh, Uezdnykh i Volostnykh ispolkomov. Tsentral'noe Izdatel'stvo Narodnogo Komissariata Zemledeliia. – M.: 1919. – 24 s.
3 Qazaq qogamyndagy akimshilik-sharuashylyq zhuielerinin evoliutsiiasy. – Almaty: Ekonomika, 1999. – 361 b.
4 Qazaqstan Respublikasy Shygys Qazaqstan oblysy Qazirgi zaman tarikhyn quzhattandyru ortalygy (Semei qalasy). 152-q. 1-t. 50-is.
5 QR ShQO QZTQO. 48-q. 1-t. 4-is.
6 «Qazaq» gazeti. Qurast: Subkhanberdina U, Dautov S. – Almaty: Qazaq entsiklopediiasy, 1998. – 560 b.
7 QR ShQO. QZTQO. 48 q. 2-t. 1-is.
8 Zhirenchin K.A. Politicheskoe razvitie Kazakhstana v XIX – XX vekakh. – Almaty: Zheti Zhargy, 1996. – 352 s.
9 QR ShQO QZTQO. 72-q. 1-t. 90-is.
10 QR ShQO QZTQO. 72-q. 3-t. 2-is.
11 QR ShQO QZTQO. 48-q. 1-t. 63-is.
12 QR ShQO QZTQO. 37-q. 1-t. 127-is.
13 QR ShQO QZTQO. 37-q. 1-t. 6-is.
14 QR ShQO QZTQO. 37-q. 1-t. 1-is.
15 Koigeldiev.M., Omarbekov T. Tarikh tagylyms ne deidi? – Almaty: Ana tili, 1993. – 208 b.
16 QR ShQO QZTQO. 139-q. 1 t. 26-is.
17 QR ShQO QZTQO. 152-q. 2-t. 95-is.
18 QR ShQO QZTQO. 583-q. 1-t. 17-is.

Е.Е САЙЛАУБАЙ
(Семипалатинский ГПУ, к.и.н.)

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

Резюме

В данной статье рассматривается история становления и деятельности земельных учреждений на примере Восточного Казахстана. Анализируется деятельность национальной элиты по формированию этих организаций.

Ключевые слова: казах, земля, земельный вопрос, комитет, земство, власть, учреждение...

E. E. SAYLAUBAY
(Semipalatinsk State Pedagogical University, PhD in History)

THE HISTORY OF FORMATION AND ACTIVITY OF LAND INSTITUTIONS IN THE EAST KAZAKHSTAN

Summary

This article is devoted to the history of formation and activity of land bodies by the example of East Kazakhstan. The activity of national elite on the formation of these bodies was also analyzed in this paper.

Keywords: Kazakh, land, land issues, committee, district council, power, institutions.

ТАРИХ ЖӘНЕ ТҮЛҒА ИСТОРИЯ И ЛИЧНОСТЬ HISTORY AND PERSON

ӘӨЖ 950 (574)

Д. Сәтбай

(Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, т.ғ.д.)

О. Сүлейменов және Қазақстандағы тарихи ойдың дамуы

Аннотация

О. Сүлейменов есімін Қазақстан ғана емес, шетелдік қоғамдық пікірге таныстырып жатудың қажеті жоқ. Мақалада О. Сүлейменовтің Қазақстандағы тарихи ойдың дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Ақынның шығармашылығы 60-шы жылдары басталып, бірден тарихи бағыт-бағдар алды. Оның себебі кеңестік тоталитарлық жүйе жағдайындағы ресми тарих ғылымының объективті түрдегі шектеулігінен туындайтын. Осындай жағдайда ресми тарих ғылымы қозғай алмаған ұлттық тарихтың мәселелерін ақын жеке белсенділігімен қозғай алды. Атап айтқанда, алғашқы өлеңдері мен поэмаларында, публицистикалық мақалаларында ақын Отандық тарихтың өзекті мәселелерін күн тәртібіне қоя отырып, қоғамдық пікірде үлкен серпіліс тудырды. Әсіресе, 1958-65 жылдардағы осы бағыттағы О. Сүлейменовтің белсендігімен ешкім таласа алмас еді. Ол Е. Бекмахановқа қатысты ұнамды пікір жазушылардың қатарынан көрінді. 1963 жылдан бастап, «қазан төңкерісіне» дейінгі ұлттық тарихтың мәселерін ресми трибуналардан айтатын болды. Автор О. Сүлейменовтің Қазақстандағы тарихи ойдың дамуына қосқан үлесін екі кезенге бөледі – 1960-шы жылдардан «Аз и Я» шыққанға дейінгі (1975) және одан кейінгі кезең.

Түйін сөздер: Қазақстан, ғылыми тарихи ой, ақындар, жазушылар, жазушылар одағы.

О. Сүлейменов шығармашылығының Қазақстандағы ғылыми тарихи ойдың дамуына ықпал етуінің екі кезеңін бөліп алуға болар еді. Бұл 1975 жылы «Аз и Я» кітабы шыққанға дейінгі кезең және одан кейінгі аралық. Кеңес одағындағы «жылымық» кезең – 1958 жылы «Пастернак ісімен» өзінің шектеулілігін көрсетті. «Пастернак ісі» сондай-ақ жоғарыдан сәл қысым көрсетушілік ишарат білдірілсе, зиялылардың партиялық номенклатураға қызмет етуге дайын екенін байқатты. Бұл жылдары және 60-жылдардың басында Кеңес басшысы Н.С. Хрущев тарапынан кеңестік орыс зиялылары А. Вознесенский, Д. Гранин, Р. Фальк, Э. Неизвестный, М. Хуциев және т.б. шығармалары сынға ұшырады. 1958 жылдан бастап Мәскеу шығармашылық жастары революцияның романтикалық кезеңін білдіретін Маяковский ескерткішінің алдына жиналып шерін тарқасатын және цензура жібермеген өлеңдерін оқуды дәстүрге айналдырды. Сондай-ақ, Политехникалық музейде ақындық кештер өтіп, халықтың алдына да танымал жас ақындар Е. Евтушенко, Р. Рождественский, Б. Ахмадулина, А. Вознесенский т.б. өлеңдерін оқыды. Ақындық-публицистикалық қозғалыстың күшті қанатын Б.Б. Окуджава мен А. Галичтің авторлық өлеңдері құрады. 1950-жылдардың соңына қарай Кеңес ақындары мен жазушыларының жаңа толқыны өз беттерінше дербес машинопистік журналдар шығарып, өздерінің туындыларын жариялады. Осылайша, «Самиздат» өнімдері пайда болды. «Самиздаттарда» ресми цензурадан өтпеген «кеңестік лагерь», қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық, әділетсіздік тақырыбындағы материалдар басылды. Шынайы қоғамдық пікірді партияның «қолбаласына» айналған журналистика білдіре алмай, ақындар білдіріп жатты. Олардың кейбір кештері стадиондарда өтті. Олардың кештеріне халық футбол көруге жиналғандай жиналды. 1958 жылы Жоғарғы әдебиет институтына оқуға түскен О. Сүлейменов нақ осы «алпысыншы жылдықтардың» ортасына түсті және оның достары солар болды.

«Қайта өрлеу қуаты Москвадан тарады, ол кезде онда, озонмен жаңартылып, жарықтың жаңа сәулелерімен нұрландырылған Сталиннен кейінгі мәдени атмосфера қалыптасып жатты. Сол жылдары үлкен Астанада жұмыс істеген немесе оқып жатқан республиканың өкілдері, өздерінің туған өлкелерінде кеңестік ренессанстың ықпалын жүргізушілер болды. Әрбір одақтас республикада Қайта өрлеу

ауқымындағы тұлғалар өсе бастады, – дейді О. Сүлейменов, – Біздің девизіміз: «біздің халқымыздың тарихынсыз, әлем тарихы толық бола алмайды» – болды. Өткеннің тереңдігінсіз болашақтың биіктігі мен осы шақтың кеңдігі мүмкін емес деген тарихтың ауқымды формуласын біз халықтың санасына енгізе бастадық» [1]. Осы жылдары Москвада және Ленинградта, Ресейдің т.б. қалаларында оқыған немесе қызмет бабымен жүрген О. Сүлейменов, М. Әуезов, Б. Жансүгіров, Б. Тайжанов сәл кейініректен С. Ақатай, М. Тәтімов, сондай-ақ Ә. Әлімжанов т.б. тарихи әділеттілік рухын өз ортасы арқылы қоғамға биресми таратушылар болды. Алпысыншы жылдардың басында 30-жылдардағы сталиндік репрессия құрбандары жайлы көп айтылды. Бұлардың ішінде әке-шешелері немесе туысқандары қуғын-сүргінге түспегені жоқ еді. «Тарихи емес халықтардан» тартылып алынып, «қарғыс атқан өткен» анықтамасымен бояу жаққышпен өшірілген тарих бірінші рет «алпысыншы жылдықтардың» кітаптарында қорықпай және батыл қозғалды» [1], – дейді О. Сүлейменов.

«Көптеген қазақ тарихшыларының пікірінше, Қазақстандағы 60-80-жылдардағы режимге қарсы оппозиция бұқаралық сипат алған жоқ, оған жекеленген адамдар ғана қатысты. Алайда бұндай көңіл-күймен ұйымдардың пайда болуы кеңес жүйесі жағдайындағы құбылыстық оқиға болды» [2] – дейтін тарихшы Жанна Қыдыралина пікірінің жаны бар. «Қазақстан Жазушылары Одағының жұмысына, әдеби шығармалардың сапасына, жазушылардың жеке мәдениетіне зер сала келе, 1960-70-жылдардағы оң өзгерістерді байқауға болады. Кеңестік жүйенің 1937-1938 және 1946-1953 жылдардағы «қанды эксперименттері» мінездерінің ортақ менталитетінің қалыптасуына тағдырлы әсер еткен жазушылардың аға ұрпағына қарағанда, көзқарастары жаңа жағдайларда – «жылымық» жылдары қалыптасқан ақын-жазушылардың жаңа ұрпағы – «алпысыншы жылдықтар» бұл жылдары белсенділік танытқан еді. Осы жылдары өндірте жазған І. Есенберлин, жаңа буынның өкілдері О. Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, Ә. Кекілбаев, М. Әуезов, А. Сүлейменов әдебиетке үлкен кәсіптік дайындықпен келді. Аға ұрпақтың өкілдеріне саяси бағытқа сәйкес, шығармаларын «түлетіп» отыру тән болса жаңа буынның өкілдеріне мейлінше тұрақтылық тән болды. Кеңестік идеологиялық қатпарлар бұл авторлардың шығармаларында да орын алғанымен, олардың туындыларында «социалистік реализмнің» шарттылықтары қатаң сақталынған жоқ. Қ. Жұмаділовтің айтуынша, шынында да нақ осы жылдары Қазақстан Жазушылары Одағы биресми «ұлттық партия» міндетін атқарды.

Қазақстандық «алпысыншы жылдықтардың» басында жас та болса, объективті түрде О. Сүлейменов тұрды деп айтуға негіз бар. Өйткені басқа «алпысыншы жылдықтар» сол онжылдықтың екінші жартысында ғана өндірте жаза бастаса, 1958-65 жылдар аралығында О. Сүлейменовтің тарихи тақырыптарды қаузалау белсенділігімен ешкім таласа алмас еді. О. Сүлейменов «алпысыншы жылдықтар» ішіндегі ең тарихи ақын болды, оның жазған туындыларының барлығына тарихтың «жер асты күбірі» мен бүгінгі күннің лүпілі тән болды. Ақын 1958 жылы белгілі тарихшы Е. Бекмахановтың жаңадан түзетіліп жарыққа шыққан «Қазақстанның Ресейге қосылуы» кітабына жағымды пікір білдірушілердің қатарынан көрінді [3]. Соңынан ерген даулы шаласы бар автордың кітабына пікір білдірушілердің қатарынан белгілі тарихшылар көрінбей, әлі ешкімге белгісіз Олжас Сүлейменов сынды жаңа жас есімнің көрінуінің принциптік маңызы бар. Қорқыныш жұтқан көңіл күй бұғауынан ең азат зиялылардың жас буын өкілдерінің бірі О. Сүлейменов болды. Мектепте оқып жүргенде-ақ мақсаты мен міндетін өзі үшін айқындап алған ақын романтикалық арманның жетегінде құрғақ, қол қусырып жүре берген жоқ. Жүйелі түрде алған бағытында аянбай еңбек ете берді. Біреулердің ақыл кеңестерін, рұқсат етуі, рұқсат етпеуін күтіп отырмады. Ол кезде ресми ғылымнан да қайран жоқ еді. Ақынға оның қажеті де болған жоқ. Олжас Сүлейменов бұл ізденістерінен өзіне пайда да, ғылыми атақ пен мансап та іздеген емес. Бүгінгі тілмен айтқанда жеке басының имиджі туралы ойлаған да жоқ. Қиян кескі тарихи ізденістерінің барысында оның республика мен Одақтағы имиджі өзінен өзі жасалынып жатты. Ақын өз өлеңдері жайлы біреулердің жағымды пікір білдіруін сұраған да емес, олардың барлығы оның еркінен тыс молынан жазылып жатты. Бұл жағдайлардың барлығы сөз жоқ оның қолын екінші кезектегі міндеттерден босатты. Әрбір өлеңі, әрбір ғылыми мақаласы жазылған сайын мақсатына мысықтабандап жақындаса, әрбір кітабы жарыққа шыққан сайын қарышты қадамдар жасалды. Ол еркін болды және жұмыс істей білді. Оның асаулығына ешнәрсе тұсау бола алмады. О. Сүлейменовте бабасынан берілген мақсатынан басқа ештеңе болған жоқ. Тарихи қуатқа толы О. Сүлейменовтің нұрлы да таңсық, тегеурінді поэзиясының толассыз нөсерінен оның кем-кетіктерін, тарихи астарын «экстремизмін» көру мүмкін болмай қалды. Елуінші жылдардың аяғы алпысыншы жылдардың басындағы қазақ халқы мен мәдениетінің шын жағдайынан, қазақ зиялыларының потенциалдық мүмкіндігі мен шектеулілігінен мол хабардар ол тоталитаризм жағдайындағы өзінің шығармашылығына аса жауапкершілікпен қарады. Кеңестік Қазақстанның жетістіктері партиялық құжаттарда, ресми басылымдарда күн сайын марапатталып жатқан нөпір жағдайындағы оның шығармашылық кредосы тарихи бағытта құралды.

О. Сүлейменовтің ерен еңбегі сонда, ол өзінің жеке тарихи азаматтық сезімдері мен ой-талғамдарына қоғамдық сипат пен ұлттық мән-мағына бере алды: «бозбалалық шақтағы «Мен кіммін?» сұрағына жауап «Осы біз кіміз?» сұрағының негіздерін білуге байланысты» [4, 11 б.]. Әдебиет институтында оқып жүрген мерзімдегі Б. Слуцкийдің: «Ақын тек сөз тіркестерін коллекциялаумен айналыспай, барлық нәрсеге қызығушылық таныту тиіс. Өлеңнен басқаға да назар аударыңыз, мұнымен әлемдік поэзия кедейленіп қалады деп ойламаңыз. Өлеңдер сол кезде жазылады. Бір нүктеге қадалумен шектелсеңіз, музаны үркітесіз. Ол сұраншақтықты сүймейді» [4, 10-11 б.] – деген кеңестері қашан да О. Сүлейменовтің көкейінде тұрды. «Мен өзім үшін қазақтардың тарихын қалпына келтіре бастадым. Жақын тарихымыздан бастадым. Ленин кітапханасын игере отырып, белгісіз тарих беттерін іздестірдім. 1926 жылғы санақ бойынша «қазақтар -- Кеңес одағындағы сан жағынан ең көп түркі халықтарының бірі – 6 миллион 200 мың адам. 1939 жылы 2 миллионға жуығы ғана қалған. Бұл цифрлардан жүрегім мұздап қоя берді. Ұлттық азшылық бақытына ие болу үшін осыншалықты құн төлеген басқа бірде бір халық бар ма екен? Өзін осыншалықты қорлатып қою үшін қаншалықты қойдай момақан болу керек еді. Бүкіл дала аштықтан өлгендердің мәйітіне толған, ал сол жылдардағы қазақ газеттері болса, ояңған өлкеден көтерілген жарқын болашақтың таң шапағаты туралы жарыса жазып жатты. Момындық, жағымпаздық пен жанаярлық, қорқақтық өтіріктің таңбасы біздің жазғыштардың маңдайына күйдіріліп басылған, оны әдебиет деп атаудың өзі күнә» [4, 11 б.] – дейді О. Сүлейменов.

О. Сүлейменовтің өз халқы тарихының кем-кетігін толтыруға кіріскендігі жеке құлшынысы жан тебіренерліктей. Бұл ақынның ішкі ар-ождан жағдайы. Өзінің тақырыбына, ар-ождан жағдайына қоғамдық сипат беру үшін ақын 60-жылдардың басында айрықша шығармашылық және ұйымдастырушылық белсенділік көрсетті. Ақынның алғашқы өлеңдерінен-ақ, тарихи патриоттық сарын байқалса, публицистикалық мақалаларында Қазақстанның өткен және қазіргі заман тарихына қатысты көкейтесті мәселелер күн тәртібіне нақты қойылып отырылды. Әсіресе, 1962-65 жылдары жазылған публицистикалық мақалаларының ішінен «Қаһарманым хақында», «Менің Шоқаным», «Мұрат Хамраев туралы» және «Игорь полкі туралы жырға» қатысты топтама мақалаларының орны ерекше [5, 89-90 б.]. Бұл мақалаларында ақын қазақ әдебиеті мен тарихына, оның жеке тұлғаларына және түркіславистикаға қатысты соны пікірлерді күн тәртібіне қойды. «Менің алғашқы мақалаларым мен жас оқырмандарға арналған үндеулерім, 60-жылдардың басындағы тұңғыш жыр жинақтарым қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптарға тиым салулардың перделерін алып тастағандай еді» [6, 128 б.] – дейді Олжас Сүлейменов.

Қазақ ақындарының шығармашылықтарындағы ең басты кемшілік, сырт көзге байқала қоймайтын формалистік элементтерді дәл көрсете отырып ақын әріптестерін өз тақырыбына былай деп қамшылайды. «Өлеңдерді жасайтын лексикалық образдар емес, ақынның моральдық бейнесі. Өлең техникасын үйренуге болады, оның әдістері де белгілі, азды көпті сөз түйсігі бар кез келген адам әдеби тілмен жаза алады. Бірақ ақиқат шындық мынада: талант дегеніміз, ең бірінші кезекте жеке тақырыбыңның болуы. Ол жоқ болса, ақын да жоқ» [7, 8 б.]. Бұл зиялы үшін оңай жүк емес, күрделі өнер, кез-келгеннің қолынан келмесі анық. О. Сүлейменовтің ойынша, жеке тақырыбыңды табу үшін құрғақ энтузиазмның болуы жеткіліксіз, ең бірінші кезекте адами ар-намыс, ұлттық қадыр қасиет сезімің болуы керек. «Адами ар-намыс сөзсіз қажет. Бұл оянып келе жатқан Азияның басты тақырыбы. Менің жеке тақырыбым, – дейді О. Сүлейменов. – Қазақ өлеңдеріне, әлеуметтік өлеңдеріне формасы мен мазмұнын әлемдік ететін ар-намыс қажет. Ар-намыс биігінен ғана мен бүкіл адамзатты көре аламын. Бүгінгі жағдайда адами қадыр қажетті қалпына келтіру, ұлттық намысты қалпына келтіру жолымен ғана жүрмек» [7, 15 б.]. 1962 жылы шыққан «Нұрлы түндер» кітабында ақын «Мен көптеген халықтардың тарихын білемін, енді қазақтардың тарихын білгім келеді. Көшпенділер бізге жазба ескерткіштерін қалдырған жоқ, олардың көштерінің маршруттары орыс жылнамаларында қытай энциклопедиялары мен араб барлаушыларының күнделіктерінде сақталынған. Бізді көп жұмбақтар күтіп тұр. Болашағымыз – өткен тарихымыздың тоқетері» [8, 177-178 б.] – деп мәлімдесе, келесі 1963 жылы «аласартпай тауларды, асқақтатсам даламды» дүниетанымдық тұжырымдамасын ұсынды. 1963 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Қаһарманым хақында» атты мақаласында «көне замандағы қазақтар» мәселесіне жалтақтамай қарауға шақырды. Ақынды халқының надандық пен қараңғылыққа толы өткені туралы жалпылама мәлімдемелер қанағаттандырмайды. Оның ойынша, бұл қағиданы отаршылдардың идеологтары пайдаланып жүр және өзіміздің босандығымыз, пәстігіміз арқылы оларға сылтау тауып берудеміз: – «Менің ұрпағымның өмірі өксікпен, жалынмен жазылған. Оның қадыр қасиеттері де өз ауқымынан шығып биік тұр. Жақын арада тыныш орнай қоймас және де жүрек, әділеттілік алаңындағы барабан дүрсіліндей соға бермек. Менің ұрпағым жердің бұжыр бетіндегі қылшықтай. Біз үрпісіп тұрмыз, біздің ұсқынымыз қашып кеткен, ашу-ызаға булығып қап-қара болғанбыз. Біздің нұрланып ағаруымызға ұстара мүмкіндік бермей тұр. Біз өз халқымызды тарихтан ғана емес, зауыттардан,

трамвайлардан, мойынқұм қыстауларынан табудамыз... Батыл бол менің халқым, есеңді жіберме. Әркім, егер ола адам болса, өмірінде бір рет жеңіске жетуі керек қой. Күнделікті тұрмыста сыпайы бол. Ал ұрыста, ғылымда, жұмыста, бокста ынжық болма. Отан үшін шайқаста біздің Әлия, Мәншүк, Бауыржан ынжық болып па еді. Өз ақындарыңның өрлігін, тәкәппарлығын сақтай алсаң, сен де ұлысың, менің қаһарманым, менің халқым» [7, 16-18 б.] – дейді. Бұл Абайша айтқанда:

Қайғы шығар ілімнен
Ыза шығар білімнен
Қайғы мен ыза қысқан соң
Зәр шығады тілімнен – нің

кері еді. Олжастың көңіл-күйі Абайдан бастау алған қазақтың қорланған ұлттық санасының табиғи жалғасы. Абай тығырықтан шығуды ағартушылықтан іздесе, енді ол жеткіліксіз. Олжас халқының жоғалған тарихын іздеп табу арқылы халқының ұлттық қадыр қасиетін, ар-намысын қалпына келтіру керек деп есептеді. А. Тойнбише айтқанда, Абайдың уақыт талабына берген жауабы – оқу білім болса, жаңа жағдайлардағы Олжастың жауабы өз халқының адамзат тарихындағы орнын табу арқылы оның рухын реанимациялау, жан бітіру және момындық, ынжықтыққа қарсы азаматтық тарихи белсенділікке шақыру болды.

Енді 26 жастағы Олжастың ойлау қарымын бағаңдайық. «Менің жасым жиырма алтыда... Соңғы жылдары жүздеген тарихи кітаптарды ақтарып шықтым. Қалам ақыларымның барлығын Кеңес Одағының ірі кітапханаларында жұмыс істеу үшін жұмсаймын. Мен біздің Ғылым Академиясындағы қарттарымыз тауып бере алмай отырған жоқты іздеушімін». Бұл А. Байтұрсыновтың «Қазақ жоқ іздеуші халық» дегенімен қалай үндеседі десеңізші. Бұдан әрі қарай Олжас: «Ресейдің, Қытайдың, Американың, Грецияның, Францияның, Ирактың тарихын білемін, бірақ әлі қазақтардың тарихын біле алмай отырмын. Көшпенділердің орны көрінбейді. Мен былай деп батыл мәлімдеймін: кітаби халықтардың («отырықшы» – Д.С.) тарихындағы көптеген қараңғы тұстарын түркілердің тарихын білмей түсіну мүмкін емес. Уақыты келгенде нағыз шын, реалистік кітап «Ақиқат тарихтың» жазылатына мен сенімдімін. Оның дүниеге келуіне мен кінәлі болармын деп ойлаймын. Тек ақындар ғана ежелгі тілжасаушылар салып кеткен сөздің мәнін түсіндіре алады. Туған тарихты білу – интернационалдық сана дамуының қажетті шарты» [7, 16-17 б.]. Жоспар мен жүзеге асырудағы қандай батыл жүріс? Өзіне деген неткен сенімділік. Жігері құм болған халыққа қандай рух берушілік.

О. Сүлейменов ұлттық қоғамдық пікір үшін көкейтесті мәселелерді баспа және баспасөз беттерінен ғана емес, мүмкін боларлық мінбелерден, ең бірінші кезекте Жазушылар Одағының трибуналарынан айтып отырды. 60 жылдардың басында Жазушылар Одағында «тарихи романдар көбейіп кетті, поэзияда әлеуметтік сарын азайып бара жатыр» деген мазмұндағы пікірлер қисынсыз көп айтылатын. Осындай жағдайда О. Сүлейменовтің туған дала тарихы тақырыбын қоғамдық пікірге белсенділікпен таңуы ұлтшылдық туралы күдік ойларды туғызбауы да мүмкін еместін. Осыны меңзегендей 1963 жылы IV Бүкілодақтық жас ақындар кеңесінің шығармашылық семинарында Кеңес поэзиясының ақсақалы Н. Тихонов, О. Сүлейменовтің ұлттық тарихи дәстүрге арналған өлеңдер жиілігі осындай пікірлер тудыруы мүмкін, бірақ та мүлде олай емес, ол кеңестік интернационалистік ақын дей келе: «О. Сүлейменов кеңес поэзиясында бұрын соңды болмаған оқиға, оңдай екінші құбылысты мен білмеймін. Орысша жазатындар бар, бірақ мұндай құдіретті білмеймін... Біздің ақындар бір адым алға баса отырып неге артына, өзінің тарихына қарайламасқа, артында не бар екенін көрмеске? О. Сүлейменовтің орасан зор басымдығы осында... Ол Антей сияқты туған жеріне аяғын тіреп тұрып, серпіледі және алғашқы күшті де содан алып отыр» [9, 262 б.] – деп оның шығармашылық басымдылықтарын басқаларға үлгі қылады. О. Сүлейменовтің ұлт мәселесіне келгендегі репутациясы 1975 жылға дейін кіршіксіз болып, отыз жылдық үзілістен кейін осы қалпына қайтып оралды.

Алайда «жылымық» атмосферасындағы Мәскеуге қарағанда жергілікті жердегі «қырағы» әріптестер бұрыннан келе жатқан үрдістерінен арылған жоқ еді. Шамамен 1963 жылдан бастап Олжастың «ұлтшылдығы» жайлы орталыққа, КСРО Жазушылар Одағына, дәлірегі Аграновскийге жіберілген сыпсың мәліметтердің куәсі боламыз. Біздің ойымызша, сұрқай әріптестер саяси сипаттан гөрі, қызғаныш, көре алмаушылық сияқты пендешілік әлсіздіктердің жетегінде кеткенге ұқсайды. Солардың бірі И. Абрамов дейтін біреудің 1963 жылдың 17 ақпанында Аграновскийге жазған хатында былай делінеді: «1962 жылдың көктеміндегі О. Сүлейменов туралы «Масаң Парнас» деген фельетонда Сүлейменовтің шырғалаңдары туралы әңгімеленді. Бұл жолғы оның серіктестері сыншы, Қазақстан мемлекеттік баспасының орыс бөлімінің меңгерушісі Н.Ровенский, Москва жазушыларының бірі және жергілікті активтің үш өкілі болды. Олар үкімет үйінің жанындағы Ленин ескеркішінің түбінде ішкілік ішті. Масаң топтың ішіндегі ең таланттысы, әрі батылы О. Сүлейменов ескерткішіне достық пейілмен

стақанын соғыстырып тұрып, шамамен «Қазақстанда қазақтар тұрар болар» деген мазмұнда тост айтты» деп жазылды [10, 33 п.]. Дегенмен КСРО Жазушылар Одағына түскен мұндай мазмұндағы хаттар аяқсыз қалдырылып отырылды. Ауладағы сағат тілі басқа саяси ахуалды көрсетіп тұрған еді.

Десе де 60-жылдардың басында Қазақстан Жазушылары Одағындағы ескі әдет – бірінің шығармашылығынан екіншілерінің «ұлтшылдықты» іздеу кеселі күшінде болды. Бұл әсіресе аға ұрпақ жазушыларының айықпас дертіне айналып үлгірген болатын. Тақырыпты желеу етіп, жік-жікке бөлінген жазушылардың үлкен бір тобы өздерінің топтық, жершілдік, қызметтік мүдделерін көздеді. Жағдайдың асқынғаны сондай, 1963 жылдың 9 тамызында өткен Қазақстан Жазушылар Одағының V пленумында сөйлеген сөзінде жазушы Ө. Әлімжанов: «Бұл айтыс-тартыстар туралы бізде ғана емес, шетелдерде біледі, герман баспа сөзінде де біздің айтыс-тартыстарымыз туралы айтылып өткен. Бұл туралы Ленинград жазушылары да реніш танытып: сендерге не болған, істейтін тірліктерің қалмаған ба деп сұрауда» десе, Ғ. Мүсірепов: «біздің одағымыздың бүкіл практикасында топшылдық болды, әсіресе соңғы жылдардағы біздің баспа органдарымызда екі топ көзге көрініп тұр – бірінші топ газетті басып алса, екінші топ «Жұлдыз» журналын өз қолына алған» [11, 160-164 п.] деп атап көрсетті.

Осы пленумда О. Сүлейменов тарихи тақырыпты қорғап, оппоненттерін тұқырта сөйледі. «Социалистік реализм» классиктерінің беделі оған бедел болудан қалды: «Жас ақындарды лирикадан әлеуметтік поэзияға күштеп итермелеу дұрыс емес. Кез-келген адам халықтың атынан сөйлей алмайды, олай етуге көрінгеннің хақысы жоқ, – дейді О. Сүлейменов. – Екінші қарсылығым мынада: осында біздің көптеген жазушыларымыз тарихи тақырыпқа көп көңіл бөлгені үшін сынға алынды. Мен керісінше, жазушыларымызды осы тақырыпқа аз көңіл бөлгені үшін сынау керек деп есептеймін. Сондықтан жазушыларымыз өткеніміз туралы және болашағымыз туралы тайсалмай айтуы керек... Сіздердің балаларыңыз төрткүл дүниенің тарихын білсе де, өз халқының, қазақ халқының тарихын білмейді. Кішкентай халықтар да үлкен халықтарға мәдениеттің үлгілерін беріп отырды және Үлкен мәдениетті өз мәдениетінің жарқыраған қырларымен байытпай, оған ештеңе бермей, басқа халықтың ішінде кірігіп жоқ болып кететін халық нашар және жек көруге лайықты халық. Мұндай сана сезім біздің әрқайсымызда болуы керек, бұл тақырыпта үнемі ойланып жүруіміз керек... Тек бір жылдың ішінде ғана Жазушылар Одағында ұлтшылдық туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. Атам заманнан бері қарай, оны кімдер көтеріп отырса, солар тағы да көтеріп отыр» [11, 38-42-44 п.].

1964 жылы жазылған «Мұрат Хамраев туралы», 1965 жылы «Менің Шоқаным» атты мақалаларында да ақын осы концепциясын одан әрі өрбітеді. «Шоқан пайда болуы үшін бүтіндей бір ұрпақ тәуекелге барып, бір әулетті сақтап қалуы үшін қаншалықты қымбат та нәзік қасиеттерді ғасырдан ғасырға жинау қажет болды. Данышпандар халыққа қаншалықты қиындықпен беріледі және одан халық қалайша оңай айырылып қалады десеңізші! Алайда, жердегі өмір заңы қатал: егер халық адамзатқа бірнеше ұлы адам бермесе, онда ол тарихтағы өзінің өмір сүргенін ақтамағаны. Ең надан, адамдардың ең жабайы қоғамдары ғана таланттардан қорқып, оны жояды. Өздерінің болашағына қол жұмсайды» [12] – дейді О. Сүлейменов.

Парадоксальдылығы сонда, ресми ғылымда тас-түйін немқұрайдылыққа тап болғандығына қарамастан 1961-1965 жылдары О. Сүлейменовтің қоғамдық көпшілікке арнап жазған мақалалары зая кетпей, республикадағы ғылыми тарихи ойдың ілгерілеуіне оң қозғау салып отырды. Түркіславистика мен ортағасырлардағы қыпшақ тарихына қатысты кеңестік тарихнамада бірде бір арнайы зерттеу жұмыстарының болмағандығын ескерсек, оның маңызы зорая түспек. «...Қыпшақтар туралы бірде бір зерттеу жоқ. «Тағы дала» тарихи циклдарым мен «Игорь полкі туралы жыр» (1961-65 жж.) жөніндегі менің соңғы он жылда жазған мақалаларымнан кейін ғана қазақ әдебиетінде қыпшақ тақырыбының пайда бола бастағаны зор мақтанышпен атауға тиістімін, – дейді О. Сүлейменов. – Менің «тапсырысым» бойынша Морис Симашко, Мамлюк Бейбарыс туралы «Емшан» және Юрий Плашевский «Қыпшақ жолы» романын жазды. Ғалымдарды әзірге оятудың сәті түскен жоқ. Тарихшылар әлі күнге дейін летаргиялық қалың ұйқыда. Қазақ ССР-і Ғылым Академиясының каталогінен мен «Вриенний хроникаларының» (1890ж) орысша басылымын тауып алдым. Вриенний, – Анна Комниннің күйеуі. Оның хроникасын «Алексиадамен» салыстыру (революцияға дейінгі басылымы маған белгілі еді) қыпшақтардың Византиямен одақтастық қарым-қатынастары тарихының кейбір сәттерін анықтауға мүмкіндік беретін және Анна айтпаған жаңа мәліметтерді алуға болатын еді. Тапсырысты беріп тағат таппай күтіп отырмын... Мен «Вриенний хроникаларының» беттерін тарақтарыммен тарап аштым. Бұдан былай Академия кітапханасына баратын болсам, қағаз беттерін аршу үшін қасап пышақ алып баратын болдым. Біздің кітапханадағы қыпшақтар туралы революцияға дейінгі деректерді алғаш рет ашқан мен едім» [13, 168 б.]. Республикадағы тарих ғылымының жәй жапсарынан мол хабардар беретін осы бір дәйекке түсініктеме беріп жату, әрине, артық. Ресми тарих ғылымынан қайран жоқ жағдайында О.

Сүлейменов ежелгі және орта ғасырлық Қазақстан тарихы бойынша түп деректердің барлығын қарап шығып, оларға егелік етті. «60-жылдары «Игорь полкі туралы жырдағы» түркі сөздерімен айналыса отырып, мен, ол туралы барлық деректерді және олар жөніндегі әдебиеттерді оқып шықтым. Сол жағалаулық Украина бойынша жазылған еңбектерден мамлюктер жайындағы мәліметтерді кездестірдім» [14] – О. Сүлейменов.

Алпысыншы жылдардың екінші жартысында сан жағынан өте аз, онда да негізінен ХІХ ғасырмен шектелген тарихи романдар мен повестер оқырмандардың арасында танымал болды да, керісінше «осы күннің тақырыптарына» жазылған бірсыдырғы нөпір әдебиет оларды әбден мезі етті. 1966 жылдың 18-20 мамыр күндері өткен Қазақстан Жазушылары Одағының V съезінде бұл тенденция аталып өтпей, барлығы мамыражай жағдайда өтті. Кемшіліктердің барлығы үн-түнсіз конформистік сарында айналып өтілді. Жаңа буынның өкілі жазушы-сыншы Асқар Сүлейменов қана: «ағынан жарылу жоқ, жалындап жану жоқ, уайым жоқ, заманауи терең ой, концепция жоқ, шығармашылық салыстыру жоқ» деп ұлттық конформистік әдебиетте қалыптасқан көзбояушылық пен формализмді өткір сынға алды және «әдебиет өнері барынша ұлттық болмай, барынша интернациональды бола алмайды» [15, 125 б.] – деп тыныштықты бұзса, аға ұрпақтың өкілі М. Қаратаев: «тәжірибелі талантты деген жазушыларымыздың бәрі бірдей жаппай тарихқа кетсе, қазіргі өмір қайда қалады» [16, 140 б.] – деп қапаланды. Бұл жылдары 1969 жылдың 2 сәуірінде республиканың жас ақын-жазушыларының кеңесінде Морис Симашко айтқандай «Ә. Әлімжановтың «Отырардан жеткен сый» немесе О. Сүлейменовтің патриоттық лирикалары сияқты кітаптардың саяси қажет екенін дәлелдеу үшін қаншама күш жұмсалды» [17, 174 б.]. Бұл жәйдан жәй емес еді. Белгілі әдебиетші А. Жовтис айтқандай «Олжастың көпшілік алдында оқыған өлеңдерінде сезік тудыратын тіркестер мен тіпті, тұтас өлеңдер кездесіп отырды» [18, 173 б.].

1966-1967 жылдардағы ақынның жырлары мен ғылыми мақалалары Қазақстандағы тарихи тақырып мәселесін көкейтесті ете берді. О. Сүлейменовтен басқа қазақ жазушыларының көпшілігіне қажырлы жеке ғылыми ізденіс жетіспеді, олардың туындыларының деректік ғылыми базасы әлсіз болды, ең бастысы туындыға дейінгі сіңірілген еңбек көрінбеді және бергі тарихпен шектелді. Объективті түрде мұндай жырлар мен прозалық шығармалардың танымдық қуаты, тартымдылығы әлсіз болды. Мәселе идеологиялық саяси кедергілерде ғана емес, жазушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ғылыми-теориялық әлуетінде еді. Қазақстан тарихшыларының арасында да орта ғасырлар мен отандық көне заманды зерттеуге ниетті энтузиастар өте аз болды, өйткені бұл бағыттағы ресми зерттеулер олардың күнделікті жеке практиканың мүдделеріне қайшы келді. Тарихшылардың дені үшін диссертацияны зерттеу тақырыптарын алу маңызды болды да азаматтық ұлттық мүдде ұмытылды. Қорғап алып, арманына жеткен күннің өзінде де жекеленген энтузиастар аз болды. Оны ұмытпағандардың ішінде Ә. Марғұлан мен А. Машанов сияқты санаулы ғалымдар ғана болды. О. Сүлейменовтің алғашқы өлеңдер топтамалары мен зерттеу мақалалары 60-70-жылдары белгілі жазушы редакторлық еткен республикалық «Простор» журналында тұрақты түрде жарияланып тұрды. Нақ осы 60-70-жылдары бұл басылым Одақ пен шетел көлемінде соны материалдары, еркін ойымен танымал болып «Шуховтың Просторы» атанды. Журналдың ерекше танымал болуында оның белсенді авторларының бірі О. Сүлейменовтің ғылыми зерттеу мақалаларының сүбелі үлес қосқаны сөзсіз. «Простор» журналымен рухтас орталықтың «Новый мир» журналының редакторлығынан 1970 жылы А. Т. Твардовский кетуге мәжбүр болды. Публицист-журналист Сергей Баймухаметовтың куәлік етуінше «Новый мир» талқандалғаннан кейін А. Твардовский қайтыс болар алдында: «Ештеңе емес... әлі Шухов бар, әлі «Простор» журналы бар» – деп Қазақстандық журналды медеу тұтқан көрінеді [19]. Бұған қосарымыз, 60-жылдары «Простор» журналында жарық көрген О. Сүлейменовтің «Игорь полкі туралы жырға» қатысты зерттеулері Одақтың зерттеушілер тарапына үлкен сұранысқа ие болды.

1969 жылы шыққан ақынның «Қыш кітабы» Одақ және Әлем көлемінде тарихи ойдың дамуына ойтүрткі болды. Кітап ресми тарих ғылымы дәстүрлерінің аясына сыймағандықтан қызу пікірталас тудырды. Бұл пікірталастар Мәскеу басылымдарында ашық, шығармашылықты, ешқандай күдіксіз жүрсе, республикада бақай есеп, бақталастықпен биресми жасырын жүрді. Талқылаулар Мәскеу мен республикадағы шығармашылық интеллектуальдық деңгейдің ара қатынасын жақсы білдірді. «Дәл осы кезде Олжастың: «Қыш кітабы» жарық көрді. Енді кітапты жамандап келушілер көбейді. «Ұлтшылдық рухында жазылған, орыстарға қарсы кітап», «ұлттар достығына нұқсан келтіреді» деген айып тағылды. Кітап тез тарап кетті. Кітапханада жинақты оқуға жұрт кезекке тұратын болды. «Осының барлығы тегін емес» «зиянды» деген ақыл кеңестер, алып қашпа сөздер орталық комитетке де жетіп жатты» – деп еске алады, сол жылдары Орталық Комитетте нұсқаушы болып жұмыс істеген жазушы Б. Тілегенов. – Жамандаушылар салып ұрып алдымен С. Имашевқа барады (Идеология жөнінде хатшы – Д.С.). ...Имашев бөлімге осы кітапты оқып шығып, көркемдік, идеалық дәрежесіне баға беруді тапсырды.

«Все эти истории со счастливым концом лежат на поверхности более массового явления: культурная революция была задействована на Турксибе с целью вербовки на свою сторону казахских кочевников. Сам факт того, что она предоставила альтернативу традиционному кочевничеству имело подрывное воздействие на местное казахское общество» [Р. 240]. Несмотря на разрушительное воздействие коллективизации (или благодаря нему), казахи полностью восприняли индустриальный образ жизни. К 1936 г. они составляли 41 процент промышленных рабочих республики, что являлось высоким результатом по «насыщенности», поскольку в результате голодомора доля казахов среди населения республики упала до чуть выше 35 процентов. Парадоксально, но факт, что усилиями самих казахов Турксиб на самом деле стал кузницей национального пролетариата, когда преобразования в казахской среде осуществлялись путем ассимиляции казахов в пан-советскую, русифицированную рабочую идентичность.

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ

ЭТНОЛОГИЯ И АНТРОПОЛОГИЯ

ETHNOLOGY AND ANTHROPOLOGY

ӘӨЖ 39+069.013] (574)

М.А. Хамитова

(Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, т.ф.к.)

Академик Ә. Марғұлан және фольклортану мәселелері

Аннотация

Мақала ғұлама ғалым Ә. Марғұланның тарихи фольклор бағытындағы өлшеусіз қызметі, ғылыми еңбектері туралы.

Түйін сөз: Орта Азия, Қазақстан, түркология, жазба еңбектер, тарихи фольклор.

Бүгінгі таңдағы түркология түркі халықтарының тілін ғана зерттеп қоймай, тарихын, әдебиетін, фольклорын, этнографиясын, философиясын, өнерін тұтастай да, саралап та зерттейтін кешенді ғылымға айналып отырғаны мақтаныш сезім ұялатады.

Кеңес дәуірі кезеңінде түркі әлеміне байланысты зерттеулерге қойылған кейбір шектеулерге қарамастан, түркология ғылымына қызығушылық танытып, мәселенің зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың, оның ішінде қазақ ғалымдарының орны ерекше. Осындай ғалымдардың бірі және бірегейі – академик Әлкей Марғұлан.

Отызыншы жылдардан бастап Ә. Марғұланның зерттеу нысаны болған эпостық жырлар, одан кейінгі жылдарда зерттеген қазақтың ежелгі сәулет өнері, мүсін тастар, шеберлік өнері тарихын зерттеуі болсын, негізгі үш саланы қамти отырып жүргізілгенін көреміз. Біріншіден, археологиялық экспедициялар кезінде қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған деректерді зерттеу, екіншіден, ежелгі, орта ғасырлардағы ғалымдардың, жиһанкездердің Орта Азия және Қазақстан туралы жазған еңбектерін зерттеп, оларды ауыз әдебиеті саласындағы зерттеулерімен сабақтастыра отырып қорытынды жасау әдісін қолданған. Тіпті, ауыз әдебиеті үлгілерін, оның ішінде ертегілер мен жырларды өзара салыстыра отырып, жыр мотивтерінің ұқсастық, ерекшелік жақтарын, мотивтің алғашқы және кейінгі іздерін халықтардың қоғамдық, экономикалық тарихын негізге ала отырып зерттеген.

Ә. Марғұланның ғалым ретіндегі басты ерекшелігі этнотарихи, этномәдени, этноархеология, этнолингвистика салаларына арнайы назар аударып зерттеуі екенін баса айтуымыз керек.

Ә.Х. Марғұлан – қазақ фольклорын, оның ішінде, қазақтың тарихи жыр-аңыздарына сүйене отырып, тарих пен этнографияны байланыстырып, тарихи фольклорды алғаш рет кешенді түрде зерттеген ғалым. К.Ақышевтің пайымдауынша, «археология мен этнографияны және фольклорды ұштастыра білген Әлкей Марғұланның ғылымға сіңірген еңбегі қызық кітаптың айқарма беті сияқты». Осы кітап уақыт озған сайын құнын еселей арта бермек [1, 45-б.].

Ә. Марғұлан өзінің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ежелгі жыр- аңыздар» атты еңбегінде: «Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан, сахараны қоныстанған әртүрлі көшпелі түркі тілдес елдер еді. Олардың ішінде жұртшылық майданынан белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырған жұрттар, ескі дәуірден шолып қарағанда, ғұн мен сақтар, үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар жұрты болмаса, өзгенің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері туындылары, бүгінге дейін Қазақстан жерінде жақсы сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталғанын» анықтады [2].

Фольклордың этнографиямен тығыз байланысты екенін, олардың өзара этностың тарихын зерттеуде бірін-бірі толықтырып отыратындығын академик Ө.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде дәлелдеді [3, 144 б.]. Бұған ғалымның 1946 ж. қорғаған «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты докторлық диссертациясы [4] және 1985 ж. жарық көрген «Ежелгі жыр-аңыздар» атты ірі монографиялық еңбегі дәлел [2]. Бұл еңбектерде Әлкей Марғұлан алғаш рет халықтың жыр-аңыздарын тарихи дерек ретінде пайдаланып, кешенді тұрғыдан зерттеген. Сонымен қатар осы тарихи жыр-аңыздарында қазақ халқының генезисін және өсіп-өрбу жолдарын кеңес дәуірінде алғаш айтқан ғалымдар қатарына жатады.

Ауыз әдебиетінің бай қазынасы Әлкей Хақанұлына әр кездері ой салып, ғылыми терең түйіндер жасауға көмектескенін көреміз. Сондықтан да ғалым халық ауыз әдебиеті үлгілерін үздіксіз және ерекше қадірлеп, көңіл қоя зерттеді. 1931 ж. С.Ф. Ольденбург, А.Н. Самойловичтердің басшылығымен Кеңестер Одағы халықтарының ауыз әдебиетін жинастырып, бірнеше том жинақ шығару мәселесі көтеріледі. Осы кезде Ө.Х. Марғұлан қазақ эпосы мен жыр аңыздарын орыс тіліне аударып, жария ете бастайды. Ғалымның алғашқы аударған еңбегі «Ер Тарғын» жыры [3, 145 б.].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба және сирек кездесетін кітаптар қорында Әлкей Хақанұлы 1939, 1941 жылдары жинап тапсырған жетпістен аса қазақ ертегілері сақталған [5].

Ө. Марғұланның пайымдауынша, ел аузында айтылатын эпос жырларының жыр түрі бірте-бірте ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналған. Оның мысалы ретінде «Ер Көкше», «Шора», «Қобыланды» жырларының қара сөз түріндегі нұсқаларын келтіруге болады. «Ер Төстік», «Арғы мерген», «Қара мерген», «Ақ Көбек» сияқты бүгінде ертегіге айналған эпикалық әңгімелер бір кезде эпос жыры болғанына Ө.Х. Марғұлан шүбә келтірмейді. Бұлар бергі феодалдық дәуірде жаңа мазмұн алып, алғашқы қауымдық құрылыс дәуірі кезіндегі сюжеті біраз өзгерген.

Ө. Марғұлан ғұндардың Европа елімен қарым-қатынаста болғаны тек тарихта жазылып қоймай, Европа елдерінің ұлы эпос жырларында, қария аңыздарында да сақталып келгендігі туралы жазды. «Олардың ғұндар туралы барлық қария аңыздарын толығынан алып жазған Блеер мен француз ғалымы А.Тьерри», – деп көрсетті. Ө. Марғұлан «Ғұндар туралы әдемі хикаялар әсіресе Скандинавия жырларында, мадьярдың қария сөздерінде жиі кездеседі. Ғұндардың бейнесі Скандинавияның «Ұлы Эдда», «Кіші Эдда» сияқты жырында дүниежүзілік әдебиеттің сюжеті болып табылған. «Ұлы Эдда» жырының бас геройы – Шығыстан Европаға келген алып ер. Ол өзі төзімді, өзі кемеңгер, өзі ел басқарушы, жылқы өсіріп, қымыз ішеді, көрмеде мүсін аттары байлаулы тұрады, ерлікті 12 жасынан бастаған атақты алып тұлға, алып ер Еділ» – дейді [2, 60 б.].

«Манас» жырын терең зерттеген Ө.Х. Марғұлан «Эдда» жырында Еділді ұлап өлтіру тәсілі Манасқа өте ұқсас, – деп жазды. Сонымен қатар, ғалым: «...Қазақ, қырғыз, алтай эпосында кейіпкердің бір ойлаған, мақсатты ісіне жете алмай, қамыққанда, қиын түс көріп, толғау сөздер айтуы» жөнінде ғылыми пікірін білдірген. Ө. Марғұлан жазуында мұндай аңыз да «Нибулин» жырында кездесіп отырады. Еділ өлерінің алдында түс көріп, оның өмірден өтетіні қолынан ұшып кеткен ақ сұңқар құс бейнесінде алдын ала сездіріледі, бақшадағы ағаштары солып қалғандай болады. Бұл аңыз ғұндардың айтуынан алынып, «Ұлы Эдда» жырына қосылған. Мұндай толғау айту қырғыздың «Манас» жырында, қазақтың «Орақ» жырында көркем түрде берілген. Демек, Шығыс пен Батыс елін жақсы танып, өзінің тарихы, мәдениеті әрі бай, әрі көркем, дүниежүзілік әдебиетке үлес қосқан ғұндардың жәйі осындай» [2, 61 б.]. Ө. Марғұлан жазуындағы «Нибулин» жыры С. Өтениязовтың зерттеу еңбегінде «Нибелунга туралы жыр» деп аталады.

Ө.Х. Марғұланның пікірінше: «Құла мерген», «Қара мерген» әңгімелері «Ер Төстік» ертегісінен сәл басқарақ. Мұнда қоғам тіршілігі өзгеріп, аз да болса, есейіп келе жатқан салт-сананың суретін көрсеткендей болады. Мұның «Ер Төстіктен» айырмашылығы: мұнда қазына, кен, алтын, күміс көп айтылады. «Құла мерген» жырының әлеуметтік мазмұны «Ер Төстікке» қарағанда басқарақ. Ел басқару ісі, қауым тіршілігі жұртшылықтың тұтас болуын тілек етеді. Сондықтан алып туған ерді, ер туғызған ананы үлгі етеді. Құла мергеннің қынабын іздеуі, ол қынаптан алмас кездік шығуы осы мысалдың ишарасы», – деп түсіндіреді Ө.Х. Марғұлан.

Ғалымның пікірінше: «Құла мерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу – тайпалар демократиясының бірлігін сипаттайды. Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі, ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қасиеттеу – ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында кездесетін «қара қазан», «қара мылтық» алу – жаудан кек алудың белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан сындырып» кек алудың

орнына енді оны сындырмай, жәбір көрген жаққа сол нәрселердің өзін беріп тыныштық жасайды. «Жеті жарғыда» кек алуға беретін символикалық нәрселер – «қара қазан», «қара мылтық», «қара нар», «қара күн», «қара ат». Мұның бәрі «құн дауымен» байланысты ережелер [4, 175 б]. «Қара нардың» мәнісі: өлген кісінің сүйегін қара нарға артып, көп қоныстаған қыстаудың төңірегіне апарып қоюдан шыққан», -деп түсіндіреді ғалым. Ал, «Ер Көбек» жырында бақташылық тұрмыспен қатар қала тұрмысының, күрделі кәсіптің, темір балқыту, балта-сайман соғудың үлгісі бар. Жерден алпыс алты шоқ темір жиып алып, оны атақты ұстаға беріп, «қылыш соқ», - дейді [4, 164 б].

«Көшемес ұста қылышты бір күн, бір түн соғады. Көбек қылышын алып, дария судың жағасына барып, бір тастақты мекен етеді. Бір қыс тақиясын, бір қыс тонын киіп, малын бағады. Бақташылық тұрмыспен байланысты жағдайлардың бірі – мал өрісі, жайылым, суат. Ақ Көбектің мал бағып жүргенде бірде тақия, бірде тон киюін оның қысы– жазы әр өлкеде болғаны деп түсіндіреді», – Ә. Марғұлан [2, 79 б]. Демек, мал бағып жүрген жері қыс болса суық, жаз болса, ыстық. Бүгінгі тілмен айтқанда, Солтүстік Қазақстан, Сібір, Мұз теңізінің жағасы. Мал өсіруші Ақ Көбек малын қысты күні тон киіп бақса, жазды күні тақия киіп бағады. Қозы Көрпештегі секілді Балталыдағы жайлаудан Мұз теңізіне дейін.

Ә. Марғұлан эпостық ертегілерді Қазақстан аумағында сақталған ежелгі тас кешен, ер, алып тұлға иесіне сай алып сын тастар, мұнаралы бейіттер, молалардың жасалу тарихын археологиялық жағынан дәлелдеу арқылы, V – VII ғасырлардан жеткен құлпытастардағы жазуларда сақталған деректермен салыстырады, яғни, материалдық мәдениет пен рухани мәдениетті қатар алып, бір-біріне дәлел, байланыс іздей отырып, біртұтас немесе бірлікте қарастырады.

Ә. Марғұланның «Ежелгі жыр-аңыздар», «Шоқан және Манас» атты монографияларында батырлар жырын тудырған ортаның мәдениетке қосқан үлесі мен көне дәуірдегі халықтардың аңыздары, ежелгі жырлардың ерлік бейнелері, олардың тарихи негіздері «Манас» жыры, оның қай кезде шыққаны туралы қазақ пен қырғыздың қария сөздері, сонымен қатар тың зерттеулер ежелгі ғұн, сақ, түрік, оғыз, қыпшақ замандарында туып бізге дейін жеткен әдеби үлгілері сөз етіледі. Әлкей Хақанұлының қызыға зерттеген үлкен тақырыбы – осы «Манас» эпосы. Бұл зерттеулері «Шоқан және «Манас» еңбегінде шешімін тапты. Ең алдымен ғалым тауып жариялаған «Манастың» Шоқан жазып алған көне нұсқасының жұртшылыққа ұсынылуы өте маңызды болды. Сол нұсқаны басқа нұсқаларымен салыстыра отырып зерттеді. Соған қоса эпопеяның жалпы хатқа түсу тарихы, бұрынғы және кейінгі орындаушылары, олардың өз замандары тілегіне орай өзгертіле жырлануы, оның себептері, жалпы түркі халықтары мен қырғыздар тарихына байланысты дәуір көріністері, Шоқанның және басқа зерттеушілердің пайымдаулары, т.с.с. кеңінен талданып, тиісті бағасына ие болды. Ондағы Орхон ескерткіштері мен Қорқыт кітабының таңбалары көрсетіліп, солармен туыстығы айқындалды Эпосқа ғылыми анықтама беріліп, оның әлем өнері тарихында алатын елеулі орны белгіленді.

«Манас» жырын жарыққа бірінші рет шығарып, оны дүниежүзілік әдебиетте танытқан – кешегі жастай кеткен Шоқан, одан кейін, бар өмірін түркі тілдес елдердің әдебиетін зерттеуге жұмсап, жойқын еңбек қалдырған ғалым академик В.В. Радлов. «Манас» жырын зерттеуші ғалымдар бір ғасыр бойы осы екі саңлақты бетке ұстап, олардың еңбегіне сүйеніп келді, әлі де сүйенбекші», -деп жазды Ә.Марғұлан [6].

«Манас» жырын Шоқан кадет корпусында оқып жүрген кезінен ести бастағаны белгілі. Ә.Марғұлан жазуында мұны білуге ол кезде екі түрлі жағдай болған. Бірі: Омбыға келген Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз ақындарымен Шоқан жиі кездесіп жүрді; екінші, бұл кез – Шоқанның халық әдебиеті мұрасын ерекше сүйіп, оның кейбір жарқын түрлерін өзінің корпустегі ұстаздарына таратуға апарып жүрген кезі. Шоқанның Омбыда оқып жүрген кезі Ұлы жүз қазақтары мен Алатау қырғыздарының Ресейге жаңадан қосыла бастаған кезі болғандықтан, бұл елдің елшілері (көбінесе халықтың рухани тіршілігін, ертегі-жырын жүйрік білетін кілең шешен билер, құйма ақындар не әншілер) Омбыға жиі келіп, көп уақыт қонақтап жататын. «...Мұндай атақты адамдардың бас қосқан кезін Шоқан еш уақытта босатпаған. Шоқанның ойынан көп уақыт кетпеген сондай кездесудің бірі– 1848 жылғы қырғыз халқының атақты биі Сартаймен кездесуі. 14 жасар Шоқан салған Сартай бидің суреті ғалымның «Шоқан – суретші» атты мақаласы арқылы көпшілікке таныстырылды. Міне, осындай қазақ пен қырғыз халқының жыры, музыкасы сөз болған жиналыста ғалым атап көрсеткендей, шындығында, «Манас» жыры әңгіме болмауы мүмкін емес.

Бұдан аңғарылатын шындық: Шоқан қырғыз жеріне бармас бұрын «Манас» жыры туралы көп естіп, біраз деректермен таныс болған. Кейін ол Ыстықкөл сапарына шыққанда Манастың есімімен байланысты жер аттарын, тарихи әңгімелерді дәптеріне күн сайын жазып отырады, «Манастың Бозтөбесі» деген атақты жерге кездесіп, ол туралы Ыстықкөл дәптеріне халық аузынан аңыз-әңгіме

жазып алады. Бұл туралы Шоқан өзінің «Жоңғария очерктерінде» жазғанын Әлкей Марғұланның 1965 жылы басылған «Шоқан жазып алған «Манас» жыры» атты мақаласы арқылы белгілі [6].

Ә. Марғұлан «Манас» жырының бір бөлігі – «Көкөтай ертегісінің» Шоқан аударған орыс тіліндегі нұсқасын қырғызшадағы түпнұсқамен салыстыра отырып қазақша аударғаны өте ұтымды шыққаны белгілі [7]. Осы бөлімде ас беру дәстүрінің табақ тарту, тайлақ тарту, сауын айту секілді элементтеріне баса назар аударған. Сауын айту – қазақтағы ірілі-ұсақты астарға тән, әбден қалыптасқан дәстүр, төңіректегі және алыстағы ауылдарға ас берілетін күн туралы хабарлау. Біріншіден, мұндайдайындық бір ғана отбасының ғана емес, рулы елдің ортақ ісі деп, әр ата баласы өз үлесін қосқан. Мұндай үлес малдай, заттай және ақшалай ғана емес, жабдыққа керекті үй-жай, ыдыс-аяқ жинау мен асқа қызмет етуде рулы елдің қалтқысыз көмегі, бірлігі ең басты фактор болатын. Өскенбайдың асына тек Тобықты руы ғана емес сонымен қоса бүкіл Қаракесек жауап берген [2, 226 б.]. «Манас» жырында сауын айтумен тығыз байланысты әдемі суреттің бірі өзен бойын шалқыта тігілген үйлер, қонақ күтіп алатын даяшылар, құнан шаптырым жерге созылға қазған жер-ошақтар, үлкен сойыс, тау-тау қылып табақ тарту суреттері кездеседі. Осы суреттерге орай қанша сойыс қылуды, қанша ат шаптыруды, қандай жүлде тартуды, сауын айта бара жатқан кісі жол жөнекей жариялап отырады. Көкөтай асына сауын айтқан Бокмұрын асқа шақырылған Ер Қосайға, Айтқожаға, Манасқа, Ер Көкшеге, Ер Төстікке, Ер Бағысқа: «Сұр құнандай күлігін немесе Темір тұяқ, жез білек, ырғай мойын көк ала алып келсін шабысқа, озса, бәйге алсын, озбаса, тамаша көрсін де», – деп шарт қояды.

Осы сауын айту туралы Ә. Марғұланның «Архивтегі жазбалар» атты мақаласынан да: «Керей Құлжабайдың асын береміз деп сауын айтуға екі кісі жіберілгенін, онда бас атқа бәйге сыйы төрт жүз бұйым – жүз жылқы, жүз қой, жүз теңге ақша, жүз кез мата, екінші аттыкі екі жүз кез бұйым, жүз теңге ақша, үшінші атқа – жүз теңге, жиырма бір атқа дейін бәйге болатынын хабарлатқандығынан», – мәлімет аламыз [8, 190 б.].

Үлкен астарға әр ру салт-дәстүрмен, яғни, ақыны, жыршысы, балуаны, жүйрік аты мен сойыс сабасымен келеді. Бөтен елдерге сауын айтуға жай кісіні жұмсамайды, оған әрі епті, әрі тілге шешен, әрбір елдің жорасын білетін, майталман кісі жіберілу керек [2, 227 б.].

Ас секілді үлкен жабдықтар қазақ халқының барлық әдет-ғұрып, дәстүрі тұнып тұрған, сондықтан да қоғамдық мәні терең рухани, дүниетанымдық құбылыс екенін байқаймыз. Көшпелі қазақ қоғамы қауымдық қоғам болса, ондағы қауымдық қатынастар басты идеологиялық, салт-дәстүрлік, отбасылық, дүниетанымдық және бүкіл рухани мәдениетті толық қамтып отырды. Ежелгі көшпенділерде ынтымақтастық идеясында ата-баба аруағына сыйыну, табыну, сыйлау ерекше орын алды. Сондықтан мұндай үлкен жабдықтар ұлттың бірлігі мен жерінің тұтастығын сақтауға, ел басын біріктіруде, ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыруда орасан зор роль атқарғанын көреміз.

Әдебиеттер

- 1 Ақышев К. Археология атасы // Ғұлама. Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, очерктер жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2004. – 45 б.
- 2 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 3 Билял А.Б. Академик Ә.Х.Марғұлан еңбегіндегі қазақ халқының жыр – аңызының этнотарихи мұрасы / Көшпенділер өркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: ЭКО, 2004. – 269 б.
- 4 Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының эпикалық әңгімелері туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер: Ф.ғ.д. дисс. – Алма-Ата–Москва, 1946. // Ә.Х. Марғұлан шығармалары. Алматы: Алатау. -2007. – III том. – 488 б.
- 5 ҚР ҒА ҚСҚҚ // шифр: қ – 112, 195, 198, 202
- 6 Марғұлан Ә. Шоқан жазып алған «Манас» жыры // ҚазССР Ғылым академиясының Хабаршысы. – 1965. – № 8. – 10-296.
- 7 Марғұлан Ә. Көкөтайдың ертегісі // Манас жырының Шоқан жазып алған бөлігі. Аударған Марғұлан Ә. Алматы: Жазушы, 1973. – 111 б.
- 8 Марғұлан Ә. Архивтегі жазбалар // Жұлдыз. – 1985. – № 7.

References

- 1 Aqyshev K. Arkheologiya atasy // Gulama. Alkei Margulan turaly estelik maqalalar, ocherkter zhinagy. – Pavlodar: EKO, 2004. – 45 b.
- 2 Margulan A.Kh. Ezhelgi zhyr anyzdar. Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 b.
- 3 Bilial A.B. Akademik A.Kh.Marfgulan enbegindegi qazaq khalqynyn zhyr – anyzynyn etnotarikhi murasy / Koshpendiler orkenieti men rukhani madenietinin tarikhy atty khalyqaralyq gylymi-praktikalyy konferentsiia materialdary. – Pavlodar: EKO, 2004. – 269 b.

-
- 4 Margulan A.Kh. Qazaq khalqynyn epikalyq angimeleri turaly tarikhi-adebiyttik zertteuler: f.g.d. diss. – Alma-Ata–Moskva, 1946. // A.Kh. Margulan shygarmalary. Almaty: Alatau. -2007. – III tom. – 488 b.
5 QR GA QSKQ // shifr: q – 112, 195, 198, 202
6 Margulan A. Shoqan zhazyp algan «Manas» zhyry // QazSSR Gylym akademiiasynyn Khabarshysy. – 1965. – № 8. – 10-29b.
7 Margulan A. Koketaidyn ertegisi // Manas zhyryryn Shoqan zhazyp algan boligi. Audargan Margulan A. Almaty: Zhazushy, 1973. – 111 b.
8 Margulan A. Arkhivtegi zhazbalar // Zhuldyz. – 1985. – № 7.

М.А. ХАМИТОВА

(Университет мировых языков и международных отношений
им. Абылай хана, к.и.н.)

АКАДЕМИК А. МАРГУЛАН И ПРОБЛЕМЫ ФОЛЬКЛОРОВЕДЕНИЯ

Резюме

Статья посвящена трудам ученого–энциклопедиста А.Маргулана по историческому фольклору.

Ключевые слова: Центральная Азия, Казахстан, тюркология, письменные источники, исторический фольклор.

М.А. ХАМИТОВА

(Kazakh University of International Relations and World Languages
named after Abylay Khan)

THE ACADEMICIAN A. MARGULAN AND THE FOLKLORE STUDYING PROBLEMS

Summary

The article is devoted to the work of A. Margulan, an outstanding Kazakh encyclopaedist in the sphere of folklore.

Key words: Central Asia, Kazakhstan, Turkology, written sources, historical folklore.

Д.Т. Молдокулова

(Кыргызский Государственный Университет им. И. Арабаева, докторант)

Некоторые обычаи и поверья кыргызов, связанные с конем (на основе полевых этнографических материалов)

Аннотация

У кочевых кыргызов к домашнему скоту было особое отношение, так как от его наличия зависело их благосостояние. Это отношение ярко проявляется в запретах относительно этих животных. Из всех видов домашнего скота кыргызы уделяли особенное внимание лошади. Считаясь самым ценным животным, она являлась неотъемлемой частью в жизни кыргызов на всех этапах жизни.

Ключевые слова: кыргызы, традиция, лошадь, фольклор, история.

Издrevле в хозяйстве кыргызов использовались домашние животные: лошади, коровы, верблюды, бараны, козы и яки, в целом их называли «мал», «төрт түлүк» и, в свою очередь, их делили на «кара мал» или «бодо мал» (сюда относили крупных животных) и «майда жандык» (мелкий домашний скот). К «кара мал» (бодо мал) относили лошадей, коров, верблюдов и яков, а к мелкому домашнему скоту относили овец и коз. В словаре К.Юдахина этим понятиям даются следующие определения *кара мал* – «крупный рогатый скот и верблюды», *бодо мал* – «все виды крупного скота» [1, с. 513].

У кочевых кыргызов к домашнему скоту было особое отношение, так как от его наличия зависело их благосостояние. Это отношение ярко проявляется в запретах относительно этих животных. Например, у кыргызов нельзя было их пинать, бить по голове и вообще избивать. Существовало поверье, что тот, кто пинает скот, тот пинает свое счастье, что человек, пинающий скот, останется бедным [2, с. 4, 27, 45]. Кыргызы даже при встрече, в первую очередь, начиная разговор, спрашивали: «Мал-баш аманбы?», «Мал-жан аманбы?» (цел ли скот?).

При этом из всех видов домашнего скота кыргызы уделяли особенное внимание лошади. Считаясь самым ценным животным, она являлась неотъемлемой частью в жизни кыргызов на всех этапах их жизни – при рождении детей, при их воспитании, при женитьбе и при обрядах и обычаях, проводимых во время похорон [3, с. 55]. Такую близость кыргызов к коню Н.Смирнов отметил в своем труде следующим образом: «Киргиза без коня не бывает, вернее, не может быть, без коня он - не киргиз» [4, с. 20].

Отношение к коню у кыргызов широко освещено в народных пословицах и поговорках. Например: «Конь – крылья молодца», «Конец света там – где разлука с конем», «Когда есть конь, познай мир, когда есть отец, познай людей», «Аргамак тем хорош, что в езде – скакун, в продаже - деньги», «Кто уважает коня, не будет ходить пешком, кто уважает мужа (молодца), тот на улице не останется», «У кого нет коня, у того нет ног», «Кони – (это) опора, молодец (тот), кто их разводит», «Конь к цели приведет», «Береги гриву хорошего коня, береги достоинство хорошего молодца», «Конь молодца равен молодцу».

В жизни кыргызов использовались многочисленные приметы, запреты и поверья, связанные с конем. По сравнению с поверьями, касающимися других домашних животных, они более многочисленны и разнообразны. Этот факт также надо рассматривать как один из примеров особого отношения к коню.

Например, коня нельзя было бить плетью по голове. Бить по голове коня чужого человека, равносильно тому, что бьешь его хозяина по голове [5, с. 1, 23, 42]. Человеку, сидящему на коне, запрещалось ставить ноги на гриву коня. Этому причиной было народное поверье, что грива коня считалась священной: считалось, что на ней сидят ангелы [5, с. 1, 44, 72].

В повседневной жизни в каждой семье кыргызов, в их хозяйстве был главный скот - «Мал тукумунун башы». В большинстве случаев это был конь. Хозяин дома и остальные члены семьи относились к этому главному скоту очень бережно и заботливо как племенному скоту по сравнению с другими

домашними животными и старались никому его не отдавать, не резать и не продавать. Ну, а если вдруг конь случайно ломал себе что-нибудь или съедал ядовитую траву, то тогда хозяин дома или его жена проводили разные обряды. Например, у коня вырывали немного шерсти с хвоста и с гривы и прятали его в сарае в укромном месте или брали слюну, а затем хозяин дома или его жена мазали ею свою одежду с левой и правой стороны. Иногда слюну коня мазали на голову другим домашним животным [5, с. 74, 131, 152]. Такие обряды проводились при продаже хорошего скота, а также, если его кому-либо отдавали или резали с таким намерением, чтобы продолжалось его потомство.

Когда отдавали коня навсегда другому человеку или продавали, узду или недоуздок не отдавали новым хозяевам, оставляя его у себя. Такой запрет был связан с целью, чтобы потомство и благополучие передадутся другим [5, с. 29]. Этого запрета и на сегодняшний день кыргызы придерживаются, о чем свидетельствуют материалы полевых экспедиций.

Особое отношение кыргызы проявляли и к привязи для жеребят («желе»), хозяева не перепрыгивали через нее и не срезали ее. Беременной женщине запрещалось перепрыгивать через аркан, желе и овцевязь, так как считалось, что на шею плода может замотаться пуповина матери [5, с. 1].

Особым смыслом обладал у кыргызов также и шаг коня, на котором кто-то подъезжал к селению. Например, если джигит, который приезжал во второй или в третий раз к засватанной девушке, приближался к ее жилию на своем коне рысью, это означало, что он чем-то недоволен или сердится на родителей девушки, или что он приехал прервать сватовство. Если гость подъезжал к селению, он должен был слезть с коня и войти в село пешком. Въезд всадника в село быстрой ездой или с шумом показывало его невоспитанность, неучтивость. Так, рысью въезжали только в особых случаях, например, когда нужно было сообщить плохое известие [3, с. 56].

У кыргызов скаковой конь считался богатством не только семьи, но и целого племени, разногласия внутри племени, калым, пеня за убийство, месть, такого рода проблемы решались через подношения скакового коня в виде подарка.

На скакового коня запрещалось сажать женщину, перевозить тело умершего, перевозить груз и сажать на круп людей [6, с. 157]. В основном у кыргызов на скакового коня не сажали посторонних. В тех случаях, когда конь стоял на выстойке, на нем имели право ездить только хозяин коня, человек, который скачет, тренируя коня, и берейтор, который ставил коня на выстойку.

Хозяин скакового коня придавал особенное значение не только коню, но и помещению, где он содержался. Помещение скакового коня, которого тренировали, держали в чистоте и не пускали в него людей, не имеющих к нему отношения. К гриве и хвосту этого коня привязывали бусинки с изображением глаз, которые, согласно поверьям, должны были уберечь его от сглаза [5, с. 4, 23, 64]. Во время скачек, когда седлали скакового коня, перед ним запрещалось стоять кому-либо. По поверью, когда вели скакуна на место скачек или ехали на нем туда, чтобы не отвернулись от него удача и везение, старались, чтобы ему не переходили дорогу люди и животные [7, с. 257].

Хозяин скакуна и саяпкер (тренер) во время тренировок должен был строго соблюдать правила поведения. Им в это время запрещалось обманывать кого-либо, распивать спиртные напитки, или причинять кому-то несчастье. Жене хозяина скакуна и другим членам семьи необходимо было соблюдать вышеуказанные правила поведения [5, с. 8].

Кыргызы не давали с первого приза только что приобретенного скакуна, с первой добычи подстреленного только что купленным ружьем, с первой добычи на первой охоте только что купленного беркута окружающим [8, с. 450]. По обычаю хозяин коня немного раздавал с приза скакуна своим близким родственникам и участникам скачек.

Во время сбора полевых материалов мы столкнулись с понятиями «сетер жылкы». По сведениям информаторов, «сетер жылкы» - это конь, который собираются резать на годовщину смерти кого-нибудь, которому подстригали гриву и хвост, которого без присмотра пустили пастись на джайлоо. Его чуб обматывали белой тряпкой, чтобы он отличался от других коней в табуне. В качестве «сетер жылкы» во многих случаях выбирали коня умершего, на котором он ездил, и лошадь, которую он любил. На нем запрещалось ездить, а также использовать его в хозяйстве или красть. У кыргызов существовало поверье, что если украдут святого коня, то его зло перейдет на него, будет беда [5, с. 81]. Если обратиться к значению слова «сетер», то в словаре К. Юдахина дается такое определение, что «сетер – то же что и ыйык» (святой) [1, с. 647], а Х. Карасаев дает такие сведения: «сетер – скот которого отпустили свободно как святого, его мясо не едят, даже не стригут его шерсть» [9, с. 244].

Кыргызы придавали особое значение не только уходу за конем и езде на нем, но и проявляли очень осторожное отношение и к принадлежностям, вещам, используемым при езде на коне. Нельзя

было через них перепрыгивать, топтать и передвигать их, пиная ногами. Особенное значение при этом придавали плетке. Через плетку нельзя было перешагивать, топтать и в каждом доме, особенно на почетном месте в семье, где нет мужчин, считалось, что всегда должна висеть плетка [5, с. 2, 11, 31].

Плетку и дома, и на улице держали в сложенном виде. Заходя в дом, человек должен был сложить свою плетку и положить в сапог. Если человек выходил из дома, не согнув свою плетку, это означало, что он недоволен по отношению к этой семье [5, с. 2]. Такие сведения даются и в трудах исследователей. Например, в словаре К. Юдахина словам «*камчысын кошо сүйрөп кирди*» - «зашел, не согнув свой кнут, волоча за собой» дается такое объяснение: «это значило, что вошедший не примирился с хозяином, затаил против него злобу. Обычай требовал, чтобы при входе в юрту вошедший повесил свою плетку на левой от входа стороне юрты» [1, с. 337].

Отправляясь в дальний путь, уронить плетку на землю, было плохой приметой. В таких случаях хозяин плетки должен сам слезть с коня и подобрать плетку. Если до него кто-нибудь притрагивался к плетке или подбирал ее, то человек не отправлялся в путь и оставался дома [10, с. 74].

Согласно поверьям кыргызов, если мелкий домашний скот рожал двойню, то это было нормальным явлением, а если крупный рогатый скот – лошадь, корова приносили двойню, это считалось предвестником зла, беды. Хозяин кобылы или коровы, принесшей двойню, не оставлял у себя обоих родившихся. В таких случаях кыргызы, чтобы предотвратить будущие беды проводили различные обряды.

Одним из самых распространенных обрядов в народе считается предназначение одной из двойни кому-либо. Во многих случаях хозяин одну из двойни посвящал кому-либо из близких родственников, или отдавал беднякам. Его отдавали только тогда, когда он подрастет и окрепнет [5, с. 15, 53]. Во время сбора материалов мы были свидетелями того, что этот запрет действует и по сей день.

По сведению некоторых информаторов, к отелившейся дойной кобыле часто применяли жестокие обряды. По некоторым сведениям, если кобыла приносила двойню, то это был плохой знак, одному из двойни перерезали горло и закапывали в землю [5, с. 70]. Также, согласно традиции, кыргызы, кроме того, что перерезали горло одному из двойни, кобылу отелившуюся двойней заставляли переходить через быстротечную воду или переезжали на ней. Жеребята, бежавшие за матерью, тоже входили в воду. Во многих случаях жеребят недавно родившихся, еще слабых уносила вода, а того, кто оставался в живых, оставляли дома и ухаживали за ним [5, с. 4, 62].

Подытоживая можно сказать, что у кочевых кыргызов существовали разные способы ухода за скотом, а также переработки продуктов, полученных от него, по его сохранению в разных природных условиях, лечения от разных болезней, которые складывались веками и передавались от поколения к поколению. Они содержат в себе многочисленные запреты, поверья и приметы, которые послужили основой для разработки этики повседневной жизни кыргызов.

Однако, в настоящее время большинство запретов, поверий и примет с изменением образа жизни кыргызов, под влиянием современной культуры наряду с другими народными кыргызскими ценностями забываются, выходят из употребления. То, что сохранилось, потеряло исконное значение. Поэтому одной из задач национальной этнографии является запечатление на бумаге, выходящих из употребления национальных ценностей, их исследование и их передача последующим поколениям.

Литература

1 Юдахин К.К. Кыргызча-орусча сөздүк. – Бишкек: Шам, 1999; Юдахин К.К. Русско-киргизский словарь. – Бишкек: Шам, 2000. – С. 513.

2 Осмонова Ж., Коңкобаев К., Жапаров Ш. Кыргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү. – Бишкек: Кыргыз-Түрк «Манас» университети, 2001. – С 4, 27, 45.

3 Акмолдоева Б.Б. Традиции, верования и обряды киргизов связанные с конводством // Актуальные вопросы этнографии и археологии Киргизии. –Фрунзе, 1989. – С.53-59.

4 Смирнов Н. Киргизские очерки. – М.: Молодая гвардия, 1930. – С. 20.

5 Полевые записи Д.Т. Молдокуловой. Личный архив, 2013. – 8, 81.

6 Каада-салттар. Ак баталар. Эл адабияты сериясы. – Т. 29. –Бишкек: Шам, 2003 – С. 157.

7 Акматалиев А.А. Кыргыздын көөнөрбөс дөөлөттөрү. –Бишкек: Шам, 2000.

8 Мамбетказы Эминалы. Каада-салттардан // Кыргыздар. – Т. 4. – Бишкек: Учкун, 1997. – С. 570-580.

9 Карасаев Х. Өздөштүрүлгөн сөздөр. – Фрунзе: Кыргыз Совет Энциклопедиясынын башкы редакциясы, 1986. – 244.

10 Реми Дор. Ооган Памириндеги кыргыздар. – Бишкек, 1993. – 74 б.

References

- 1 Ludakhin K.K. Kyrgyzcha-oruscha sozduk. – Bishkek: Sham, 1999; Ludakhin K.K. Russko-kirgizskii slovar'. – Bishkek: Sham, 2000. – S. 513.
- 2 Osmonova Zh., Konkobaev K., Zhaparov Sh. Kyrgyz tilinin frazeologiyalyk sozdugu. – Bishkek: Kyrgyz–Tyrk «Manas» universiteti, 2001. – S 4, 27, 45.
- 3 Akmoldoeva B.B. Traditsii, verovaniia i obriady kirgizov sviazannye s konevodstvom // Aktual'nye voprosy etnografii i arkhologii Kirgizii. –Frunze, 1989. – S.53-59.
- 4 Smirnov N. Kirgizskie ocherki. – M.: Molodaia gvardiia, 1930. – S. 20.
- 5 Polevye zapisi D.T.Moldokulovoi. Lichnyi arkhiv, 2013.– 8,81.
- 6 Kaada-saltpar. Ak batalar. El adabiiaty seriiasy. – T. 29. –Bishkek: Sham, 2003 – S. 157.
- 7 Akmataliev A.A. Kyrgyzdyn koonorbos doolottory. –Bishkek: Sham, 2000.
- 8 Mambetkazy Eminaly. Kaada-saltpardan // Kyrgyzdar. – T. 4. – Bishkek: Uchkun, 1997. – S. 570-580.
- 9 Karasaev Kh. Ozdoshturulgon sozdor. – Frunze: Kyrgyz Sovet Entsiklopediiiasynyn bashky redaktsiiasy, 1986. – 244.
- 10 Remi Dor. Oogan Pamirindegi kyrgyzdar. – Bishkek, 1993. – 74 b.

Д.Т. МОЛДОКУЛОВА

(И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік Университеті, докторант)

ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНЫҢ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН НАНЫМДАРЫ
(ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДАЛАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ)

Түйін

Көшпелі қырғыздарда үйдегі малға ерекше мән беріп қараған, өйткені олардың бай-дәулетті болуы осыған байланысты еді. Бұған деген қатынас осы малдарға қатысты тыйымдардан анық байқалады. Барлық үй малдарының ішінен жылқы ерекше орын алған. Олар ең бағалы жануар болып саналып, қырғыздар өмірінің бар кезеңінде тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігі болып табылған.

D.T. MOLDOKULOVA

(Kyrgyz State University named after I. Arabayev,
Ph.D student)

SOME CUSTOMS AND SUPERSTITIONS OF KYRGYZS
CONNECTED WITH THE HORSE
(on the basis of field ethnographic materials)

Summary

The nomadic Kyrgyzs treated the livestock in a special way, as their welfare depended on their existence. This attitude is strikingly expressed in prohibitions related to livestock. Among all the kinds of livestock the biggest attention was paid to the horse. Being considered as the most valuable animal, it was an integral part in of Kyrgyzs' life at all the life stages.

АРХЕОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY

ӘӨЖ 63,4 (20)

М.С. Касенов

(Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, т.ғ.к.)

Талас өңірінің қалалары мен елді мекендері

Аннотация

Мақалада Талас өңірінде отрықшылықтың дамуы мен құрылуын қарастырады. Алғашқы елді мекендер өңірде б.з.д. III ғ. пайда болғаны. I-IV ғ. б.э. елді мекендер ондап саналағаны баяндалады. Олар кейін ортағасыр қалаларының іргетасына айналды. VI ғ. өңірде қалалар мен мекендер жаппай көбейе бастады. Бұған тарихи себептер болды. Алғашқы феодалдық ірі мемлекет Түрік қағандығы құрылды. Бұрынғы қырқысулар мен соғыстар тоқтап халық отрықшылыққа көше бастады. Сауда, қолөнер, егіншілік дамыды. Жаңа қала мен елді мекендер салынғаны көрсетіледі.

Талас өңірінде VI-XIII ғасыр аралығында 134 қала мен елді мекен пайда болды, өмір сүрді. Осы қалалар мен елді мекендердің жобасына, өлшеміне, қызметіне географиялық орналасуына қарай оларды топқа жіктеп және уақыттық кезеңге бөліп жүйелейді.

Түйін сөздер: қала, жұрт, мекен, отырықшылық, Талас өңірі, сауда, қолөнер.

Талас өзенінің өңірі ежелгі өркениет орталығы болды. Жүздеген қала мен елді мекендер салынып өркендеді. Талас өзені суды Қырғыз және Талас Алатауының биік шыңдарындағы қар мен мұздақтардан алған. Қырғыз Республикасының Талас облысынан ені 15 км., тау аралық алқап арқылы ағып, Қақпа шатқалынан өткен соң Жамбыл облысына кіреді. Тараздан бастап кең жазықпен аққан Талас өзені, одан 40-45 км. алқапты кесіп өтіп, Мойынқұмның батыс жиегімен, солтүстік-батысқа қарай ағады. Таластың қазіргі ұзындығы 450 км. Талас өзенінің 225 үлкенді-кішілі салалары бар.

Сулы-нулы Талас өңірін адамдар ежелгі тас ғасырынан бастап мекендеген. Қола, темір дәуірінде бұл өңірге жаппай қоныстану басталды. Ортағасырда елді мекендер салынып, олар қалаларға айналды.

Бұған жерінің құнарлығы, географиялық орналасуы, Ұлы Жібек жолының бойында жатуы ықпал жасады. Қала өркениеті қалыптасып дамыды. Қалалар сауда, мәдениет, білім, ғылым, өнер орталықтары болды. Тараз қаласы 2000 жыл бойы өңірдің орталығы болды.

Алғашқы мекендер біздің дәуіріміздің I-ші ғасырларында салынды. VII-XII ғасырларда олар ірі қалаларға айналды.

Үлкен қалалар орталық қызметін атқарып оның төңірегіне кішігірім қалалар, елді мекендер, керуен сарайлар, бекініс қамалдар тағы басқа құрылыстар шоғырланып, қала мемлекетін қалыптастырды. Мекендер өз қызметтерін атқарып, қалалық, аймақтық, шаруашылық, экономикалық құрылымын қалыптастырды.

Талас өңірдегі археологиялық зерттеулер соңғы кезде, ортағасырлық отырықшы мәдениетінің өзіндік бай кезеңін ашып отыр.

Өңірдің көне қалалары мен мекендерінің құландылары жергілікті сәулетшілер мен құрылысшылардың шеберліктерінің куәсі іспетті.

Археологиялық және тарихи зерттеулер көптен бері жүріп жатқанмен отрықшылық мәдениеті өте аз зерттеліп, толық ашылмай отыр.

Жазба деректер мен шежірелер өте мардымсыз аз. Тек археологиялық зерттеулер ғана өңірдегі қаламен елді мекендердің даму заңдылықтарын толық ашып көрсетеді. Қалалар мен елді мекендердің жобасына қарай жіктеуді А.Н. Бернштам, Г.Н. Пацевич, П.Н. Кожемяко, К.М. Байпақов, М. Елеуов өз еңбектерінде көрсеткен.

Орта ғасырлық қалалар мен елді мекендердің жіктеу мен уақыттық кезеңге бөлу, отрықшы мәдениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының бір тұтас тарихын жасауға көмектеседі.

Қала мен елді мекендерді топқа жіктеу келесі белгілерге қарай жүргізіледі: географиялық орналасуы, жобасы, өлшемі, тарихы, өмір сүрген кезеңі, сәулет ерекшелігі және құрлысы. Талас өңірінің отрықшы мәдениетінің ортағасырлық ескерткіштері төртбұрышты, өте сирек бесбұрышты төбе болып келеді. Мұндай елді мекендер жергілікті атауда «төрткүл», яғни төртбұрышты деп аталады.

Алғаш рет өңірдің қалаларын жіктеген А.Н. Бернштам болды. Ол ескерткіштерді 9 түрге бөлді: 1 қала, 2 ауылдық елді мекен, 3 қорғандар, 4 бекіністер, 5 керуенсарай, 6 қорғаныс құрылыстар, 7 жеке құрылыстар (мазарлар), 8 қоғандар, 9 қоныстар [1, с.9].

Г.Н. Пацевич қала және елді мекенді жобасы бойынша 6 түрге бөлді: 1 қоныстар, 2 ауылдық елді мекен, 3 үлкен жанұялық үй-мекен (дөңгеленген төбе), 4 нығайтылған қорғандар (ауданымен төбе), 5 қала, 6 бекініс кеуен-сарайлар.

Шу және Талас өңіріндегі төрткүлдерді зерттеген Кожемяко Н.П., осылардың ішіндегі ұзын қабырғалы қала төңірегіне көптеген майда елді мекендер шоғырланған және тау-шатқалдарындағы маңызды аудандарды қоршап тұрған деп көрсетеді [2].

Ол Шу төрткүлдерінің көпшілігі – хума – бекіністер болды деген Бернштамның пікірін жақтайды [3, с. 376].

Солтүстік-шығыс Жетісудың төрткүлдерін топқа жіктеуді Байпақов К.М., жүргізді. Ол қала өлшемін, мәдени қабатын, қызметін, қамалын, зерттеуден табылған заттарды, жағрафиялық орналасуын зерттеп, оларды төрт түрге бөлген. Ауылдық елді мекен, қорғаныс қала, керуен сарай және ірі қалалар (астана) [4, с. 9-12]. Өзінің кейінгі еңбектерінде қала мен елді мекендерді: астана, ірі қала, бекіністер деп бөлген. Сонымен қатар қала мен елді мекендердің тұрғындарының санын пайдаланады.

Оңтүстік Қазақстанның төрткүлдері көшпенділердің жаппай отырықшылануының нәтижесінде пайда болды дейді К.М. Байпақов [5, с. 29-100].

Төрткүлдер мал және егіншілікпен айналысқан аудандардың бәрінде кездеседі. Бұлардың көпшілігі Іле, Шу өңірінде, Ыстықкөл маңында, Ферғанада, Орталық Қазақстанда, Сырдария және Амудария өңірінде зерттелді.

Ыстықкөл төрткүлдерін Р.Ф. Винник 2 топқа бөледі: селолық елді мекен және нығайтылған елді мекен. Бұлардың біріншісі тау жазығында, керуен жол бойында кездеседі, ал соңғысы ірі қалаға жақын орналасқан. [6, с. 101-108].

Ескерткіштерді бұлай бөлу жағрафиялық орналасуы негізінде жүргізілді. Ауылдық және нығайтылған елді мекен айырмашылығы анықталмаған. Бекініс-қамалдардың пайда болуына К.И. Петров пікірі ерекше. Ол төрткүлді – бекіністі, көшпенді малшылар салды деп есептейді. Мезгілдік жайлымдар мен тау шатқалдарындағы жазғы жайылымдардың, мал айдайтын жолдардың қауіпсіздігін қорғау үшін бекініс – қамал салынған дейді. Мұндай бекіністердің пайда болуына және рулардың мал жайылымдарын қорғаудан болған. [7, с. 110-121].

Бекіністер кейін ірі қала орталықтарына айналған дейді С.П. Толстов Ескерткіштерді көлемі бойынша бөледі: көлемі 100 x 100 м-ден аз селолық үй-жай, ал бұдан үлкенін қалалық қолөнер-сауда мекені деп есептелді [8, с. 276].

Төрткүлдің үлкен тобы Орталық Қазақстанда кездеседі. Олар: селолық елді мекен, қолөнер орталығы және қыпшақтардың қаласы деп, өлшемдеріне қарай бөлінеді [9, с. 276]; [10, с. 3-37].

Қимақ қалаларына арналған ортағасырлық араб тарихнамаларындағы келтірілген деректер оларға толықтай келеді. [11, с. 98-110].

Төрткүл елді мекендерді жіктеу үшін: қырғыз, оғыз қалаларын бейнелейтін жазбаша деректердің маңызы зор.

Ал-Идриси оғыз қалалары жайында: Арал бойы, Орталық Қазақстан Жетісу және Балқаш бойындағы қалалар жөнінде төмендегідей пікір келтіреді: «Оғыз қалалары көптеп саналады, олар бірінен кейін бір, солтүстікке және шығысқа созылуда. Оларда адам аяғы баспаған таулар бар, мұнда князьдар қорғанатын, өз тамақтарының артығын сақтайтын берік қамалдар бар. Мұндағы басты қала (оғыз тайпасы Хандаға), (Хмам деп аталады), күзеттетін (князь сайлап қойған) адамдар бар. Мұнда олар қорғаныш табады және онда өздерінің тергенімен тығылады». [12, с. 220-222].

Бұндай басты қалаларды және олардың басқа қалаларын – ставкалар, қорғаныс қала дейді. Мұнда ылғида әскерлер өмір сүреді. С.Г. Агаджанов мұндай берік бекіністі, түрік-моңғол тайпасының «орда» деп аталған қаласымен салыстырады» [13, с. 67].

Қимақ қалаларына Ал-Идрисм мінездеме береді. «Қимақ астанасы темір қақпасы бар қабырғамен қоршалған үлкен қала. Патшаның қалада көп мөлшерде әскерлері бар». «Астур – көп халықты, қалада түріктер тұрақтаған ол ағыл-тегіл сулы, үлкен егістікті – мұнда дәнді тағамдар: бидай, күріш бар.

Темір кендері бар». «Банджар – үлкен, көп халықты қала, түрік-қимақтардың әртүрлі тұқымдары тұрақтаған. Мұнда көп мөлшерде әскер және осындағы тұрғындар үшін керекті мөлшерде қор бар» [14, с. 102-103].

Қырғыз астанасы Кемиджкет деп аталды, мұнда қырғыз-хақан тұрды [15, с. 41].

Жоғарыда көрсетілген ортағасырлық түркі қалалары суреттемелерінен көретініміз. Бұлардың қызметі әскери-әкімшілік болды. Мұнда феодалдардың қостары орналасты, әскерлер тұрды және тамақ, қазына қорлары сақталды.

Қала сонымен қатар соғыс жағдайларында бекініс болды. Бұлардың айналасына егістіктер егілді, бау-бақша салынды. Кен өндірілді, темір балқытылды, қолөнермен айналысты. Төрткүлге – зерттеушілердің әртүрлі аудандарда жасаған зерттеулерінен, елді мекендердің көпшілігі мезгілдік – жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен айналысқан аудандарда пайда болғанына көңіл аударамыз. Бұл аралас мал шаруашылығы, бірте-бірте егіншілікке ауысуға жақсы жағдайлар туғызды [16, с. 54-84].

Шаруашылықтың дамуы мен өзгеруіне «төрткүл» елді мекендерінің қызметі зор болды. Олар салыну мақсатына қарай жергілікті аймақтың өндірісіне, экономикасына және саяси әлеуметтік жағдайына, дамуына ықпал жасады. Археологиялық зерттеулерден олардың қамалмен қоршалған және қоршалмағанын көреміз. Елді мекендердің керуен жолдарында, тоғыз жолдың торабына, бай аймаққа орналасқандары сауда және қолөнер орталығына айналды, ірі қала болды. Сонымен бірге бұрын уақытша тайпалар – мен рулардың қостары, бекіністері болған мекендері ортағасырдың екінші жартысында ірі қала орталықтарына айналып, көшпенді тайпалар іргелі елге айналды.

Мұндай дамудың жолы Талас өңірі елді мекендеріне тән, ірі тайпалық қаланың бірі, қырғыз жотасы тау тау аңғарындағы Өрнек қаласы [17, с. 168].

Талас өңірінде отрықшылықтың дамуы мен құрылуы ұзақ жолдан өтті. Алғашқы елді мекендер өңірде б.з.д. III ғ. пайда болған. I-IV ғ. б.э. елді мекендер ондап саналады. Кейін ортағасыр қалаларының іргетасына айналды. VI ғ. өңірде қалалар мен мекендер жаппай көбейе бастады. Бұған тарихи себептер болды. Алғашқы феодалдық ірі мемлекет Түрік қағандығы құрылды. Бұрынғы қырқысулар мен соғыстар тоқтап халық отрықшылыққа көше бастады. Сауда, қолөнер, егіншілік дамыды. Жаңа қала мен елді мекендер салынды [18, 20 б].

Талас өңірінде VI-XIII ғасыр аралығында 134 қала мен елді мекен пайда болды, өмір сүрді. Енді осы қалалар мен елді мекендердің жобасына, өлшеміне, қызметіне географиялық орналасуына қарай оларды топқа жіктеп және уақыттық кезеңге жүйелейміз. Сол арқылы өңірдің отырықшылық мәдениетінің пайда болуы мен дамуы тарихын қалыптастырамыз. 1 сурет.

Таластың қалалары мен елді мекендерін 5 топқа бөлеміз (1-кесте).

1. Ұзын қамалды қалар.
2. Ішкі қамалды қалалар.
3. Қорғаныс қалалар.
4. Керуен сарайлар.
5. Ауылдық мекендер.

Көптеген кішкене елді мекендер: қарауыл төбе, жеке баспаналар, құрылыстар, қорғандар, жалдар, ғибадатханалар т.б. жеке зерттеуді қажет етеді, бұлар уақытша елді мекендер.


Өңірдегі қала мен елді мекендер Тараз қаласының аймағына шоғырланған. Ол өңірдің ірі саяси, экономикалық әкімшілік орталық-астанасы болған. Қалалар мен мекендер қызметіне, жобасына, көлеміне қарай топқа бөлінді.

Ескерткіштерді түрге бөлу туралы толық мәліметті I кестеден көреміз.

Кесте I – Қала мен елді мекендерді топқа бөлу және кезеңге жүйелеу

Кезеңдері	Қала мен елді мекендер түрлері					
	Ұзын қамалды қалалар	Ішкі амалды қалалар	Қорғаныс қалалар	Керуен сарайлар	Ауылдық мекендер	Барлығы
№№	I	II	III	IV	V	VI
VI-VII ғғ.	3	2	1	1	20	28
VII-IX ғғ.	4	12	4	5	11	36
X-XIII ғ. басындағы	3	20	8	3	33	67
XIII ғ. кейін	1	0	2	-	1	3
Жалпы	11	36	15	9	65	134

Талас өңірінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI–XIII)



Талас өңірінің географиялық орналасуы, құнарлы жері, сулы-нулы табиғаты қала өркениетінің өркендеуіне қолайлы болды [19].

- 41 Mershchiev M.S. Poselenie Kzyl-Kainar-tobe I–IV vekov i zakhoronenie na nem voina IV–V veka // Po sledam drevnikh kul'tur Kazakhstana. – Alma-Ata, 1970. – S. 79-92.
- 42 Miller V. Osetinskie etiudy. Ch. 2. Issledovaniia. / Uchenye zapiski imperat. Moskovsk. univer-ta. Otd. istor-filologich. Vyp. vtoroi. – M., 1882. – 303.
- 43 N'oli G. Nazvanie Alan v sasanidskikh nadpisiakh. – Vladikavkaz, 2002. – 44 s.
- 44 Ol'khovskii V.S. Tamga (k funktsii znaka). // Istoriko-arkheologicheskii al'manakh, № 7. – Armavir, 2001. – S. 75-86.
- 45 Pletneva S.A. Ot kochevii k gorodam. Saltovo-maiatskaia kul'tura. – M.: Nauka, 1967. – 199 s.
- 46 Rapoport Iu.A. Khorezmiiske astodany. (K istorii religii Khorezma). // SE, № 4. – M: Nauka, 1962. – S. 65-83.
- 47 Runich A.P. Alanske katakombnye mogil'niki V–VIII vv. v gorode Kislovodske i ego okrestnostiakh. // Materialy po arkheologii i drevnei istorii Severnoi Osetii. – Ordzhonikidze, 1969. – T. 2. – S. 97-111.
- 48 Rusanova I.P., Timoshchuk B.A. Iazycheskie sviatilishcha drevnikh slavian. – M., 2007. – 304 s.
- 49 Skripkin A.S. O vremeni poiavleniia alanov v Vostochnoi Evrope i ikh proiskhozhdenii (istoriograficheskii ocherk). // Istoriko-arkheologicheskii al'manakh. – Armavir, 2001. – № 7. – S. 15-40.
- 50 Smagulov E.A., Erzhigitova A.A., Torgoev A.I. Otkrytie arkhitekturnogo kompleksa tsitadeli drevnego lasy/Turkeстана. // Materialy mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii: «Arkheologiiia Kazakhstana v epokhu nezavisimosti: itogi, perspektivy». 12-15 dekabria 2011 g., g Almaty. Tom. III. – S. 61-71.
- 51 Solomonik E.I. Sarmatskie znaki Severnogo Prichernomor'ia. – Kiev, 1959. – 179 s.
- 52 Suleimanov R.Kh. Drevnii Nakhshab. Problemy tsivilizatsii Uzbekistana VII v. do n. e. – VII v. n. e. – Samarkand–Tashkent: Fan AN RUz, 2000. – 342 s., 201 ill.
- 53 Ternovaia G.A. O kul'tovom znachenii postroek s krestovidnoi planirovkoj v raione srednego techeniia Syrdar'i I–VI vv. // Izvestiia NAN RK. Ser. obshch. nauk. – Almaty: Fylym, 2008, №1 (254). – S. 218-238.
- 54 Ternovaia G.A. Interpretatsiia kul'tovykh kompleksov v Talasskoi doline IV – V vv. (po rezul'tatam arkheologicheskikh rabot M.S. Mershchieva). // Izvestiia NAN RK. Ser. obshch. nauk. – Almaty: Fylym, 2009, №1. – S. 275-292.
- 55 Ternovaia G.A. Osnovnye printsipy planirovki i formoobrazovaniia khramov kontsa III–IV vv. (otransko-karatauskaia kul'tura). – V pechati.
- 56 Ternovaia G.A. K voprosu o skhodstve v planirovke i oformlenii sarmato-alanskikh khramov kontsa III–IV vv. i rannikh khristianskikh pamiatnikov. – V pechati.
- 57 Frezer D.D. Zolotaia vetv': Issledovanie magii i religii. Per. s angl. – 2-e izd. – M.: Politizdat, 1983. – 703 s.
- 58 Filanovich M.I. Tashkent. Zarozhdenie i razvitie goroda i gorodskoi kul'tury. – Tashkent: Fan Uzb SSR, 1983. – 231 s.
- 59 Filanovich M.I. «Temple town» gorodishcha Mingurik v Tashkente. // Drevnie tsivilizatsii na Srednem Vostoke. Arkheologiiia, istoriia, kul'tura. (Materialy mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii, posviashchennoi 80-letiiu G.V. Shishkinoi. – M.: GMV, M., 2010. – S. 91-93.
- 60 Khasanov M. Rasprostranenie krestoobraznoi planirovki v arkhitekture Srednei Azii. // Arkheologiiia i istoriia Tsentral'noi Azii. K 70-letiiu so dnia rozhdeniia Iu.F. Buriakova. – Samarkand, 2004. – S. 155-161.
- 61 Chibirov L.A. Traditsionnaia dukhovnaia kul'tura osetin. – M., 2008. – 711 s.
- 62 Iatsenko S.A. Znaki-tamgi iranoiazychnykh narodov drevnosti i rannego srednevekov'ia. – M.: Vostochnaia literatura RAN, 2001. – 190 s.

Г.А. ТЕРНОВАЯ
(Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к.)

ЖЕТИСУ МЕН ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ III Ғ. АЯҒЫ –IV Ғ.
САРМАТ-АЛАН ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ
(АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША)

Түйін

Мақалада Талас өңіріндегі (Шөлтөбе, Қызылқайнартөбе) және Оңтүстік Қазақстанда (Күлтөбе) орналасқан III ғ. аяғы –IV ғ. крест тәрізді құрылысты архитектуралық кешен қарастырылады. Ескерткіштер отырар-қаратау мәдениетіне жататын сармат-алан тайпаларының Күн храмы ретінде анықталды. Олар жылдың әртүрлі мезгілімен байланысты. Жазба деректерге жүгінсек, халық жартылай көшпелі өмір салтымен жүріп, отарлы мал шаруашылығымен айналысқан. Күлтөбе ескерткіші қыстақтың орнына орналасқан. Жоспарындағы мұндай принцип бұрынырақ Сырдария бойында орналасқан жерлеу ескерткіштерін тұрғызу барысында қолданылған. Храмды салу кезінде құрылыс техникасы мен тәсілі қолданылғандығы жетіасар мәдениеті ескерткіштерінен белгілі. Сармат-алан тайпаларының крест тәрізді харамдарын жоспарлау мен рәсімдеуде ежелгі христиандық ескерткіштермен ұқсастығы аңғарылады. Талас өңірінің ескерткіштерін қарастыруда нарттық эпос пайдаланылды. Нарттардың бірқатар бейнелері аландар, сармат-скифтер мәдени қорынан шыққан деген болжамдар бар.

Түйін сөздер: Талас өңірі, Оңтүстік Қазақстан, Қангюй, сармат-аландар, Күн храмы.

G.A. TERNOVAYA
(Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan,
Leading Research Fellow, Candidate of Historical Sciences)

TO THE HISTORY OF SARMATIAN-ALAN TRIBES OF ZHETYSU
AND SOUTHERN KAZAKHSTAN AT THE END OF THE III–IV CC.
(ON MATERIALS OF ARCHAEOLOGY)

Summary

The article considers the architectural complexes with the cruciform buildings (the end of the III–IV centuries). The constructions are located in Talas Valley (Chol-tobe, Kzyl-Kaynar-tobe) and in the South of Kazakhstan (Kultobe). The monuments are defined as the temples of the Sun of Sarmatian-Alan tribes, and they are related to the Otrar-Karatau culture. The temples belong to the different year seasons. According to written sources, the population was conducting semi-nomadic way of life and was engaged in nomadic cattle breeding. Kultobe monument was located in the area of wintering. A similar principle of planning had previously been used in the construction of funerary monuments, located in the lower reaches of the Syrdarya river. The creators of the temples used construction techniques, such as monuments Jetyasar culture. In the plan, forms and details of the cruciform temples of Sarmatian-Alan tribes there are similarities with the early Christian monuments. When considering the monuments of the Talas valley the author used Nart epos. There is an assumption that some of the Nart images came from Alan, Sarmat-Scythian cultural Fund.

Key words: Talas valley, Southern Kazakhstan, Kangyui, Sarmat-Alans, the temples of the Sun.

МАГИСТРАНТТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИССЛЕДОВАНИЯ МАГИСТРАНТОВ ARTICLES OF MASTER STUDENTS

ӘӨЖ 297:215](574)

Г. Кеніштайқызы

(әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс магистранты)

Сыр өңірінде әулиелер институтының қалыптасуы (ислам дінінде ахундардың алатын орны)

Аннотация

Бұл ғылыми мақала автордың Қызылорда облысында жүргізген далалық экспедиция материалдарын пайдалана отырып жазуымен құнды. Информаторлар мәліметтерін ғылыми әдебиеттермен салыстыра отырып, талдау жасайды. Қазақ жеріндегі әулие мәселесін аймаққа бөліп қарастыруда XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген халық арасында «әулие» атанып кеткен ахундардың ерекше қасиеттеріне тоқталады.

Түйін сөздер: ислам діні, ахун, мешіт, шәкірт, әулие, Сыр өңірі.

Бүгінгі күні «әулие» ұғымын жаңаша көзқараста қарастырудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, кеңес дәуірі кезеңінде өз тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды деректері яғни ауызша деректер ғылыми айналымға дер уақытында түспеуі себебінен ғылыми зерттеулер мен көпшілікке арналған оқулықтарда жаңсақ пікірлер пайда болды.

Екіншіден, қоғамымызда кездесетін түрлі кедергілерге байланысты әулие мәселесі ислам дінімен бірге ғана зерттеліп, арнайы зерттеу объектісі ретінде қаралмады.

Әулие – ислам діні келгенге дейін ата-бабаға табыну, оның арғы жағы Тәңірі, Ұмай, Жер-Судан бастау алса да, қазақтардың өміріне ислам дінінің дендеп енуіне орай мұсылманшылық сипатқа ие бола бастады. Бұл жөнінде ғалым-этнограф Ө.Т. Төлеубаев былайша пікір білдіреді: «Ортаазиялық аймақ территориясына ислам дінінің таралуы кезеңінде мұсылмандық пен исламға дейінгі культ тығыз араласып, синкреттеліп кеткендігі сондай, исламға дейінгі және исламдық арасына нақты шек қою қиынға соғады, тіпті кейде мүмкін емес» [1, 6 б.]. Расында қазіргі қоғамда әулие мәселесі неліктен назар аудартады? Қазақстанның ең қазағы көп облысы болып саналатын өңірде ислам дінінің ролі жоғары тұр. Осы дін қазақ өлкесіне жайыла бастаған кезде де алғаш таныған өлке. Солай дей тұрғанмен, бұл аймақта әулиелерге деген де құрмет ерекше екендігін баса айтуға болады.

Ислам діні Құдайды тану жолдарын ұсынса, сопылық ілім адамның өзін-өзі тану жағдайларын алдыңғы орындарға шығарады. Өзінді өзің тану жағдайларын жоғары дәрежеде меңгерген, шариғат, тарихат және мағрипат жолынан сәтті өтіп, хақиқатқа жету жолын іздеген білімді жандар – әулиелер болған деп есептеледі [2, 109 б.].

Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Қайсыбір пендеге Алла жақсылық жасап, оны дін және шариғат ілімдеріне жетік етіп қояды. Оған дұрыс жолды сілтеп тұрады» – дегенді айтады [3, 59 б.]. Сол ілімін әрі қарай дамыта білген әрбір адам көп адамдар жете алмайтын жетістіктерге жетеді. Дін мен шариғатты қатар меңгерсе ерекше қасиетімен түрлі кереметтер, ғажайыптар көрсетеді. Ел ішіне даңқы көзінің тірісінде-ақ тарайды. Сондай әулие адамдардың қатарында болған ахундар мәселесіне тоқталмақпыз.

Сырдың төменгі жағын мекендеген қалың елдің арасында Қалжан ахун, Ораз ахун, Дәулетназар ахун, Мырзабай ахун, Ақмырза ахун тағы басқа да ғұлама жандардың есімдері халық жадында әлі күнге сақтаулы және ұмытылмақ емес.

«Ахун» атағы діни кітаптарды аударушылар, әрі ел арасында дінді насихаттаушыларға, медреседе толық білім алған талантты жандарға берілген. Қазақтар белгілі бір қызметтерін тиянақтайтын әрекет иелерін, соның ішінде халыққа пайдасы тиген, діни сауаттандырған ғұламаларын ерекше мойындап, қастерлеп отырған.

XIX ғ. Бұхара медресесінен алған білімдерін өзінің халқына таратуға бағыт ұстанған ахундар мен олардан дәріс алған оқымысты шәкірттері, молдалар мешіттерде жүйелі түрде оқу-ағарту жұмысымен

айналысқан. Кеңестік дәуір кезеңінде бұндай мәселелерді көтеру былай тұрсын, «ахун» атауын ауызға алуға тиым салынғанымен, бүгінгі күні басы ашық, тың тақырыптардың бірі.

«Көгелташ» медресесінде діни оқулармен бірге, аспан әлемі, математика, медицина, философия және осы айтылған ілімдерді түгел бойына сіңірген сопылық ілімді кісінің жан әлеміне сіңіріп дарытатын. Бұл пікірді Идрис Шах та жандандырады: «Сопылық мектепке айнала арнайы оқытушылар жиналатыны күдіксіз. Бұндай мектепті «бітіру» мүмкін емес, бұл мектептердің білімі басқа сопылармен жақын араласу, өзінің білімін шыңдау арқылы жетіледі» [4, 5 б.].

Ислам дінінің халық арасына тарауына оң ықпал жасаған, медресе ашқан, сөйтіп халық ықыласына бөленген ғұлама жандардың бірі – **Қалжан ахун**.

Қалжан ахун мешіті Қызылорда облысының, Жалағаш пен Тереңөзек ауданының аралығында теміржолдың бойында салынған. Сыртынан қарағанда есік-терезесі мүжілген, қыштан өрілген, маңдайшасы биік ғимарат.

Қалжан (шын есімі Қалмұхамед) Бөлекбай ұлы 1853 ж. Қарақалпақстанның Бурное ауданы, Тақтакөпір деген жерінде дүниеге келген [5, 131-134 бб.].

Қалжан ахунның немересі Шамшияның отбасылық шежіресі бойынша, Қалмұхамед Бөлекбайұлы Хиуа хандығында туылған. Ал дүниеге келген жылын 1862 ж. деп береді [134, 11б.]. Хиуа мен Бұқарада білім алған.

Әкесі Бөлекбай Ақтөбелік болғанымен өмірін Хорезм жерінде өткізеді. Ол 1785 ж. дүниеге келіп, 90 жасында 1875 ж. қайтыс болады. К. Бердәулетовтың «Бұқарбай батыр» кітабында «Әкесі Бөлекбай дейтін кісі қалмақтармен соғыста ерлік көрсеткен батыр. Хиуа ханына қаруымен еруге рұқсаты болған» десе, кейбір деректерде былай беріледі: «Бөлекбайдың емшілігі болған кісі екен» [6, 125 б.].

Қалжан бір жасқа келгенде, Бөлекбайдың үйінде түстеніп отырған ауыл биінің көзі жас сәбиге түсіп: «Мына балаң не елден шыққан қу, не елден озған ғалым болады» – дегенде Бөлекбай: «Алдыңғы сөзің далаға, соңғы сөзің періштенің құлағына жетсін» – депті [7, 4 б.].

Қалжан Хиуа қаласындағы діни мектепте кейін, Бұхарадағы Көгелташта (Көкілташ) 7 жасынан 27 жас аралығында білім алу мақсатында туған жерден жырақта жүреді. Сыр бойынан келген Ораз ахун Бекентай ұлымен Көгелташта оқып жүргенде жақсы дос болады. Қалжан оқуға зерек болып, парсы, араб тілдерін жетік білген. 1880-1890 ж. Көгелташта заң бөлімімен қатар, діни оқу, философия, астрономия, математика, биология және сол кездегі поэзияны да меңгеріп шығады. 1890 ж. Көгелташ медресесінің заң факультетінде жоғарғы білім алып бітіргенде, ишан атағымен қатар, қосымша ахун атағын алады. Құран сүрелерінің мазмұнын қазақ тілінде еркін аударып отырған. 27 жасында оқуын бітіріп, «ахун» атағына ие болады. Бірге оқыған Ораз ахун Қалжанның білімін бағалап, 1890 ж. Сыр бойындағы Жалағаш, Тереңөзек жеріне келуіне ықпал етеді (I).

Қалжан ахунның арманы дәріс беріп жүрген мешітін, бұрынғы өзі оқыған Көгелташқа ұқсатып салу болады. Мешіттің архитектуралық жобасын Бұхарадан жасатып алдырады. Бұл мешіттің іргетасы алғаш рет 1902 ж. қаланады. Оның жанынан кірпіш күйдіретін шағын зауыт жұмысқа қосылып, айналадағы ел жиналып, қаржы құрап мешітті салады. Мешіт халықтың қолдауымен бітіп, біраз жыл діни білімнің орталығы болады.

Қалжан ахун ширек ғасыр бойы өзінің атымен аталған мешітте имам болады. Кейін патша әкімдері қудалап, түрмеге жабады. 1916 ж. жазында Жалағашта ораза кезінде намаз оқып отырып қайтыс болады. Халық оны Жалағаштан 20 шақырым қашықтықтағы мешітіне қолдарымен көтеріп апарып жерлейді. Ал оның көзі тірісінде киген шапанын ырымдап жыртып алып, ұзақ уақыт бойында үйлерінде сақтаған.

Біз қарастырып отырған тағы бір әулие – **Мырзабай ахун** XIX ғ. мен XX ғ. басында өмір кешсе де, ол жөнінде жазба мәліметтер аз.

Кіші жүз Жетірудағы керейт тайпасының Арбалы руынан шыққан. Шыққан тегі және балалық шақтағы өмірі жайлы мәліметтер аз [8, 68 б.]. Көнекөз қариялардың айтуынша және баспасөз беттерінде жарияланған материалдарға жүгінсек, Мырзабай ахун 1833 ж. Сырдарияның оңтүстік жағалауында дүниеге келген. Ел аузындағы деректерге сүйенер болсақ, ахунның әкесі де қара жаяу жан болмағанға ұқсайды (II).

Ауылда мұсылманша сауатын ашқан Мырзабай Азаматұлы Орта Азияның ежелгі қалаларының бірі Бұхарадағы «Көгелташ» медресесіне оқуға түсіп, оны 1854 ж. бітіріп шығады.

Көріпкел, әулие бабамыз, XX ғасырдың басында Сырдарияның теріскейінде салынып біткен теміржолды көріп, ойға батып тұрып: «Мағыр пен Машрық (батыс пен шығыс) байланысатын болды деп қуанған ертерек шығар, осы жолдармен ізгіліктен бөтен түрлі зиянды әдеттер ел ішіне ендеп кіріп

кете ме деп қорқып тұрмын» – деген екен. Алдағы күндерді болжап айтқан сөздері дәл келгеніне тәнті боласың.

Бірде ахун таң намазын оқып болғаннан кейін шәкірттерін жинап алып:

– «Маған бүгін әулиелер аян берді. Патша да емес, хан да емес заманның өзі үш қайтара өзгеріске ұшырайтын болды. Кейбір халықтарға ғылымнан, сезімнен, сергектіктен айрылар күн туады. Көздері кіреукеленіп, медресе үйлері мен аспанмен астасқан мешіт мұнараларын көрмей қалмаса болар еді. Мен бұл кезеңде бақилық дүниеде жүрермін, сендер қиыншылыққа душар болатын болдыңдар-ау» – деп мұңға батып тұрып қалыпты [9, 3 б.].

Мырзабай атаның дүние салғаннан кейінгі, Қазан төңкерісі және Кеңестік дәуірді еске алсақ, енді ахун айтқан үшінші өзгеріс, ақиқаттың ақ жолына аяқ басар заман туар деп үміттенеміз [10, 3 б.].

Ахунның бел баласының бірі Манаш Мырзабайқызы «Әкем мен дүниеге келген 1916 ж. қайтыс болыпты» – дейді екен. Баспасөз беттерінде Мырзабай ахун Азаматұлы 1918 ж. дүние салған деп жазылып жүр. Бұл да нақты дәлелденбеген.

1996 ж. көпшіліктің көмегімен, мешіт қайта қалпына келтірілді. Бүгінгі күні имандылық орны болып, халыққа қызмет етуде. Осы жылы ахун аруағына арналып, үлкен ас берілді. Ауылға Мырзабай аты берілді.

Ақмырза ахун 1881 ж. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қуаңдария бойында (қазіргі Көмекбаев атындағы кеңшар) дүниеге келген. Кейбір деректерде 1882 ж. деп беріліп жүр.

Ақмырза ахунның бабасы – Арғынбай батыр болған. Ол кісінің батырлығы жөнінде ел арасында дастаны сақталып қалған. Осы дастанды Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, Қазақстанға белгілі жырау Алмас Алматов орындап жүр.

Ақмырза алғаш білімді ауыл молдаларынан алады. Осы кезеңнің өзінде-ақ зерек болып, 11 жасында ел арасынан өтетін базаршы керуендерге ілесіп, Бұхар қаласына барады. Бұхар қаласындағы «Көкілташ» медресесіне оқуға қабылданып, үздік бітіріп шығады. Бұл жерде білім үйреткен ұстаздары шәкірт бойындағы табиғи дарындылығын, ерекше қасиеттерін көріп, ілімді Стамбулда жалғастыруға кеңес береді (III).

Ақыл тыңдаған Ақмырза білімін Стамбул шаһарына келіп жалғастырады. Осы Стамбул қаласында оқып жүріп, Татарстан, Пәкістан, Ауғанстан, Башкирияны аралайды. Ол ислам діні кең тараған жерлердегі мешіттердің үлгісін көру және дәріс беру әдістерін үйренуді алдына мақсат етіп қояды. Бұл уақытта Сыр өңірінде ешқандай мешіт болмаған. Елден жырақ жүріп білім алып, шатырхат (диплом) негізінде 18 жылдан кейін ғана Отанына оралады.

Қазалы уезі, Кеңтүп станциясында болыс Қашқарәлі Баймырза баласы Уақ мешіт салғызып, бала оқыттырады. Ақмырза ахун жергілікті халықтың балаларын ұл-қыз деп бөлмей діни сауатын ашады. Кезінде осы Ақмырза ахуннан білім алып, қоғам қайраткерлері болып қызмет атқарғандары да болған.

Бес жылдан кейін Қармақшы ауданы, Қуаңдарияның бойындағы Шыбынтай Тілес балалары Көтібар, Шортандар мешіт салғызып, ахунды шақырып алдырып, балаларын оқытады [11, 89 б.].

Ақмырза ахун шарият заңдарын қатты ұстаған. Көшіп-қонып, мал бағуға қалыптасқан халыққа адамгершілік пен биік парасаттылықты насихаттауға саналы өмірін сарп еткен. «Тойғанына тоятпай, ізгіліктің иесін білмейтін надандықтан арылып, қалың ұйқыдан оянып, заман ағымын танитын ойы ояу, ашық көз болу үшін оқу керек, елін қорғайтын ер болу үшін білім керек» – деп үндеген. Осы үндеуді негізге ала отырып, Құранға түсіндірме ретінде «Түрік иманы» атты еңбегін жазып қалдырады.

Қорыта келе айтарымыз, жоғарыда қарастырған Қалжан ахун, Мырзабай ахун, Ақмырза ахундардың барлығы көзі тірісінде еліне еңбегі сіңген, ынтымақ пен бірлікке шақырған, өмірге әркімнің адалдығы мен адамдығын шыңдаған, алдын көрегендікпен болжаған жандар. Осындай тұлғалар өмірден өтсе де, ел есінен ұмытылмай, құрметтеліп әулие саналған. Ислам дінінің қара халықтың арасына тарату үшін барлық білімдерін жұмсаған. Қанша ғасыр артқа тастасақ та халық бұл жандарды исламдағы әулие тұтып, басына барып, Алла жолында құрбандық шалып түнейді.

Әдебиеттер

1 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX в.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.

2 Кеніштайқызы Г. Марал баба – Ислам дінінің Сыр өңіріндегі әулиесі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №2 (37) 2005, 109-112 бб.

3 Мұхаммед пайғамбардың хадистері / Аударған Н. Қазыбеков. – Алматы: Жазушы, 1994. – 64 б.

4 Идрис Шах. Суфизм. – М.: Клышников, Комаров и К., 1994. – 446 с.

- 5 Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. – Алматы: Өнер, 1996. – 194 б.
 6 Қалжанова Ш. Қалжан ахун. – Алматы: Санат, 2002. – 192 б.
 7 Бердәулетов К. Бұқарбай батыр: өмірі мен ерлік жорықтары. – Алматы: Қазақ, 1992. – 125 б.
 I Информатор Жамалатов Сырмағанбет. Жалағаш қыстағы.
 8 Нұртайұлы С. Дін кереметі. – Алматы, 1997. – 100 б.
 II Сақтағанов Жанатбек. Қызылорда қаласы.
 9 Сарбалаев Ж. Зәйтүннің жасыл дарағы // Жалағаш жаршысы. – 1996. – 15 желтоқсан.
 10 Кеніштайқызы Г. Сыр ахундарының бірі – Мырзабай ахун // Қазақстан жалпы адамзаттық тарихи ойлау аясында: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 2004. – 140-144 бб.
 III Нүрекешова Гүлназ. Қызылорда қаласы.
 11 Әшімұлы Ш. Сыр ғұламалары. – Шымкент, 2002. – 279 б.

References

- 1 Toleubaev A.T. Relikty doislamskikh verovaniy v semeinoi obriadnosti kazakhov (XIX-nachalo XX v.). – Almaty: Gylym, 1991. – 214 s.
 2 Kenishtaikyzy G. Maral baba – Islam dininin Syr onirindegi auliesi // QazUU khabarshysy. Tarikh seriiasy. – 2005, №2 (37) – 109-112 bb.
 3 Mukhammed paigambardyn khadisteri / Audargan N. Qazybekov. – Almaty: Zhazushy, 1994. – 64 b.
 4 Idris Shakh. Sufizm. – M.: Klyshnikov, Komarov i K., 1994. – 446 s.
 5 Qonyratbaev T. Ertedegi eskertkishter. – Almaty: Oner, 1996. – 194 b.
 6 Qalzhanova Sh. Qalzhan akhun. – Almaty: Sanat, 2002. – 192 b.
 7 Berdauletov K. Buqarbai batyr: omiri men erlik zhoryqtary. – Almaty: Qazaq, 1992. – 125 b.
 I Informator Zhamalatrov Syrmafanbet. Zhalagash qystagy.
 8 Nurtaiuly S. Din keremeti. – Almaty, 1997. – 100 b.
 II Saqtaganov Zhanatbek. Kyzylorda qalasy.
 9 Sarbalaev Zh. Zaitunnin zhasyl daragy // Zhalafash zharshysy. – 1996. – 15 zheltoqsan.
 10 Kenishtaikyzy G. Syr akhundarynyn biri – Myrzabai akhun // Qazaqstan zhalpy adamzattyq tarikhi oilau aiasynda: Khalyqaralyq gylimi-teoriialyq konferentsiia. – Almaty, 2004. – 140-144 bb.
 III Nurekeshova Gulnaz. Kyzylorda qalasy.
 11 Ashimuly Sh. Syr gulamalary. – Shymkent, 2002. – 279 b.

Г. КЕНИШТАЙКЫЗЫ

(Магистрант 2 курса Казахского Национального университета им. ал-Фараби)

ФОРМИРОВАНИЕ ИНСТИТУТА АУЛИЕ (СВЯТЫХ) В СЫРДАРЬИНСКОМ РЕГИОНЕ
(РОЛЬ АХУНОВ В ИСЛАМЕ)

Резюме

В данной статье рассматривается история «святых» - ахунов, их роль в обществе. При Сырдарьинских регионах были открыты мусульманские школы. Автор исследует миссионерскую деятельность Калжан-ахуна, Мырзабай-ахуна и Акмырза-ахуна, которые занимались пропагандой духовных знаний и учения ислама в присырдарьинских регионах.

Ключевые слова: исламская религия, ахун, мечети, ученики, святой, Сырдаринский регион.

G. KENISHTAIKYZY

(Kazakh National University name after Al-Farabi, Master's Degree Student)

THE FORMATION OF AULIYE ("SAINTS) INSTITUTE
IN SYRDARYA REGION (THE ROLE OF AKHUNS IN ISLAM)"

Summary

The history of the Akhuns (the saints") is studied in this article. Over the Syr region the "saints" opened the Muslim schools. In this article the author studies the missionary activity of Kalzhan Akhun, Myrzabai Akhun and Akmyrza Akhun who propagated Muslim religion all over the Syr region.

Ключевые слова: Islam religion, Akhun, mosques, followers, "saint", Syrdarya region.

Mohd Younus Wani

MA (History), B. Ed, M. Phil (History), Ph.D Scholar,
CCAS, University of Kashmir, Srinagar, India.

Firdose Ahmad Dar

Ph.D Scholar (Political Science),
CCAS, University of Kashmir, Srinagar, India

Americanism: a Journey to Unbridled Power

Annotation

Americanism is an ideology that has kept the corner stones of American unity, integrity, solidarity, etc., together. It encountered and negotiated challenges both internal and external. The great Italian Social Scientist and political philosopher Gramsci in «Coercion and Consent» held that nation or a country attains supremacy when her all strata will show cooperation and oneness among them. He held that a nation can prosper only when police, law, courts, media etc., will share responsibility of coming close to each other without any difference and give one echo. This paper is based on an idea that geared the nations and gave them height of above the common run. Americanism to America has added great glories, unrolled marvelous and unrivalled rank and set great heights to conquer. This height of America through Americanism is main concern of the paper.

Key Words: America, Americanism, Ideology, Nations, Gramscie, Unity, Solidarity

The success of a nation to reach to glory lies in the socio-cultural estates which escort the nation with strength, power, paramountacy, etc. that counters segregation or disunity. It persuades it with unity, solidarity, harmony, peace, progress, stability, etc. This strength is the bed rock needed in all aspects of life, in society, in economy, in polity, in ethics and morals, in knowledge, in law, etc. With the help of these a nation can touch the sky and maintain her supremacy for longer times. America moved from pillar to post to perpetuate their rule and domination. This was bound to create an impact, for they put together their systems and directed them in a singular way to shape their plural designs. Italian Gramsci's «Hegemonic Concept» is all fit to speak on behalf of nations who have learnt to live along with productive forces, forces that command a major chunk of their systems. They will not be subjected to parasitic type of class which squeezes the corner stones of the economy, society or creates any disrespect on their culture, those nations will live long; otherwise is the case of «Passive Revolution» or «limited Hegemony» where people's persuasion is short lived. Gramscie in «Coercion (Police, Courts, armed force) and Consent (recognition of action or belief in culture or among individuals)» feels that the civil and legal machineries should bear out each other and it leads to a successful nation. It is on account of these socio-cultural forces that America has managed what is called «Expansive Hegemony», hegemony which is rare and spontaneous [1, pp. 57-63].

Americanization or Americanism is a conviction which preserves political system, nation interests, culture of America strongly at variance with the rest of the World. It also stands for a supreme national ideology, loyalty, belief in devotion, or allegiance to the United States of America or to its flag, traditions, customs, culture, symbols, institutions, or form of government. A belief in Americanism is a preference for all things or most things having to do with the United States. In some cases it can be a view of superiority of the United States over other systems. At other times it seems quite relevant to stay with the say that Americanism means to serve interests of United States of America by moving from heaven to earth or securing safe and sound position by taking into care crucially various functions of various strata's.

This Americanism is not different from *Jacobinism* led by M. Robespierre, a radical member in French Revolution, which let loose reign of terror in France and «*Bonapartism*» by Napoleon to suit Napoleon's imperial form of rule. The «*Stalinism or Stalin Purge*» is known in Central Asia for mass slaughter particularly of Mullahs and traditional elites but has commanded a great respect for the then USSR. «*Caesarism*» by Julius Caesar, Roman autocrat, was also one of the radical faiths to believe in massive changes. These all «isms» were to fuel their aspirations that led their nations feel proud of.

Americanism is no different to above «isms» for the present American system of governance had never been well disposed to any except her own interests, loyalty, cultural values, i.e. Americanism supported by Truman, Bush Senior, B. Clinton, Bush Junior, Obama etc. all were with an aggressive foreign policy. They all praised a policy that gave marvelous positions to them to preach power and paramountcy for America.

Right from the birth of America, they looked all set to create something out of nothing. The thirteen colonies that sowed the seeds of a nation were truly deported people and some of the deportees were not seen fit to the socio-economic fabric in the then England. Nevertheless, they put their hands together and emerged inimical to injustice, intolerance etc. shown by their lords like UK, and France. They threw the yolk of their lord's in 1776 and formed a nation whose supremacy transcends all borders. The American Revolution was not throwing off of oppressive British rule but cultivating unity, value, integrity and strength.

The austere and mediocre begging was not destined to create a nation that will one day grapple the reigns of the World from the above invincibly. They very craftily kept aloof from all «Shackles» like L.O.N (League of Nations) U.N.O (United Nations Organization), as they did not sign membership of LON, UNO, CTBT, etc. that would have restricted their race for power, militarism and strength, and they escaped from the scorching jaws of political, economic, social embargo. The people felt strength in unity, harmony and coherence and expressed in great slogans. The motto «*E Pluribus Unum*» (*From Many, One*) has come to be interpreted as the forging of one people from the diversity of many ethnic, racial, and religious elements. At the time of its adoption in 1776, it expressed aspiration that the 'thirteen former colonies would merge into a 'unitary state.' American population in 1790 was hardly homogeneous. To begin with, almost nineteen percent (19%) was of African ancestry, another twelve percent (12%) Scot and Scots-Irish and ten percent (10%) German, with smaller numbers of French, Irish, and Welsh; the English stock comprised only forty-eight percent (48%). In short, America was already a «*complex ethnic mosaic*», divided into segregated, quarrel- some groups by culture, language, religion, and race.

The constitutional efforts were put in force at a stretch to avoid this heterogeneity and factionalism in the country. Having achieved independence the task of nation-building was still ahead for the leaders of the new republic. As former colonials, they nourished «*Anglophobia*» (unfriendly to British) against their recent imperial masters and aspired to creating a distinct American nationality. Lacking deep roots in the soil, ancient ties of blood, and recourse to «mystic chords of memory», they shaped such a national identity only from the Enlightenment ideals which had inspired the «Declaration of Independence». Given these assumptions regarding the universal nature of mankind and the doctrine of natural rights, one became an American by «choice», not by «descent». When drafted in 1787 the Constitution of the United States did not define citizenship. The only distinction it made between «natural born» and «naturalized citizens» is that the latter were to be ineligible for the presidency. It authorized the Congress to establish «a uniform rule of naturalization,» and by an act of 1790, the criteria for naturalization were established: a residence of two years (subsequently changed to five years); good character; and the taking of an oath to support the Constitution. But for precautionary measures they, by an act of 1882, debarred some like Chinese from enjoying the citizenship of America. Until 1924 native-born Indians who maintained tribal ties were denied citizenship on the fiction that they were members of «alien nations». Even Anglo-Americans (i.e., descendants of the original British colonists) had reified race into categories of human beings who were to be admitted or excluded from the citizenry of the republic on the basis of skin color. This was expected to prevent disunity and unfriendly atmosphere from entering into the Country of United States of America.

Since, 1820 recurring waves of immigration totaling over fifty-five million persons coming from all corners of the globe, representatives of practically all cultures, races, and religions on earth. Such an iridescent procession of humanity was again and again to test and strain the absorptive capacity of the republic and of its founding principle that «all men are created equal». The immigration issue in America left Americanism on screen to display its vibrant but most voracious roles. A New movement like «*Know Nothing*» party in 1854 was crying «*America for Americans*». This effort of allowing minimal immigrants in USA was strongly patronized by great presidents of America like Woodrow Wilson, Roosevelt by their huge claims like «We of America forms a new Nationality» etc. The cumulative impact of an immigration of sixteen plus million since 1965 has aroused intense concerns regarding the demographic, cultural and racial future of the American people. The visibility of the newcomers, their color, languages, and lifestyles, has triggered a latent «*Xenophobia (Phobia of strangers)*» in the American psyche. While eschewing the overt racism of earlier years, advocates of tighter restriction have expressed anxiety that the immigrants posed a threat to the racial and cultural «homogeneity» of the United States.

The competition that USA faced in the 19th and early 20th century was «*Oligopolistic Competition*» which geared the wheels of Americanization more briskly. This competition of technological innovations governing economic transport (telegraph, railroads, electricity, refrigeration, combustion engine, markets, industries, etc.) left America on pins to move forward both with avidity and jealousy. They waged a war of diplomacy to shatter the woven plans of the existing nation going hand in hand with them. The economic boom and bust brought uncertainty and turbulence to both pre-existing and emerging economic actors. Social scientists believe that economic policies of America abounded with Americanism made other economies subordinate ones. More so was important political upheaval in Europe that goaded them to march for lifelong longing. The victory and integration of Germany in Franco-Prussian war in 1870-71 marked one of the radical changes in Germany. It reinforced industrialization in Europe and this industrial curiosity was interwoven with constructing a nation with an ideology (like that of Germany). The First World War, Nazism, and hyperinflation in 1930s also created a milieu for ambiguity and uncertainty. This left a great void for «*Oligopolistic Competition*» for economic and industrial actors, therefore, created voluminous unrest. This uproar was proficiently negotiated and resisted by America by following certain tactics and expedencies. They without falling into the trap balanced their economic forces by trading out of sufferings of struggling nations of Europe.

European countries saw their strength in what is called «Europeanization». They found America a degenerated nation with no culture and money its only religion. The Internet was flooded with anti-Americanism in Europe, while supposedly «best-selling» books with attractive titles such as «*Why America Fascinates and Infuriates the World*» and «*Why Do People Hate America?*» wedged the shelves of bookstore. Authors juggle the names of contemporary leaders such as German ex-chancellor Gerhard Schroder, French President Jacques Chirac, and Javier Solana of Spain, the current High Representative for the Common Foreign and Security Policy of the European Community, all of whom made a career sailing on the waves of anti-Americanism. The proportion of the public expressing pro-U.S. sympathies declined.

The period (1861-1865 and 1870-1930) in America increasingly brought ruthless competition and economic welfare. The period was a period of great economic and political upheaval. The economic accumulation and industrial Revolution [2, p. 17] in America gained currency rapidly and State institutions began to build on solid edifice. America trod on the path of what is called in history «*Progressive Era*». World War-I, however, aroused an intense patriotism which it expressed in slogans like «*One Hundred Percent Americanism*» and attacked upon «*hyphenated Americans*», German-Americans in particular. Former President Theodore Roosevelt expressed this uncompromising standard of conformity: «*We of America form a new nationality!*»... *Either a man is an American and nothing else, or he is not an American at all*". President Harry Truman adopted an anti-Soviet policy called «*Get Tough with Russia*» in 1946. The Great Israel writer calls America the «*Melting Pot*»...where all the races of Europe are melting and reforming». The consolidation of Czechoslovakia and the Berlin Blockade by Communists were also runways of Americanism as it made America conscious to counter by protecting her people and interest through rapid military exercises, making propaganda etc. This made America on the screen of the world very prominent power that cannot comprise on any issue detestable to her fame. They even went beyond their borders to chase their enemies and to enjoy unrivaled power.

Americans engaged policy makers/think tanks and great experts to leave a long impression on the fabric of world powers. For example, George W. Bush in 2001 involved great experts to prolong the supremacy of America. For want of this he announced D. Cheney and his Task Force, NEP, (National Energy Programme) etc., as valuable assets to feed American interests. In 2000 Al Gore and G. Bush adopted a policy called «PNAC» or «Project for New American Century» where it was strictly maintained that US hegemony is intolerable. Foreign policies, military cantonments, lethal arms, etc., were asked to be demonstrated to get better half for Americans, at that the stress was given to other aspects of America to stand witness to the crucial times and see the systems of these times to work shoulder to shoulder for the sake of new America that will grapple the world from the front [2, p. 51]. The Gulf War of 1990-91 or popularly called «*A War for Oil*» has energized and answered Americanism. Bush, Major and other leaders have cloaked their war aims in the most noble language like fighting Saddam (Saddam in, 2 October 1990 in Wall Street Journal, threatened to «*burn half of Israel*») means to «*liberate*» Kuwait, to «*uphold international law*», and to defend «*democracy*» against evil dictatorship». The speech of George W. Bush, «*Saddam Hussian and his Son must leave Iraq in 48 hours*», «*A great people has been moved to defend a great nation*», radiates that nothing against America and nothing above the America. This was well responded by her people from all strata of their society and they kept faith hinged on their leaders. The 9/11 has unleashed reign of terror events like *Guantanamo Bay*, *Abu Ghraib*, etc. were

displayed very mercilessly. Moral and Geneva Conventions were not allowed to occur and Americanism went on sternly and silently. Extreme interrogation tactics were allowed by Donald Rumsfeld and Miller, the two corner stones of Bush Administration. Security, safety, peace, stability, law, etc. were all mixed and directed in one go to frame a decree that would guarantee Americanism, nothing above the America and nothing against America. This «Wrath» is not, of course, over but will freeze to strike as is the natural law», Every Climax has a fall is the Ultimate reality of History.

References

- 1 Steve Jones, «*Antonia Gramscie*», USA, 2006, pp. 57-63.
- 2 William R. Clark, «*Petrodollar Warfare: Oil, Iraq and the Future of the Dollar*», Canada, 2005, p. 17, 51.

МОХД ЮНУС ВАНИ,
Ph.D докторант, Центр Изучения Центральной Азии, Университет Кашмира,
г. Сринагар, Индия

ФИРДОС АХМАД ДАР
Ph.D докторант, Центр Изучения Центральной Азии, Университет Кашмира,
г. Сринагар, Индия

АМЕРИКАНИЗМ: ПУТЬ К НЕОБУЗДАННОЙ МОЩИ

Резюме

В данной статье автор рассматривает происхождение и развитие американизма как краеугольного камня американской идеологии. В статье были освещены некоторые важные поворотные моменты данной проблемы.

Ключевые слова: Америка, американизм, идеология, страны, единство, солидарность.

Ж.Ж. Ожанова

(Абай ат.Қазақ ҰПУ –нің 1 курс магистранты 6М011400 - Тарих)

Халел Ғаббасов Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері

Аннотация

Автор ХХ ғасыр басындағы қазақтың көрнекті зиялы қауымы, Халел Ғаббасовтың қоғамдық-саяси қызметін ұсынуда. Қазақ автономиясын құруға ат салысумен қатар елдің экономикасын көтеруге бар күшін сарқыған зиялы қайраткер. Ол көрнекті қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының мүшесі, қабілетті ұйымдастырушы. Х.Ғаббасов 1930 жылдардың саяси құрбаны болды.

Кілт сөздер: Алаш, Алашорда үкіметі, қоғамдық-саяси, жалпықазақ съезді, Ұлттық кеңес.

ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында әлеуметтік – экономикалық, қоғамдық – саяси өзгерістердің нәтижесінде дүниеге Алаш қозғалысы келді. Алаш қозғалысы, тарихта Алашорда үкіметі, «Алаш партиясы», Алаш автономиясы деген ұғымдармен белгілі.

Тұлғасыз ұлт – тұлдыр ұлт. Тұлғаның оған қайрат берген қайнарлардың қайда жатқанын қалтқысыз пайымдау үшін, оның ғұмыры жайлы жаңылмай әңгімелеу үшін, оның тындырған ісінің мәнін жан-жақты ұғыну үшін халық тарихының терең қатпарларына үңілу керек, тарих жолы адам жолы, оладамның басына, халықтың басына түскен тауқымет, оның маңдай алды ұлдарының тағдырынан тасқа басылған таңбадай айқын көрінген. Тарих шындықпен ғана құнды бола алады.

Ұлтының басқа жұртымен терезесі тең, тәуелсіз ел болуын мақсат тұтқан қазақтың ат төбеліндей зиялы қауымы Алаш есімін ұран қылып, қаншама қайрат жасаса да, қол астындағы халыққа улы тырнағын батыра бастаған Кеңес өкіметі олардың мақсаттарына ешқандай жол берген жоқ. Жүректері елім, жұртым деп соққан ардагер азаматтар Кеңес өкіметі саясатының зорлықшыл әдістерін де мойындап, қолдарынан келгенше туған халқына игі қызмет көрсетуге әрекет етті. Қазақ халқының санасын жайлаған дерттің емін біліп, өздерінің терең білімі мен қолдан келер жақсылығын халқының жарқын болашағына арнады.

ХХ ғасыр басында отарлық саясаттың шарықтау шегіне жетуіне қазақ жерін жаппай алу, саяси – рухани қысым т.б. байланысты қазақ ұлтының болашағына қауіп төнгенін түсінген халық көсемдері - Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов және т.б. ұлт-азаттық күресінің діңгегі ретінде Алаш идеологиясын қалыптастыру процесінде отарлық езгіге қарсы зиялы қауым мен халықты біріктіріп, топтастырудың алғышарттарын жасай бастады. Осы кезеңнен бастап ұлт-азаттық күрес мазмұны сапалық жағынан саяси – интеллектуалдық деңгейге көтерілді. Дәл осы кезеңнен бастап жергілікті жерлердің деңгейінде әлеумет істеріне, саясатқа, қоғам өміріне жекелеген аймақтардағы қазақ зиялылары да тартыла бастады.

Қазақтың ұлттық – демократиялық интеллигенциясы негізін қалаған бұл қозғалыстың ел таныған жетекшілері қатарында халқымыздың Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай сияқты саңлақтары бүкілқазақстандық саяси жетекшілер деңгейіне көтерілсе, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов сияқты қайраткерлер Алашорда үкіметінің аймақтық – облыстық бөлімшелеріне басшылық жасаумен ерекшеленеді.

Алаш қозғалысы «қоғамдық-саяси өмірге араласа бастаған кезден екітүрлі ұлттық мақсатты – қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына жеткізуді» алдарына қойды.

Сол жылдары осы міндеттерді атқару үшін елеулі еңбек сіңірген, шоқтығы биік, біртуар, бірегей тұлға – Халел Ахметжанұлы Ғаббасов болды. Халел Ғаббасов Кеңес дәуірінде өз жұртына аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері, Әлихан Бөкейхановтың сенімді серіктерінің бірі болған. Халел Ғаббасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі қиыншылықтары мен қайшылықтарға толы тарихи

драма іспеттес. Халел Ғаббасов жеке азамат ретінде тұлғалануы қазақ халқының көп ғасыр бойы қалыптасқан экономикалық, саяси, мәдени қоғамдық қатынастарының түбегейлі өзгеруіне әкеліп соқтырған революциялық дүмпүлер кезеңіне сәйкес келді.

1917 жылғы Ақпан революциясы мен Земство сайлауы аралығында Халел Ғаббасов 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда І Жалпықазақ съезіне Семей облыстық Қазақ комитеті атынан қатынасты. Ал сол жылғы желтоқсан айында өткен ІІ жалпықазақ съезінде ол Алашорда аталған Ұлттық кеңестің мүшесі болып сайланады. Бұл съезде ол оның қаржы және ұлттық милицияны ұйымдастыру комиссиясында жұмыс атқарады. Сонымен қатар Халел Ғаббасов Семей облыстық Қазақ комитетінің баспаханасынан «Сарыарқа» газетінің қосалқы редакторы қызметін атқарды. Бұл істе газетті шығарушы «Тендік» серіктестігі болса, оның редакторлығы міндеттерін әріптесі Райымжан Мәрсеков, Имам Әлімбекұлы кезектесе, бірлесе атқарады. Жалпы «Сарыарқа» газеті Алаш қозғалысының жалынды жаршысы, қазақ халқының мұң-мүддесінің айнасы болды.

Қоғамдық-саяси саладағы күрестерге толы осы бір аумалы-төкпелі қиын кезеңде 1917-1919 жылдары шығып тұрған бұл газеттің ұйымдастыру – насихат жұмыстарының маңызы қомақты.

1917 жылғы Ақпан революциясы мен Земство сайлауы аралығында Халел Ғаббасов саяси қызметке қызу араласа бастайды. Ол ең алдымен оның 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен және «Алаш» партиясын құрған бірінші бүкілқазақ съезіне қатынасуы, сол сияқты Семей облыстық Қазақ комитетінің құруға тікелей араласып, оның көпшілік мойындаған жетекшілерінің бірі болды.

Ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси белсенделектің келесі бір және жарқын көрінісі – 1917 жылдың көктем айларында өткен облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық немесе қазақ комитеттері жүйесі болды. Олар 1917 жылы негізінен сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездерінде құрылды.

Атап айтқанда, мұндай съездер сәуір айында Орынборда (Торғай облыстық), Оралда (Орал облыстық), Семейде (Семей облыстық), 27 сәуір-7 мамыр аралығында Омбыда (Ақмола облыстық), т. б. қалаларда болды [1, 92 б].

Семей облысының қазақтары 1917 жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыр аралығында бас қосты. Съезге облыстың бес уезінен 200-дей делегат және Алтай өлкесіндегі Бийск уезінен 2 қазақ өкілі қатынасты.

Съезд төралқасына Жақып Ақпаев (төраға), Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, М. Боштаев, Б. Сәрсенов, М. Малдыбаев, Ш. Ақпанов (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібінде 16 мәселе, [1, 104-105 б.] кейбір деректерде 20 мәселе қойылды деп жазылды [2, №2]. Олар мыналар:

1. Құрылтай жиналысы,
2. Мемлекетті билеу түрі,
3. Жергілікті басқару және автономия,
4. Жалпы қазақ съезі,
5. Білім беру,
6. Діни басқарма,
7. Пошта және баспасөз,
8. Медицина және ветеринария,
9. Ауыл шаруашылығы,
10. Аграрлық мәселе,
11. Қоғамдық қаражат,
12. Сот,
13. Жаңа құрылысқа сай емес мекемелерді жою,
14. 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты болған тәртіпсіздіктер және оның зардаптары,
15. Облыстық қырғыз комитетінің қызметі туралы есеп беру,
16. Әйел мәселесі. Бұған қосымша:
17. Облыс, губерния, уездердің шекараларын өзгертіп, жаңа облыс етіп бөлектеп шығару хақында,
18. Соғыс және хәм жұмысшы хақында,
19. «Игілік қауымы» (кооператив) уақ қарыз серіктігі (кредитное товарищество) хәм басқа керекті ұйымдар тарату турасында,
20. Қазақ арасындағы дау-жанжал мәселелері. Басқалармаен салыстырғанда дау-жанжал мәселелер қатарына «Медицина және ветеринария», «Игілік» қауымы (кооператив), уақ қарыз серіктігі мәселелері енгізілді.

Оқу мәселесіне байланысты съезд «халықтың көзін ашып, ілгері бастыратын оқу екені даусыз, сондықтан бұл мәселе ең бірінші қолға алынып, қаралатын мәселе» - дей келіп, - қазақ үшін арналып оқытылсын, - деген қаулы қабылданды. Осы қаулыға сәйкес біршама шаралар да атқарылды. Соған орай Мінән Тұрғанбайұлы «Зайсан уезінің комиссары болған Халел Ғаббасов уезге қараған қазақтардың арасындағы көп школды, мектепке айналдырып қайтты... Съездің қаулысы бойынша барлық ауылнай школдары ұлт мектебіне айналдырып, мұғалімдер алдырып, қазақша оқытылуы керек... өз тілінде кітаптары болмаған жұрт ілгері баспақ емес. ... Ұлт ісі жалпы ұлттың тырбанып керек қылуымен ілгері басады... біз қатардан қалмауды ойлап тұрған жұрт емеспіз, озып кеткен елді қуып жетеміз деп отырмыз» деген пікір айтады [2, №10].

Халел Ғаббасов 1917 жылы маусымның басында Семей қаласында өткен біріккен шаруалар және казактар съезіне Қазақ комитетінің атынан қатынасып, онда қаралған мәселелер бойынша жарыссөзде сөйлейді. Халел Ғаббасовтың және Қазақ комитетінің басқа мүшелерінің ұсынысымен съезде облыстағы қазақ-орыс қарым-қатынастары туралы мәселе талқыланды. Ұлтаралық қатынастарды

шиеленістірмеу мақсатында съезд қарарымен келістіруші (примерительная) комиссия құрылып, оған қазақ-орыс қатынастарына егіндік пен пішендікке мал түсуі, жерге рұқсатсыз ағаш кесуге байланысты түсінбеушіліктерді реттеу жөнінде міндеттер жүктеледі.

Осы шешімді қолдай келе «Сарыарқа» газеті былай деп жазды: «Екі жағынан үш-үштен болама, кеңесіп бітірмек. Бұл кісілерді ел сайлайды. Біздің қазақ ескі, ұшты-қашты жаман мінезді тастап, ағайыншылыққа келіп, берекеге жанасатын іс қылуы керек. Орыстың түзуі де қисығы да түзу болмайды. Заман – әділдік заманы» [2, №3].

1917 жылы Семей облысының уездеріне Уақытша Үкіметтің әкімшілік жүйесі бойынша «комиссарлық» статустен Қазақ комитеті, шаруалар және казак кеңесінің, солдат және жұмысшы кеңестері тарапынан лауазымды адамдар жіберілген. Олардың негізгі мақсаты қалың жұртшылық арасында Уақытша Үкіметке деген сенімді арттыру болды. Мәселен Зайсан уезі бойынша Халел Ғаббасов, Өскемен уезі бойынша Биамет Сарсеновтар осындай жұмыстарды атқарған [3, 45 б].

1917 жылғы маусым айында Семей облысындағы билік жүйесінің қайта құру ісі аяқталды. 1917 жылы 11 маусымда Семей облыстық атқару комитетінің бұрынғы құрамының қызметін тоқтату және оны енді делегаттар жиналысы құрамына жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінен – Попов, Воронов, Салов, шаруалар және казактар депутаттары советінен Ляшкевич, Троицкий және Голянов, ал қазақ комитеті атынан Х. Ғаббасов, Б. Сарсенов, Ермаков енді.

1917 жылдың жазынан Семей өңірінің зиялылары аса маңызды деп санаған жер мәселесінің ресми тұрғыдан талқылануына мұрындық болды. Жер мәселесіне байланысты арнайы мақсатта бас қосулар өтті. Жұмысшы және солдат депутаттары және қазақ облыстық комитетінің делегаттар жиналысының мәжілісінде (22 маусым 1917 жыл) жер комитеттерін құру мәселесі қаралып, шешім қабылданды [4, 78-87-п].

Онда Қазақ комитеті атынан өкілдікке Райымжан Мәрсеков пен Халел Ғаббасов ұсынылды. 1917 жылы 11 шілдеде Облыстық жер комитетінің бірінші мәжілісі өтті. Оған «Делегаттар жиналысы» атынан Райымжан Мәрсеков және Дүйсенбинов қатысты.

Көп кешікпей «Делегаттар жиналысының» төралығына Н.С. Юдин сайланып, оның жолдасы (яғни орынбасары) болып Р. Мәрсеков бекітілді [5].

Ал Халел Ғаббасов болса, «Делегаттар жиналысының» арнаулы өкілі (комиссары) ретінде облыстық уездеріне іс-сапарларға шығып, олардан оралған соң тиісті есептер беріп тұрды.

Мәселен, «Делегаттар жиналысы» мәжілісінің архивте сақталған 21 тамыздағы хаттамасында 1917ж., комиссар Халел Ғаббасовтың және тағы басқа өкілдердің есептері тыңдалып, талқыланыпты. Ғаббасов Зайсан уезіне барған іс-сапарының қорытындыларын баяндаған. Онда Уақытша үкіметтің жергілікті комитеттері жұмысын жолға қойылудың шешілуі сөз болып, уезд көлемінде сот жүйесін құру, земство сайлауларын өткізу туралы ұсыныстар жасалған [4, 103-104-п.].

Сонымен қатар маусым айында Жетісу облыстық съезінде Қытайға босқан қазақ-қырғыздарды қайтаруға байланысты мәселе күн тәртібінде қаралған болатын. Соған орай 1917 жылғы 15 маусым күні Түркістан комитетінің өкілі О. Шкапский Уақытша үкіметтің атынан мынадай: «1916 жылғы оқиғаларға байланысты орыс пен қытай азаматтары арасында туындаған мәселелерді шешу үшін халықаралық съезд ашу қажет. Сиезде қытайлықтардың айдап әкеткен малдары және күшпен алып кеткен қыз-келіншектерді еліне қайтару мәселелері көтерілуі ықтимал. Тонау мен талан-таражға (салынған) жол берілген Құлжа ауданында басшы қызметтерде отырған адамдарды ауыстыру керектігі ескертіліп, ондағы консулдың ауысқандығы жөнінде хабарланды. Сиезді шақыру мерзімі тамыз айы деп белгіленіп, оған өкілдер тағайындауыңызды (өтініміз) сұраймын» деген жеделхатты жолдайды [6, 103-п.].

Бұл идеяны Халел Ғаббасов та қуаттап, 1917 жылғы 21 тамыздағы біріккен делегаттар кеңесінің мәжілісінде: «... Қытайға келген қырғыздарға бақылау орнатып, екі ел арасындағы мәселелерді (әсіресе мал ұрлауға байланысты) шешу үшін сиезд шақыру керектігіне» ерекше тоқталып өтеді [6, 103-п.].

Осы мәселелермен қатар Х. Ғаббасов өз есебінде сол кезде Семей облысының Зайсан өңірінде саяси іс-әрекетпен айналысқан Көлбай Төгісовқа байланысты өз көзқарасын да білдірген.

Көлбай Төгісов оған дейін, 1916 жылы Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарып, оның беттерінде революциялық - демократиялық мәндегі мақалалар жарияланған, Зайсан уезінде адвокаттық қызмет атқарған, кейінірек (1917 жылдың күзіне қарай) өзін қырғыздың (қазақтың) социалистік партиясы деп атаған «Үш жүз» партиясын құрған адам еді. Ол 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін өзінің саяси позициясын нақтылы анықтай алмай, түптеп келгенде большевиктік көзқарастың жоқтаушысына айналған. Сонымен қатар К. Төгісов Алаш қозғалысының сынаушысы,

яғни оған оппозицияда болды [1, 127 б.]. Сондықтанда ол Уақытша үкімет және оның жергілікті органдарына, сол сияқты кейін оны ауыстырған Кеңес өкіметі органдарына да сенімсіз қайраткер болды.

Халел Ғаббасовтың жоғарыда айтылған есепті баяндамасында («делегаттар жиналысының» 1917 жылғы 21 тамыздағы мәжілісінде жасалған) Көлбай Төгісовқа «барынша айлакер, батыл әрі ұстатпайтын алаяқ» («весьма ловкий, смелый и неуловимый аферист») деген баға берілген [4, 103-п.].

Қазақ зиялыларының идеялық (көзқарас) тұрғысынан қарама-қарсы екі топқа бөлінуі Қазан революциясынан кейін күшейе түсті. Бұл кезеңде Алашшыл зиялылар тарапынан ұлттық мүдде үшін большевизм режиміне қарсы азаматтық қарсы тұру қозғалысы кең етек алып, ұлт-азаттық күрестің ең биік шыңына айналды.

Халел Ғаббасов 1917 жылы саяси белсенділік көрсеткен тағы бір оқиға Семей облыстық екінші қазақ съезі болды. Бұл съезд 12 қыркүйекте басталады деп күтілді. Оған әр уезден делегаттар шақырылды. Съезде қаралатын мәселелер қатарына:

1. Құрылтай жиналысы сайлауы;
2. Земство құру ісі;
3. Жер комитеттері;
4. Милиция жасағын құру жөнінде;
5. Облыстық қазақ комитетінің есебі және тағы басқа мәселелер қарастырылады деп ұйғарылды [2, №12].

Осы съезге жер – жерден өкілдердің аз келгеніне байланысты бұл бас қосу Облыстық Қазақ Кеңесі атауымен өтілсін деп ұйғарылды. Кеңес төрағасы Р. Мәрсеков, орынбасары Ж. Ақпаев, хатшылары И. Әлімбаев пен М. Малдыбаев болды. Кеңесте Халел Ғаббасов ұсынған 7 мәселе қаралды. Олардың қатарында Қазақ комитетінің есебі, милиция мәселесі, жер комитеттерін сайлау, земство құру, азық-түлік, Құрылтай жиналысына өкілдер жіберу туралы мәселелер болды. Кеңесте қазақ комитетінің атқарған шаруалары жайлы негізгі баяндаманы Халел Ғаббасов жасады. Онда осы уақытқа дейінгі атқарылған істер сөз болды. Милиция сайлау мәселесінің негізгі мәні қазақтар қоныстанып отырған қалалық уездік елді мекендерде қазақтардың өз ішінен «халықтық милиция» аталған қарулы жасақтар құру қажет делінді. Оған қажетті қаржының басым бөлігін табу қазақ болыстарына міндеттелінеді және қазыналық қаржысы да тиісті орындардан сұралсын деген шешім жасалды. Милиционерлерге керек қару-жарақ комиссариаттан сұралсын деп ұйғарылды. Қазақ милиционерлерінің жалпы билігі облыстық қазақ комитеттерінде болсын деп шешілді. Кейін іс жүзінде қазақ милиционерлері Семей қалалық милиция ұйымымен бірлесе қызмет атқарады. Милиция мәселесіне қазақ жастары құрған «Талап» ұйымы да белсене араласады. Облыста қазақ милициясының жасақталу барысы туралы сол кезде «Сарыарқа» газеті былай деп жазады: «Милиция жасау мәселесі. Бұл Орынбордағы жалпы қазақ сиезінде қаралып, шешілетін мәселе. Өзірге тыныштықты сақтап, талаудан аман болу үшін ғана кәдімгі волосной, уезный, обласной, милиция түрінде жасала бермек. Қарқаралыда 150, Баянауылда 100, Зайсанда 400, Алаш шаһарында 160 бақылаушы дайындалып жатыр. Делегатское собрание мен обласной комиссариат жөн көріп, мылтық әперіп, үйретуші табуға ризалығын берді.

Әр уезд, әр болыс милиция жасау үшін күздігүнгі обласной кеңес бекіткен қаулыны орындауға кіріспе беруі жөн. Кісі болса жалдап, болмаса ықтиярымен кірушілерді жазып, әр ел, әр ауылнай тиісті ақшаны жинай беруі керек» [2, №23].

«Сарыарқа» газетінің кезекті санында милиция жасақтау мәселесіне қайта оралып, былай деп көрсетті: «Осы кезде Семейде 160 қазақ жігіттерінің (милицияларын) үйретуге бір офицер алынды. Обласной комиссариат мылтық бермек әр уезде осындай милиция сайлап оларға да үйретуге офицер алынбақ» [2, №24].

1917 жылы 26 қарашада Семей облыстық земствоға мүшелер сайлау мәселесі қаралып, мәжіліс қабылдаған шешімінде земство басқару бұрынғыдағы мәні «дуан басылығы, аға сұлтандық, бектік емес жұрт пайдасы мен шаруасын ілгері бастыру үшін ерінбей жүріп қызмет қылу» екендегігі баса айтылды. Қазақ комитеттері земствоның «тек қазаққа ғана емес, орыстарға да ортақ сыбаға екенін ескеріп, әрі олардың бұл істе білімдірек, шеберлірек, ынталырақ болып, қазақтың жайбасарлығын, бірден түсінбеушілігін пайдаланып кетпес үшін земствоға мүшелікке кімді, қай ұйымнан сайлауын көрсетіп», нақтылы нұсқау беріп тұрды. Мәселен, Семей облыстық қазақ комитеті облыстық земствоға мүшелікке (гласнойлыққа) ұсынуға лайықты адамдардың тізімін «Сарыарқа» газетіне жарияланды: «Қарқаралы уездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Әлихан Бөкейханов, 2. Жақып Ақпаев, 3. Иманбек

Тарабаев, 4. Әлімхан Ермеков, 5. Сатылған Сабатаев; Павлодардың уездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Мұқыш Боштаев, 2. Имам Әлімбаев, 3. Әбікей Сәтбаев; Өскемен уездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Халел Ғаббасов, 2. Арғынғазы Боштаев; Семейдің уездік земствосынан гласнойлыққа: 1. Ахметжан Қозбағаров, 2. Биахмет Сарсенов, 3. Әнуар Малдыбаев» [2, №28].

1917 жылғы 25 қазандағы (7 қараша) Ресейде жеңіске жеткен Қазан революциясы большевиктердің Орталықтары саяси билікті қолдарына алумен аяқталды.

Қазан-қараша айларындағы Ресейдегі саяси өзгерістер және олардың нәтижесінде қалыптасқан саяси хал-ахуал Алаш қозғалысы мен Алаш партиясының қайраткерлеріне жаңа міндет жүктеді. Олар қазақ елінің болашағы үшін жетекші саяси күш ретінде жауапкершілікті өз мойындарына алды.

Қазақ саяси партиясы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына 43 депутат сайлауға қатысқан. Алаш қайраткерлері іле-шала Алашорда үкіметін осы мәселелерді талқылап, шешу үшін шақырылған екінші жалпықазақ съезі 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезге қазақ облыстары мен қазақтар мекендеген басқа аймақтардан барлығы 82 адам қатынасты.

Съезд төрағалығына Б. Құлманов, оның орынбасарлығына Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, Ә. Кенесарин, О. Қарашев, хатшылығына Д. Күсенғалиев, М. Дулатов, С. Қадірбаевтар сайланған. Съезде қаралуға қойылған мәселелер қатарында Түркістан автономиясы және Оңтүстік Шығыс одағы, Қазақ, Қырғыз автономиясы, Милиция туралы, Ұлт кеңесі жөнінде, Оқу мәселесі, Ұлт қозғалысы, Мұфтия мәселесі, Халық соты, Ауылды басқару, Азық-түлік мәселесі сияқты маңызды мәселелер болды [2, №28]. Съезд ең басты мәселелер деп есептеген Қазақ-қырғыз автономиясы, милиция туралы және Ұлт кеңесі туралы мәселелерді шешу үшін бес кісіден тұратын арнаулы комиссия сайланды. Съезд осы басты мәселелер туралы баяндама жасауды Халел Ғаббасовқа тапсырды. Алаш автономиясының жариялануы мен Алашорда Ұлт кеңесінің дүниеге келуіне орай, осындай тарихи іске ұйтқы болған тұлғалардың бірі – Халел Ғаббасовтың сөзімен баяндасақ, «Автономия мәселесі аяқ астынан туып отырған жоқ. Бұл ескі жалпы қазақ-қырғыз топтарына, 9 облыс, 1 губерния қазақтардың жеке-жеке топтарында неше рет кесіліп шешілген мәселелердің бірі. Кеше Сібірге қосылмақшы болғанымызда да сол алаш ұранды қазақ баласының басын бір жерге қосып, өзімізге жеке автономия алмақ мақсат еді» [7].

Қорытындылай келе, 1917 жыл Халел Ғаббасовтың қоғамдық қызметке белсенді де батыл, білгірлікпен араласқан кезі болды. Халел Ғаббасов 1917-1918 жылдары «Сарыарқа» газетін аяғынан тік тұрғызып, басылымның бұқаралық сипат алуына еренбей еңбек сіңіреді. «Мемлекет күйі», «Алаш автономиясы» атты талдау мақалаларында сол шақтағы күрделі саясаттың барысын, ұлттық мүдде мен елдің болашағын жүйелі сараптайды.

Әдебиеттер

- 1 Кенес Нұрпейіс. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 92, 104-105, 127 бб.
- 2 Сарыарқа. Оқшау сөз. 1917. – №2, №10, №3, №12, №23, №24
- 3 Сайлаубай Ерлан. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі: канд. дисс... – 45 б.
- 4 ҚРОМА, 15-к, Т-2, 422-іс, 78-87, 103-104-п.
- 5 Воля народа №33. – 1917. – 16 июля.
- 6 ҚРОМА, 9-к, Т-1, 9-іс, 103-п
- 7 Мәмбет Қойгелдиев. Алашорда // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 18 қаңтар.

References

- 1 Kenes Nurpeiis. Alash ham Alashorda. – Almaty, 1995. – 92, 104-105, 127 bb.
- 2 Saryarqa. Oqshau soz. 1917. – №2, №10, №3, №12, №23, №24
- 3 Sailaubai Erlan. Alashorda ukimetinin shygys bolimi: kand. diss... – 45 b.
- 4 QROMA, 15-k, T-2, 422-is, 78-87, 103-104-p.
- 5 Volia naroda №33. – 1917. – 16 iulia.
- 6 QROMA, 9-k, T-1, 9-is, 103-p
- 7 Mambet Qoigeldiev. Alashorda // Egemendi Kazakstan. – 1992. – 18 qantar.

Ж.Ж. ОЖАНОВА

(1 курс магистрант 6М011400 – История КазНПУ им.Абая)

ХАЛЕЛ ГАББАСОВ – ВИДНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Резюме

В данной статье описывается общественно-политическая деятельность Халела Габбасова – одного из ярких представителей казахской интеллигенции начала XX века. Он был видным общественным политическим деятелем, членом партии «Алаш», талантливым организатором. Х.Габбасов стал жертвой политических репрессии 1930-х годов.

Ключевые слова: Алаш, Правительство Алаш, общественно-политическая, всеказахский съезд, народный совет.

ZH.ZH. OZHANOVA

(Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Master's Degree Student)

KHALEL GABBASOV – THE PROMINENT FIGURE
OF THE ALASH MOVEMENT

Summary

In this article the author adduces the social-political opinions of Khalel Gabbasov, who was one of the brightest representative of Kazakh intellectuals of the early XX century. He was a prominent public and political figure, the member of «Alash» party, and a talented organizer. Kh. Gabbasov became a victim of political repressions of 1930-s.

Keywords: Alash, the Alash government, socio-political, All-Kazakh congress, national council.

ЭКСПЕДИЦИЯЛАР ЭКСПЕДИЦИИ EXPEDITIONS

С.Е. Ажигали

(руководитель Китайской (Синьцзянской) этнографической экспедиции
Института Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, д.и.н., профессор)

Г.У. Орынбаева

(СНС, Института Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, к.и.н.)

Экспедиция этнологов в Алтайскую автономную область СУАР КНР

Одной из главных задач современной этнографической науки Казахстана является комплексное изучение истории и культуры казахов не только внутри республики, но и за ее пределами, в дальнем и ближнем зарубежье. Интеграция в мировую экономику, глобализационные процессы выдвигают на передний план важную проблему сохранения казахов как этноса с его уникальной историей и самобытной культурой.

Отдел этнологии Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в настоящее время занимается исследованием темы «Культура казахских диаспор Китая и Монголии на современном этапе». Тему казахов Монголии отдел разрабатывает достаточно давно, накоплен богатый материал, находящийся сейчас на стадии конечной обработки. Изучение же традиционной культуры казахов Китая и происходящих в ней изменений началось сравнительно недавно (последние 2–3 года). Этнологами осуществлены три экспедиции, которые показали важность изучения материальной и духовной культуры казахов, проживающих в этой соседней стране и представляющих собой наиболее крупную нашу диаспору – около 1,4 млн. человек. В ходе исследования выявляются самобытные народные традиции, в основном утраченные в Казахстане в советский период, а также и инновации в жизни этой большой этнической группы под влиянием современных процессов, в особенности «китайских реформ». В настоящей статье хотелось бы кратко информировать читателя о последней экспедиции в Алтайский автономный округ СУАР, которая состоялась в августе прошлого, 2012-го, года.

Экспедиция начала свою работу 3 августа 2012 г., в этот день ее участники выехали в г. Урумчи – административный центр Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР. Всего в работе экспедиции принимали участие 10 специалистов: этнологов, этноархеологов, историков. Начало ее работы было приурочено к Международной научно-практической конференции под названием «Степной Шелковый путь и перспективы международного экономического сотрудничества в Транс-Алтайском регионе». Конференция начала свою работу 5 августа в Урумчи и для членов экспедиции завершилась 9 августа в г. Алтай – центральном городе Алтайской автономной области, большинство населения которой казахи. На форуме были заслушаны доклады по комплексным направлениям «Степной Шелковый путь и цивилизация Центральной Азии» и «Перспективы Транс-Алтайского международного экономического сотрудничества». Конференция была проведена на высоком организационном уровне, с размахом; кроме рабочих дней заседаний в программе было немало познавательно-туристических и др. мероприятий в виде экскурсий по музеям, выездных маршрутов, концертов. Гостеприимство и четкость работы организаторов оставили массу положительных впечатлений и теплых воспоминаний.

По завершении форума, возвращении основных его участников в Урумчи, члены этнографической экспедиции остались в районе Каба Алтайского автономного округа, в его центре: городок Акши. Следует пояснить, что на территории СУАР казахи проживают в северной части региона – главным образом в особой Или-Казахской автономной области (ИКАО), состоящей из трёх округов/аймаков: Или, Тарбагатай и Алтай. Центром области и Илийского аймака является г. Кульджа (Инин), а двух

других аймаков: гг. Чугучак (Шәушек) и Алтай (Сарсумбе). Кроме того, казахи расселяются и в других округах, уездах Синьцзяна, отчасти за его пределами. Предварительные полевые изыскания на этих территориях проводились в предшествующие годы.

Работы же комплексной этнографической экспедиции 2012-го года были сосредоточены в Алтайском округе, проходили до конца августа. В целом, в ходе экспедиции был пройден значительный маршрут, более 2 тыс. км. Были обследованы следующие районы, населенные преимущественно казахами: Каба, Буыршын, Коктогай, Бурылтогай, Шынгыль и сам город Алтай. Изучена традиционная и современная культура населения данного аймака, целый ряд историко-культурных памятников.

Значительная часть населения аймака Алтай ведёт в целом традиционное скотоводческое хозяйство в его полукочевых и полуседлых формах, с разведением основных видов скота: овец, лошадей, верблюдов, коров и яков. Соблюдаются выработанные веками принципы выпаса и содержания домашних животных, методы народной ветеринарии; сохраняет актуальность система традиционного поселения и жилища в форме стационарных зимников–кыстау и юрт. На Алтае, как и во всех животноводческих районах Синьцзяна, традиционные промыслы и ремесла казахов в основном сохранены и играют в экономической жизни местного населения немаловажную роль. При этом в последние годы наблюдается выраженная актуализация народной духовной, нематериальной культуры, которая не связана с жизнеобеспечивающими функциями. Это находит выражение в самобытных обычаях и обрядах, колоритном музыкальном, певческом творчестве, танцевальном искусстве, богатом фольклоре, а также и религиозной жизни населения. Ценными источниками для членов экспедиции стали этнографические коллекции музеев Алтайского региона: Областной музей и Казахский выставочный центр в г. Алтай, а также районные музеи городков Акши, Буыршын и др., содержащие уникальные исторические и этнографические экспонаты.

Большой интерес у участников экспедиции вызвала современная хозяйственная деятельность казахов Китая. Как уже было отмечено, еще до недавнего времени у казахов китайского Алтая активно функционировало кочевое и полукочевое скотоводство, но которое в настоящий момент претерпевает существенные изменения, хотя многие традиционные элементы былого скотоводческого хозяйства сохраняются. Например, транспортировка грузов при перекочевках совершается как грузовым транспортом, так и на верблюдах. Правительство КНР в настоящее время проводит активную политику седентаризации казахов – полукочевых скотоводов, при этом предусмотрены различные льготы и выплаты-компенсации в связи с переходом их на оседлость. В соответствии с долгосрочными, стратегическими планами экономического и социального развития как СУАР в целом, так и китайского Алтая, в частности, в последнем, наряду с заметными хозяйственно-инфраструктурными изменениями, ведется интенсивная работа по обустройству района в зону туризма, по формированию здесь туристического кластера, причем в ближайшей перспективе. Безусловно, этому способствует уникальная природа этой части Алтая, где, например, находится замечательное озеро Канас и многие другие достопримечательности. Уже сегодня тысячи туристов из Внутреннего Китая совершают туристическое паломничество на Алтай.

Следует отметить, что туристический бизнес развивается и в других районах расселения казахов – таковым является большое ущелье Богда, к югу от г. Фукана, в 80 км к востоку от Урумчи, где в верховьях расположено живописное озеро Богдаколь. К нему ведет прекрасно обустроенная дорога на протяжении 20 км, выглядящая не хуже, если не лучше, нежели наша знаменитая трасса на Медеу. Местность издавна обживалась казахскими скотоводами, многие из которых ныне осели и вовлечены в сферу обслуживания многочисленных туристов. На берегу этого большого озера, где сейчас ходят теплоходы, образовался целый юрточный городок, где поселяются гости: китайцы, иностранцы. Обслуживание осуществляется, в целом, на хорошем уровне; единственный грустный момент – постепенно сужается сфера бытования традиционной казахской культуры, и отдельные группы скотоводов-казахов вынуждены кочевать высоко в горах.

Но, думается, в современную эпоху этот процесс отмирания старотрадиционной культуры является, в принципе, неизбежным. Отрадным является то, что само казахское население Синьцзяна стремится сохранять этнографические основы культуры – в особенности в области духовной, а также и в доступных формах материальной сферы. В целом же этническая культура диаспоры в Китае находится, можно сказать, на стадии профессионализации народного творчества, достаточно активного использования, сценической и другой презентации, играет весьма важную роль в плане самоидентификации и сохранения крупной этнической группы. В определенной степени происходит и музеефикация традиционной культуры. В самом Алтайском регионе Синьцзяна много музеев, куда


силами энтузиастов из местных казахов отбираются лучшие образцы казахской материальной культуры. Показательно, что в вышеупомянутом ущелье Богда, в местности Сэнтун создан большой Центр казахской культуры «Хан сарайы» с музеем, в котором имеется весьма репрезентативная этнографическая экспозиция; само здание музея решено в стиле народного зодчества казахов Восточного Туркестана. Интересно, что данный культурный центр создан по инициативе одного китайского бизнесмена при участии местных казахских этнографов.

Однако, возвращаясь к активно развивающемуся туризму в Китае, в который вовлечены и наши соотечественники, невольно возникает вопрос: почему бы и у нас в Казахстане, в не менее живописной части Алтая, не создать туристические районы с соответствующей инфраструктурой?

Не может не вызвать интерес приспособляемость современных казахов Китая к нынешним бурно развивающимся в этой стране рыночным отношениям. Продукция казахских ремесленников и мастеров пользуется неизменным спросом у местных казахов. Это, например, домашний текстиль, украшенный казахским орнаментом посредством вышивки и аппликации, одежда в национальном стиле для торжественных мероприятий, национальные музыкальные инструменты, деревянная посуда, хозяйственные изделия из железа и многое другое. Казахи китайского Алтая также занимаются различными видами промыслов, издревле здесь ведется золотодобыча. Своеобразным, малознакомым для нас промыслом, является, например, добыча и обработка камней, как полудрагоценных, поделочных, так и обычных, но оригинальной формы и т.д. Эти камни пользуются большим спросом у всего населения Алтая, их носят как украшения, а также их можно встретить во внутреннем убранстве домов. По всей видимости, это один из примеров аккультурации, влияния китайской культуры на культуру местных казахов.

В ходе экспедиции проводилось комплексное исследование современных поселений, форм жилищ; а также особенностей мемориально-культурного зодчества казахов Алтая, в том числе мечетей, надмогильных сооружений. Хотелось бы отметить, что силами местных казахов предпринимается восстановление памятников казахским деятелям XVIII – начала XX вв., разрушенных в годы «культурной революции». Интерес вызвали современные мемориальные комплексы, посвященные деятелям народно-освободительного движения казахов на Алтае губернатору Шарипхану Когедайулы, генералу Далелхану Сугирбайулы, а также монгольский исторический комплекс «Седло Чингисхана».

Необходимо отметить, что экспедиция была организована и проведена при поддержке руководства академического Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (директор проф. Х. Абжанов) и содействии коллег из Института истории и этнологии при Синьцзянском педагогическом университете (Normal University, директор д-р Дильмурат Омарулы). Посильную помощь оказывали также представители местных учреждений культуры, информаторы – соотечественники. Выявление, исследование и ввод в научный оборот полученных материалов по культуре казахской диаспоры в Китае будет способствовать сохранению, изучению и популяризации этнокультурного наследия казахского народа.



Маршрут Китайской (Синьцзянской) комплексной этнографической экспедиции 2012 г.



Перекочевка с летних пастбищ (жайляу) на раннеосенние (кузее). Горные окрестности гор. Алтай.



Общий вид усадеб осевших казахов в окрестностях пгт Шынгыль. Традиционная юртообразная хозяйственная постройка "тошала-уй". Аул Арал в окрестностях Шынгыля.



Казахское кладбище Аяккы кобы зираты в окрестностях Шынгыля. Некрополи обычно состоят из упорядоченных большесемейных оград "корган".



Стенд с казахскими национальными инструментами. Музей в Центре казахской культуры в Сэнту.



Памятник генералу Далелхану в мемориальном комплексе (кладбище) в г. Алтай.



Памятник домбристу, играющему большим пальцем ноги (башпай), Шынгьль. В Казахстане таким виртуозом, в частности, был Мухит Меральгулы.

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИИ CRITIQUE AND BIBLIOGRAPHIES

Б.М. Назарбекова

(I. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университетінің магистрі)

Ұлы дала өркениеті туралы

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін тарихи санада көрініс тапқан дағдарыс ең алдымен әдістеме мәселесімен тығыз байланысты болды.

Қоғамдық дамудың мәні мен бағыты туралы тұжырымдар мен ұстанымдардың әр түрлігі, ондағы жекелеген халықтардың және өркениеттердің орны туралы, сонымен қатар қоғам және адам феноменінің өзіндік бір қиындықтарын танымдық тұрғыдан қарастыру іргелі тарихи білімді қалыптастыруды қажет етеді.

Тарих ғылымы формациялық әдіс-тәсілден қазіргі кезде өркениеттілік әдіс-тәсілге көше отырып, теориялық - методологиялық зерттеулердің мүмкіндігін кеңейте түсті.

Соған қарамастан, философиялық тарихи ойдың мұраларына жүгінбестен, білім теориясы саласындағы зерттеулерде нәтижелерге жетуге және де ғылыми - зерттеулер жүргізуге қажетті теориялық-методологиялық танымды қалыптастыру мүмкін емес.

Ал, тәуелсіз мемлекет ретінде өз экономикасын, қаржы жүйесін, ғылымы мен білімін, мәдениетін қайта құрудың қиындықтарын бастан өткерген Қазақстан қазіргі кезде өркениетті елдердің төрінен орын алуға қарышты қадамдар жасауда.

Міне бұл, ғылым саласын да өзгерістерге ұшыратып, әлемдік ғылыми ортада өзіндік айтар ойы бар қазақ ғалымдары зерттеулерінің жарық көруіне жол ашты.

Жоғарыда айтылғандай, ғылыми зерттеулердің құндылығы мен нәтижелері ең алдымен оның ұстанған бағыттарының дұрыстығына тікелей тәуелді, олай болса оның теориялық-методологиялық негізделуіне мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу еңбектеріне деген қажеттілік туындайды.

Сонымен қатар, ол еңбектер өз елінің тарихи дәстүрін, рухани мәдениеті мен халқының менталитетін, психотипін және тарихи жадының ерекше құндылықтарын танымдық сүзбеден өткізген қазақ ғалымының қаламынан туындаса бұл еліміздегі ғылым деңгейінің өсе түскенінің нақты көрінісі болып табылады.

Сондай бір теориялық-методологиялық еңбектердің бірі Оразбаева Алтайы Иранбекқызының «Еуразия даласы көшпелілерінің өркениеті» атты монографиялық зерттеуі.

Бұл ғылыми – зерттеу еңбегінің ерекшелігі батыстық ұғымдағы «көшпелілер өркениетіне» деген теріс көзқарастардың тамыры терең талдауға алынып, негізгі тұжырымдарындағы қисынсыз түйіндерге жасаған шын пікірлерінің дәлелді шыққандығы. Сонымен қатар еуразия даласы көшпелілерінің өркениетін теориялық-методологиялық тұрғыдан негіздеп бергендігі.

Енді зерттеудің негізгі мазмұнына көшетін болсақ, монография авторы «өркениет» ұғымының дәстүрлі батыстық таңбаланыуынан өзгеше өз ойын жеткілікті түрде жеткізе білген. Суперэтникалық жүйелер мен империялар тектес құрылымдардың арасындағы өтпелі кеңістіктегі, яғни өркениеттер аралығында «қалып қойған халық» ретінде бағаланған көшпелілер деген жаңсақ пікірдің негізсіздігін алға тарта отырып, оған қатысты нақты тұжырымдар жасаған.

Дәл осы жерде өркениеттілік теориясы формациялықты толықтыра отырып, көшпелі қоғамның мемлекеттік құрылымы тетіктерінің өзіне тән ерекшеліктерін ашуға септігін тигізеді, өйткені кез келген өркениеттің шеңберінде белгілі бір мәдениет, яғни этникалық тіршіліктің тарихи тәжірибесін жаңғыртуға бағытталуы қалыптасады.

Ал, еуразиялық далалық өлкедегі көшпенділер өркениетінің пайда болуы мен қалыптасуы үшін аса маңызды нәрсе, ол көшпелілер мәдениетінің астарында табиғилықтың болуы. Яғни, автордың тұжырымдауына, табиғатты технологиялық тұрғыдан бағындыруға ұмтылатын батыспен салыстырғанда көшпелілер табиғатпен жақындасып, оған бейімделе білді. Сондықтан да олар экожүйенің

бұзылмауына зор мән берді десек те болады. Міне осы себептен, экономикалық ментальдығындағы өзгешеліктеріне орай көшпелілер мен егіншілер мәдениеті арасындағы алғашқы алшақтықтар көрініс табады.

Өркениеттілік теориясының негізін қалаушылар арасында кең тараған көшпелі қоғамды «тарихы жоқ қоғам» деп сипаттауларына қарамастан монография авторы егіншілік өркениетімен салыстырғандағы көшпеліліктің белгілі бір артықшылықтары болғандығына тоқталған (II тарау, 130-131 бб). Егіншілердің дайын өнімді бірден пайдалана алатындығымен салыстырғанда көшпелілер мал өнімдерін тура кәсіпорындағы секілді өңдеп, шикізаттан өңделген өнімге дейін жеткізу үшін біраз тер төгеді, және де, ол ақыл-ойдың жемісі мен қажыр-қайраттың жұмсалуды қажет етеді. Олай болса, егіншіге қарағанда малшы анағұрлым өнертапқыш. Сондықтан да көшпелілік экономикалық жағынан тиімді.

Монографияның үшінші тарауында қазіргі кезде өзекті болып табылатын «Еуразиялық» тұжырымына және оның әлемдік өркениеттер үрдісіндегі орнына жан-жақты талдау жасаған.

Әлемдік өркениеттер теориясы бойынша оның сыныпталуы әр түрлі: шығу жағдайына, өркениеттер жүйесіндегі географиялық орнына, өмірлік шегінің деңгейіне, формациялық сатысына, уақыттық мөлшеріне, діни, тілдік жатысына, құрлықтық-кеңістік сипатына, экономикалық-технологиялық тұжырымына қарай. Кейінгі кезеңде әлемнің сан-қырлығы туралы тұжырымына орай өркениет: классикалық және классикалық емес, яғни шекаралық деп бөлініп жүр.

Автордың айтуынша еуразиялық өркениет соңғы «шекаралық» деп жүргенге жатады, және өзіндік жаңашылдығы мен айырмашылықтары да бар.

Автордың «Дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының өркениеттің өлшеміннің методологиялық маңызы» деген бөліміндегі жүргізген зерттеуі өзіне ерекше көңіл аудартады.

Бұл жерде алға қойылған басты мақсат-жалпы алғанда, тұтастай көшпелі қоғамның өркениеттілік сипаттамасын айқындау ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қазақ қоғамының негізін құраушыны, өзіндік өркениет түрінде көрініс табатындығын атап көрсету.

Монографияда көрсетілген өркениеттер түрлерінің сипаттамасы шығыс және батыс қоғамындағы әлеуметтік шығу тегі түрлілігімен сәйкес келеді. Қазіргі кездегі барлық өркениеттер сыртқы өлшемдеріне орай: «материалдық-техникалық» болса, ішкі белгілеріне орай: «әлеуметтік-мәдени организм» болып табылады.

Сонымен, көшпелілер кеңістікті бөліске салып, шектемейді, қайта сол кеңістікте тарала орнала-сады, және олардың жолы жазықтықта шектелмейді, қайта «жоғары» және «ішкері» тарамдалады.

Еуропалық өркениеттанушылардың «көшпелілер өркениеті» туралы тұжырымдарына талдау жасай келе автор өзіндік қорытындысын жасаған: «Міне сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша дұрысы, дәстүрлі қазақ қоғамын жеке автономдық өркениет ретінде қарастырғаннан көрі, әлеуметтік-мәдени ұйымдасуы деңгейіндегі өркениеттік ерекшелігін анықтағанымыз жөн болар еді, өйткені ол басынан бастап-ақ көшпелі өркениетте сіңірілген дәстүрдің, стильдің, кодтың, бағдарламаның, ментальдық пен өзіндік бағыттың белгілеріне ие».

Сонымен, автор өзінің «Еуразия даласы көшпелілерінің өркениеті» деп аталатын монографиялық еңбегінде тарих философиясына жүгіне отырып, аса құнды тұжырымдарын төмендегідей қортындылаған:

- Өркениет-біздің көзқарасымыз бойынша, ең алдымен, белгілі бір дәстүрлі мәдениеттер қойнауында пайда болатын, тегі жақын азаматтар қауымдасуының бір ортаға ынтымақтасуы арқылы қалыптасатын, ірі әлеуметтік-мәдени қоғамның қандай да бір түрінің көрінісі болып табылады. Олай болса, дәстүрлі қазақ қоғамындағы өркениеттіліктің ерекшелігін, автономдық өркениет сапасында қарастырғаннан көрі, әлеуметтік-мәдени ұйым деңгейіндегі қоғам ретінде қарастырған жөн болар еді. Өйткені, ол басынан бастап-ақ көшпелілер өркениетіне тән қасиеттердің бәріне ие.

- Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өркениеттің сипаттамасын жасау үшін, «шекара» дегенде нақты шекаралық сызықты емес, оның көрші өркениеттермен іргелес шектерін айтамыз: солтүстігінде - православ-орыстармен, оңтүстігінде - Орталық Азия (отырықшы-егіншілер мәдениетімен), Шығыста - конфуциялық-қытаймен және батысында - шығыс- еуропалықтармен.

- Еуразиялық өркениеттілік аймағының өзіндік бір ерекшелігі, оның өркениеттілігінің түрленген құрылымының әр түрлі спаттылығы мен осы құрлықты мекендеушілердің рухани дүниесінің сан қырлылығында, және оның қалыптасуы мен дамуында негізгі анықтаушы фактор ретінде: оның, симбиоздылық, төзімділік, сәйкестілік, шаруышылық-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани-діни

әрекеттерінің көшпелілер мен егіншілер өкілдері арасында өз ара реттеліске түсіп, әр түрлі антропогеожүйесінің өзіндік бір ішкі тетігін құрады.

- Әлеуметтік ішкі жүйе еуразиялық далалық көшпелілер өркениеті мен дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік ынтымақтастығы арасында үздіксіз тарихи сабақтастық үрдісі арқылы қарастыру барысында этникалық бірліктер мен осы әлеуметтік құрылым өкілдерінің негізгі тіршілік түрлерінің күрделі қауымдасуы нәтижесінде пайда болған, екеуіне ортақ, тиесілі әлеуметтік құрылымның қалыптасу заңдылығы да айқындалған.

Қорыта келе айтар болсақ, монографиялық еңбек өз дәрежесінде ғылыми негізделген, алдына қойылған мақсаттары оның құрылымдық мазмұны арқылы анықталып, әр тарауы, бөлімдері нақты тұжырымдар жасау арқылы міндеттердің үрдісінен шыға алған.

Баяндау тілі жатық, ұғынықты, алынған қорытындылары танымдық қабылдауды байыта түскен. Қоғамдық пәндер: тарих философиясы, мәдениеттану, саясаттану және өркениеттану салалары бойынша ізденушілердің, докторанттардың және ғылыми зерттеу жүргізушілердің теориялық және методологиялық ұстанымына үлгі болатын оқу құралы ретінде қарастыруға болады.

Сондықтан да, осындай ауыр саладағы ғылыми ізденісінің нәтижесін көпшілік назарына ұсынып отырған Оразбаева Алтайы Иранбекқызының «Еуразия даласы көшпелілерінің өркениеті» атты монографиясының сәтті шыққан еңбек ретінде бағалай отырып, авторға болашақта да осындай іргелі шығармаларды жарыққа шығара беруіне өз тілегімізді жеткіземіз.

Ғалымды еске алу Памяти ученого In memory of the Scientist

МАЙДАН АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ АҚЫНЖАНОВ



Бүкіл өмірін жоғары білім мен ғылымға арнаған белгілі тарихшы-ғалым, ұстаз-педагог, әдіскер, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, тарих ғылымының кандидаты, профессор Майдан Алдабергенұлы Ақынжанов ұзаққа созылған сырқаттан кейін 72 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Майдан Алдабергенұлы Ақынжанов 1942 жылы 15 сәуірде Алматы қаласында өмірге келген. 1959 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, 1964 жылы университетті бітіргеннен кейін Гурьев педагогикалық институтына (қазіргі Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті) оқытушылық қызметке жіберіледі. 1967-1973 жылдары Алматыға қайтып оралып, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының (қазіргі Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің) саяси экономия кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып еңбек етеді, институт қабырғасында жүріп, ғылыми-зерттеу жұмысымен қоса айналысады. 1973 жылы Қазақстан Ғылым академиясының сол кездегі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының арнайы мамандандырылған кеңесінде тарих ғылымының докторы, профессор Т. Балақаевтың ғылыми жетекшілігімен «Батыс Қазақстанның колхозшы

еңбеккерлерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945) еңбек ерлігі» деген тақырыпта тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды.

1973 жылы Алматы мемлекеттік шет тілдері педагогика институты жұмысқа шақырып, сол кездегі Кеңес Одағы Коммунистік партиясының тарихы кафедрасына аға оқытушы қызметіне қабылдайды. Бұдан кейін және 2010 жылға дейін отыз жылдан астам уақыт бойы осы оқу орнында – қазіргі Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде доцент, профессор болып, Қазақстан тарихынан дәрістер оқиды, әр жылдары университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры, кешкі оқу бөлімінің деканы қызметтерін атқарады.

1992 жылы университетте Қазақстан тарихы кафедрасы ашылып, бір жылдан кейін оған меңгеруші болып Майдан Алдабергенұлы тағайындалады. Ол осы қызметті 2010 жылдың маусымына дейін жемісті атқарып, университетте Қазақстан тарихын оқыту ісін дұрыс жолға қояды, өзі басқарған Қазақстан тарихы және мәдениеттану кафедрасының оқу орнындағы жетекші ұжымдардың бірі ретінде танылуына көп үлес қосады. 2010 жылдың қыркүйегінен өмірінің соңына дейін Алматы азаматтық авиация академиясында Қазақстан тарихынан сабақ береді.

М.А. Ақынжанов – Қазақстан тарихына байланысты бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының, әдістемелер мен оқу бағдарламаларының, жүзге жуық ғылыми мақалалар авторы. Бұл ретте оның қаламынан туған орыс тіліндегі «Қазақстан тарихы». Лекциялар курсы, I-ші бөлім (1995) және осы оқулықтың II-ші бөлімі (1996), «Қазақ этнотарихи глоссарийі» (1996), «Қазақстан тарихы бойынша жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған құрал», «Қазақстан мәдениетінің тарихы» лекциялар курсы (1996), бірігіп жазған «Қазақстан тарихы. Сырттай оқу бөлімінің студенттеріне арналған материалдар» (1995), «Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу әдістемелік құрал» (1995) және т.б. жұмыстары университеттің оқу үрдісінде студенттер үшін көмекші оқулықтар ретінде кеңінен пайдаланылды. Ғалым-педагог жас ұрпаққа ұзақ жылдар бойы сапалы білім, саналы тәрбие берудегі қажырлы еңбегі үшін 1998 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», 2001 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» кеуде белгілерімен және «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Еліміздің жоғары білімі мен ғылымындағы үлкен ұлағатты жолымен, жеке азаматтық даралығымен, қарапайым адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленген ұстаз, ғалым Майдан Алдабергенұлы Ақынжановтың жарқын бейнесі жүрегімізде әрдайым сақталады.

*Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымы,
«Отан тарихы» журналының редакция алқасы*



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93 үй.
Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90. E-mail: rrik-daur81@mail.ru,
rrik-daur2@mail.ru

Басуға 27.06.2013 ж. қол қойылды. Қаріп түрі «Ариал»
Шартты баспа табағы 11,3. Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
Пішімі 70x88¹/₈. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 2.